

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

Ж.Б.Мукалдиева, М.А.Максұтова

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЭКОЛОГИЯ ҚҰҚЫҒЫ**
Оқу құралы

**«Қыздар университеті» баспасы
Алматы, 2013**

УДК 349.6(075.8)
ББК 67.407я73
М 78

Баспаға Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Редакциялық баспа кеңесі мақұлдап ұсынған

Пікір жазғандар:

С.Р.Ермухаметова – заң ғылымдарының кандидаты, доцент;

Н.С.Ибраев – заң ғылымдарының кандидаты, доцент

Ж.Б.Мукалдиева, М.А.Максұтова

Қазақстан Республикасының экология құқығы: оқу құралы.

– Алматы: «Қыздар университеті» баспасы. 2013.- 130 б.

ISBN 978-601-224-484-7

Аталған оқу құралы Қазақстан Республикасы айналадағы қоршаған ортаны қорғау, жер, жер қойнауы, су, орман өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, атмосфералық ауаны қорғау туралы заңдар негізінде мемлекеттік стандарттар бағдарламасына сәйкес жазылған. Кітапта табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың табиғи ортаның адам өмірі мен денсаулығына қолайлы болуы, табиғатты қорғаудың құқықтық мәселелері қамтылады. Оқу құралы заң факультетінің, басқа да жоғары оқу орындарының шәкірттері мен оқытушыларына, магистранттарға және көпшілік оқырман қауымға арналған.

УДК 349.6(075.8)

ББК 67.407я73

ISBN 978-601-224-484-7

© Ж.Б.Мукалдиева, М.А.Максұтова, 2013

© «Қыздар университеті» баспасы., 2013

КІРІСПЕ

Қоршаған ортаны танып-білуге деген құштарлық сонау адамзат баласының даму кезінен-ақ басталды деуге болады. Алғашқы қауымдастық қоғамының өзінде-ақ адамдар өздерімен бірге қатар өмір сүріп келе жатқан кейбір аңдардың қарсылығына тап келгені белгілі. Оларды адамдар жеке-жеке емес, бірлесіп, қауымдасып күрескенде ғана жеңе алатындығына, сөйтіп өздеріне азық етуіне болатындығына көздері жетті. Осылай қай анды қай кезде, қандай жерде, қандай қару қолданғанда қолдарына түсіре алатындығын сезіне бастады. Олардың бұл әрекеттерін біз бүгінде тас бетіне түсірген суреттерінен және археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу барысында тастан, ағаштан т.б. жасаған қаруларын табу арқылы көзімізді жеткізіп отырмыз. Сондай-ақ, мұндай деректер ежелгі египет, үнді, тибет, тағы басқа да, мәдениет ескерткіштерінде сақталғаны мәлім. Экологияның элементтері сонымен қатар көнеден келе жатқан халықтардың эпикалық шығармаларында да, кездеседі. Мәселен, үнділердің "Махабхарата" жырында (б. д. д. VI - II ғғ.) табиғаттың дүлей күштері - су тасқыны мен жер сілкінісі туралы деректер келтіріледі, 50-ден астам жан-жануарлардың аттары аталып, олардың өмір сүру белгілері сипатталады, тіпті қайсыбірінің санының артуы және кемуі туралы мәліметтер де беріледі. Вавилонның қолжазбалық кітаптарында жерді өңдеудің әртүрлі әдістері мен тәсілдері көрсетілген. Қазіргі кезде көптеген зерттеушілер экология - ол тірі организмдер мен қоршаған ортаның қатыстылығын оқып-үйрететін немесе тірі организмдердің ортадағы өмір сүру шарттарының жағдайын, бір-бірімен өзара қарым-қатынастық байланысын зерттейтін ғылым деп санайды. Алайда, экологиялық құқық – қоршаған табиғи ортаның сапасын жақсарту, қорғау, сауықтыру, экологиялық зиянды салдардың алдын алу мақсатында қоғам мен табиғаттың өзара әсері жүйесіндегі қоғамдық (экологиялық) қатынастарды реттейтін экологиялық-құқықтық нормалар жиынтығы болып табылатыны бәрімізге белгілі. "Экология" гректің *oikos* - үй (тұрақ, тұрғылықты жер, баспана) және *logos* - ғылым деген сөздерінің қосындысынан құралған. Бұл сөздердің дәлме-дәл мағынасы экология - "өз үйіндегі" организмдер туралы ғылым дегенді білдіреді,

яғни "организмдер мен қоршаған орта арасындағы жиынтықты" немесе олардың бір-бірімен байланысының сипаттамасына ерекше назар аударатын ғылым екендігін көрсетеді. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы қоғам мен қоршаған ортаның өзара қарым-қатынасымен байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін жаңа қалыптасқан құқық саласы болып табылады. Сондықтан да, өзге де елдер сияқты Қазақстанда да, қоршаған орта мен табиғи ресурстарды қорғау заңнамада негізделген. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын құрайтын экологиялық құқықтық көздері төмендегідей құқықтық құжаттар болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы, заңдары мен кодекстері, жарлықтар, нормативтік актілері және т.б. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Конституциясында қоршаған ортаны қорғаудың негіздері бекітілген. Конституцияға сәйкес еліміздің азаматтары табиғатты қорғау заңнамасының талаптарын сақтауға, қоршаған ортаны қорғауға қатысуға міндетті. ҚР Конституциясы азаматтардың жерге және т.б. табиғи ресурстарды пайдалану құқықтарын жариялайды, азаматтардың табиғатқа, оның байлықтарын қорғауға қатысты міндеттерін белгілейді. Қоршаған табиғи ортаны қорғау саласындағы барлық заңдар табиғи ресурстың құқықтық негізін құрайды. Олардың құрамына «Атмосфералық ауаны қорғау туралы», «Тұрғындардың радиациялық қауіпсіздігі туралы», «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы», «Жануарлар әлемін қорғау, өсіру және пайдалану туралы» және т.б. заң актілері енеді. 1997 жылғы 15 шілдеде қабылданған №160-1 «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңдары экологиялық құқықты заңнама жүйесі негізінде басқаруды жүзеге асырады. Табиғи ортаны қорғаудың мәселелерінде басқада заңдардың нормалары Қазақстанның Конституциясына және аталған заңдарға қайшы келмеуі тиіс. Қоршаған орта мен табиғи ресурстарды қорғаудың заңнамалық базасын қысқаша түсіндіру мақсатында, экологиялық құқықтың, оның түрлері мен функциялары туралы сұрақтың мәнін ашу осы кітапта нақты көрсетіледі. Сол сияқты экологиялық заңдар экология құқығының мақсаттары мен міндеттерін белгілеумен бірге, адамның денсаулығы мен өміріне экологиялық қолайлы жағдайлар жасауға, табиғатты жаңартумен оны

тиімді пайдалануға, қорғауға, жауапкершілікті нығайтуға және заңдылықты орындауға қызмет етуде, адамның өмірлік статусын оның биологиялық және материалдық ахуалын тұрмыс халін қамтамасыз етуге бағытталғандығы нақты баяндалады.

ЖАЛПЫ БӨЛІМ

1-тарқырып. Экологиялық құқығының мазмұны, тақырыбы, әдістемесі, жүйесі, қағидаттары, міндеттері мен мақсаттары

- 1. Экологиялық құқығының мазмұны және тақырыбы.*
- 2. Экологиялық құқығының әдістері.*
- 3. Экологиялық құқығының жүйесі.*

Экология құқығы - құқықтың саласы ретінде қазіргі және болашақ үшін қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен байланысты қоғам мен табиғаттың (экологиялық) қатынастарды реттеуге бағытталған нормалардың жиынтығы болып табылады. Мемлекеттің экологиялық құқығы деген атқа ие болған жаңа құқықтық бірліктің құрылуына алып келеді. Құқық саласының құрылу процесі объективті түрде негізделінеді, яғни табиғаттың қорғау немесе қоршаған ортаны қорғау туралы басты реттеуші заңдардың болуы және болмауына байланысты емес. Ондай заңның пайда болуы берілген бірлестіктің ішкі даму процестерінің нәтижесі болып табылады, егер оның өмір сүруі халықтың түбегейлі қажеттіліктерінен туындайтын болса, кез келген жүйе – біріккен, жүйе құрайтын факторларды ретке келтіруші көптеген элементтерден тұрады. Экология құқығының өзіндік пәні (реттейтін қоғамдық қатынастарды) әдістері, қағидалары мен жүйесі бар. Экология құқығының пәні ретінде құқықтың нормаларымен реттелетін қоғам мен табиғат арасындағы қарым - қатынастар, мысалы: қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану сияқты. Экология тірі ағзалардың бір-бірімен және қоршаған ортамен қарым-қатынасын зерттейтін биология ғылымының саласы. «Экология» (гр. oikos – үй, тұрақ, мекен; logos — ғылым) деген терминін ғылымға алғаш 1866 жылы неміс ғалымы Эрнест Геккель енгізді. Экологиялық зерттеу объектісіне биологиялық макрожүйелер (популяция, биоценоз, экожүйе) және олардың кеңістіктегі динамикалық өзгерістері жатады. Экология ғылымының мақсаты – биосфера шегінде әлемдік жағдайларды бақылай отырып, ондағы тіршіліктің тұрақтылығын сақтау, адам, қоғам, биосфера арасындағы қарым-қатынастарды үйлестіре отырып, табиғат ре-

сурстарын тиімді пайдалануды нооэкологиялық тұрғыдан негіздеу болып табылады.

Экология ғылымының негізгі міндеті - популяция, биоценоз және экожүйені динамикалық зерттеу, экологиялық үрдістердің заңдылықтарын ашу жағдайындағы ғаламшар проблемаларын зерттеу болып табылады.

Экология құқығының әдістері— қоғам мен табиғат арасындағы үйлесімді байланысқа жетуге бағытталады, бұлар табиғатқа да, қоғамға да қатысты заңдылықтардың құқықтық, реттелуінің сақталуына негізделеді. Экология құқығы саласы үш негізде оқытылады: пән ретінде, сала ретінде, ғылым ретінде. Экология құқығы сала ретінде экологиялық құқықты сала, пән ретіндегі танудың ғылыми ілімдерінің жүйесін құрайды. Экологиялық құқықты — құқық саласы ретінде тану үшін біз белгілі бір заңдарға жүгінеміз, оның нормаларына түсінік береміз. Экологиялық құқықты оқу пәні ретінде біз, теориялық және тәжірибелік сұрақтарын қамтитын оқыту әдістемесіне және де құқық нормалары мен олардың тәжірибе жүзінде жүзеге асыру қажеттілігін білуге мән береміз. Экология құқығының әдістері деп, экологиялық құқықтың қатынастарды реттеуде қолданылатын тәсілдер жиынтығы, олар қоғам мен табиғат арасындағы үйлесімді байланысқа жетуге бағытталған, экологиялық заңдылықтардың құқықтық реттелуінің сақталуына негізделген. Экология құқығында императивтік және дипозитивтік әдістер қолданады. Императивтік әдістер бір тараптың екінші тарапқа басымдылығын білдіреді. Мемлекет табиғат байлықтардың меншік иесі ретінде табиғат пайдаланушыларға өз билігін көрсете алады, мысалы: қоршаған ортаны ластағаны үшін жауапкершілікке тарту, табиғи ресурстарды пайдалануға беру немесе оларды мемлекеттік мұқтаждары үшін қайтарып алу сияқты кезеңдер. Ал дипозитивтік әдістер тараптардың теңдігін білдіреді, бұл әдіс экология саласында шарттық қатынастарды жүзеге асыру кезінде қолданылады. Сондай-ақ, экология құқығының ішкі табиғатын білдіретін өзіне тән қағидалары бар. Олар ҚР ”Қоршаған ортаны қорғау туралы” заңның 3 - бабында көрініс тапқан. Оларға мыналар жа-тады:

1. Адамның өмірі мен денсаулығын қорғаудың басымдылығы, халықтың өмірі, еңбегі мен демалысы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау және қалпына келтіру.

2. ҚР нарықтық қатынастар жағдайында тұрақты дамуға көшуі, адамдардың қазіргі және болашақ ұрпақтарының салауатты және қолайлы қоршаған ортаға деген қажеттерін қанағаттандыру мақсатына қоршаған ортаның әлеуметтік – экономикалық міндеттерімен проблемаларын теңдестіре отырып шешу.

3. Экологиялық жағдайы қолайсыз аумақтарды экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және бұзылған табиғи экологиялық жүйелерді қалпына келтіру.

4. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және молықтыру, табиғатты пайдаланғаны үшін кезең - кезеңмен ақы төлеуді енгізу және қоршаған ортаны қорғауға экономикалық жағынан ынталандыру енгізу.

5. Биологиялық алуан түрлілікті және экологиялық ғылыми және мәдени жағынан ерекше маңызы бар қоршаған объектілерін сақтауды қамтамасыз ету.

6. Қоршаған ортаны қорғау туралы мемлекеттік реттеумен мемлекеттік бақылау, оларды бұзғаны үшін жауапкершіліктің ымырасыздығы.

7. Қоршаған ортаға нұқсан келтіруге жол бермеу, қоршаған ортаға ықпал ету мүмкіндігін бағалау.

8. Халықтың қоғамдық бірлестіктері мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қоршаған ортаны қорғау саласына белсенді түрде және демократиялық жолмен қатысу.

9. Халықаралық құқық негізінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

Экологиялық құқықты оқу пәні ретінде біз, теориялық және тәжірибелік сұрақтарын қамтитын оқыту әдістемесіне және де құқық нормалары мен олардың тәжірибе жүзінде асыруға қажеттілігін білуге мән береміз. Құқықтық ғылым саласы ретінде экология құқығы көптеген ғылыми теориялардан, көзқарастардан, тұжырымдамалардан тұратындығын жоғарыда айтып өттік. Олардың негізгі мақсатын ғылыми тұрғыдан қарастыратын болсақ, экология құқығын қалыптастырудың заңдылық себептерін анықтау кезінде туындауы жатады. Күрделі теориялық мәселелерін шешу, қолданыстағы экологиялық заңдарын жетілдіру

жолдарын көрсету елімізде кеңінен дамуда. Соның негізінде, экология құқығының ғылыми саласында жетілдіруде отандық ғалымдарымыздың еңбектері мен зерттеулері жетерлік, оларды атап айтар болсақ, Байсалов С.Б., Еренов Ә.Е., Стамқұлов Ә.С., Байдельдинов Д.Л., Мухитдинов Н.Б., Бектұрғанов Ә.Е., Хаджиев А.Х., Әбдіраимов Б.Ж., т.б.да.

Экологиялық құқықтағы құқықтық реттеу әдістеріне келетін болсақ, бұл, нақты міндеттерді шешуге бағынышты шындықты игеруге арналған теориялық және практикалық әдістер мен тәсілдердің жиынтығы. Қолданыстағы құқық жүйесінде адамның мінез - құлқына қандай да бір құқықтық нормаларды: әкімшілік - құқықтық және азаматтық - құқықтық нормаларды орындауға әсер етудің екі тәсілі бекітілген. Ғалым Б.В.Ерофеев құқықтың әр саласы әдістердің тәсілдемесі болуы қажет деген көзқарасты «мейілінше сәтті», деп есептейді. Әдістердің осындай тәсілдемесі экологиялық құқыққа тән болып келеді. Тәсілдің ерекшелігі экологиялық құқықтың объектісі ерекшелігімен байланысты, сондықтан, экологиялық құқықтың нысанын құрайтын экологиялық қоғамдық қатынастар кешені, оны құқықтық реттеу әдістерінің тәсілдемесінде айқындалған. Экологияландыру әдісі, экологиялық құқық объектілерінің өзгешіліктерінен туындаған. Бұл өзгешіліктер экологиялық құқық қатынастарын құқықтық реттеу аясында табиғат заңдары ескерілуі қажет дегенге әкеледі. Экологиялық қоғамдық қатынастарға басқа да, әдістердің әсерлерін, мысалы: «экономикалық» және басқаларды көрсетуге болатынын естен шығармауымыз қажет.

Экологиялық құқығының жүйесі. Экология құқығының жүйесі әдістемелік жағынан екіге бөлінеді: жалпы бөлім және ерекше бөлім. Экологиялық құқықтың жалпы бөлімінде экологиялық құқықтың мәселелері, табиғи ресурстардың жағдайын көрсететін қоғамдық қатынастар және бүкіл табиғат ресурстарына мемлекеттің меншік құқығы туралы мәселелер қаралады. Ерекше бөлімде, табиғи ресурстарды қорғау және пайдаланудың мемлекеттік - құқықтық механизмі және табиғат объектілерінің жеке жағдайлары қаралады. Экологиялық - құқықтық нормалар реттелетін қатынастар шеңберіне қатысты институттарға біріктірілген (субинституттарға), олар өз кезегінде құқықтың оқылатын саласына біріктірілген. Экологиялық институт деп, ұқсас

қоғамдық қатынастардың санаулы түрлерінің құқықтық нормаларының жиынтығы. Маңыздылығына байланысты институттар экологиялық құқықта бәрінен бұрын, жалпы және ерекше бөлімдерге біріктірілген. Экологиялық құқықтың жалпы бөлімінің институттарына осы саланың барлық жүйесіне барынша маңызды ережелер бар институттар енген. Осы құқықтық институттар ерекше бөлімнің институттарының құрамы мен мазмұнын қалыптастыруға шешуші ықпал жасайды.

Қазақстан Республикасының экологиялық құқықтарының оқыту курсына мынадай негізгі институттар енгізілген: Қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттері - қоршаған ортаны қорғаудың өзекті мәселесі; Экологиялық құқық түсінігі, объектісі, әдісі, қағидалары; Табиғи ресурстарға меншік құқығы; Табиғатты пайдалану құқығы; Экологиялық құқық көздері; Экологиялық пайдаланым мен қоршаған табиғи ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқару мен реттеу; Экологиялық бақылауды ұйымдастыру құқықтық формалары; Қоршаған табиғи ортаға әсерді бағалау мен экологиялық сараптама; мемлекеттік экологиялық мониторинг және табиғи - ресурстық кадастрлар; Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы экономикалық реттеу; Шаруашылық және өзге де қызметтерді жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптар. Экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік. Ерекше бөлімі бойынша институттар болып: Жердің, жер қойнауының, жер үсті және жер асты сулары, ормандарды қорғау және пайдалану саласындағы экологиялық құқықтық режим; Атмосфералық ауаны қорғаудың экологиялық құқықтық режимі; Жануарлар дүниесін молықтыру мен пайдаланудағы экологиялық-құқықтық режим; Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың экологиялық-құқықтық режимі; Атом энергиясы мен радиацияның қоршаған ортаға әсерін құқықтық реттеу; Қоршаған табиғи ортаны халықаралық - құқықтық қорғау. Сонымен қатар, экологиялық құқық институты деп, қазіргі ұрпақтың және келер ұрпақтың мүдделері үшін табиғат пен қоғамның өз ара әрекеттесуі саласындағы қоғамдық қатынастарды табиғатты қорғау, оның ресурстарын тиімді пайдалану және өндіру, адамды қоршаған ортаны сауықтыру мен жақсарту мақсатында реттейтін құқықтың әртүрлі салаларының заңды нормаларының жиынтығы. Экологиялық құқық үш ас-

пектіде зерттеледі - ғылым ретінде, құқықтың бір саласы және оқу пәні ретінде. Экологиялық құқық толығымен қазақстандық құқық жүйесін құрайтын құқықтардың барлық саласымен өзара әрекеттеседі. Сондай-ақ, экологиялық құқықтың рухани жүйеде басты рөлді атқаратын конституциялық құқықпен ерекше байланыста екендігін атап көрсеткен жөн. ҚР Конституциясы қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманың және экологиялық құқық ғылымының дамуының негізі болып табылады.

Экологиялық құқықтың әкімшілік құқығымен тығыз байланыстығын көрсететін болсақ, бұл әкімшілік құқықтың институттары болып: басқару, бақылау, әкімшілік қиылысулар, әкімшілік жауапкершілік. Бұлар қоршаған табиғи ортаны қорғаудың экологиялық құқықтық механизмінің құрамдас бөлігі болып табылады. Экологиялық құқық пен азаматтық құқықты қарастыратын болсақ. Мұнда азаматтық құқықпен реттелетін мүлтік қатынастар мен экологиялық құқықпен реттелетін экологиялық қатынастардың арасындағы өзара байланыстың айқындалуымен байланысты. Экологиялық және мүлтік қатынастар, қатынастардың әртүрлі салаларына жатады және әдетте заңның әртүрлі салаларының нормативтік актілерімен реттеледі. Азаматтық құқық, экологиялық құқыққа қарағанда қорғайтын және өндіретін қызметтерді орындайды. Сондықтан экологиялық құқық қатынастары үшін келтірілген зиянды өтеу институттарының басты маңызы болып табылады. Экологиялық қатынастарды жетілдіруге қарай нарықтық экономиканың базасында, табиғатты ұтымды пайдалануда және қоршаған ортаны қорғаудың тиімді түрі ретінде енгізуді талап ететін азаматтық – құқықтық шарттың нормаларының маңызы зор. Әкімшілік, азаматтық қорғайтын қызметтермен бірге экологиялық құқыққа қатысты қорғау қызметін қылмыстық құқық орындайды. Оның нормалары экологиялық қылмыстарды қоршаған табиғи ортаға зиян келтіретін, қоғамға қауіпті әрекеттердің құрамын бекітеді. Экология құқығы жер құқықтарымен тығыз байланысты, бұл табиғаттың біртұтастығымен, жердің қоршаған ортадағы маңызды құрауыштарының бірі екендігімен анықталынған. Кез-келген табиғи нысандарды пайдалануда жерді пайдаланбау мүмкін емес екендігі баршамызға мәлім. Яғни, жер - бұл барлық табиғи нысандарды пайдалану үшін негіз болып табылады. Сондықтан

да, экологиялық құқықта жерді пайдалану жағдайы мен механизмдері, жер қорын сақтау, қоршаған ортаны қорғау, табиғат ресурстарын тиімді пайдалануда оларды жүзеге асыру барысында нақтыланылады.

Тексеруге арналған сұрақтар:

- 1. Экология құқығы пәнінің өзіндік ерекшеліктерін атаңыз ?*
- 2. Экология құқығының зерттелу аспектілерін көрсетіңіз?*
- 3. Экология құқығының басқа құқық саласымен тығыз байланыстылығын анықтаңыз?*

2-тақырып. Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігі туралы экологиялық құқығының объектілері, принциптері (қағидаттары), заңдарының міндеттері мен мақсаттары, экологиялық заңдарды жетілдіру

- 1. Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігі туралы.*
- 2. Экологиялық құқығының принциптері (қағидаттары).*
- 3. Экологиялық құқығының объектілері мен субъектілері.*

Экологиялық қауіпсіздік бағытында мемлекеттік саясаттың басты мақсаты, ол – табиғи жүйені тиімді қолдану және оның заңмен қорғалуы, сондай-ақ, адам өміріндегі ең маңызды жағдайларды ескере отырып, табиғатқа зиян тигізбеу болып табылады. Сондай-ақ, өндірісті дамытумен қатар ғылыми-техникалық зерттеулерді күшейту болып табылады.

Экологиялық қауіпсіздік – ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде мемлекеттің тұрақты дамуынның міндетті шарттарының бірі. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алған күнінен бастап экологиялық мәселелерге маңызды көңіл бөліп келетіндігі баршамызға мәлім. Соның дәлелі ретінде Елбасымыздың басшылығымен дүние жүзіне танымал әлемдегі ірі ядролық полигонды өз еркімен жабуы, Арал теңізін сақтау және Каспийді қорғау бағдарламаларын халықаралық деңгейде ынталандыруы, қоршаған ортаны қалпына келтіруде елімізде жастар арасынан «Жасыл ел» ұйымының құрылуы. Сондай-ақ,

Қазақстанның басқа да халықаралық деңгейде орын алатын қоршаған ортаны залалды әсерлерден қорғауға арналған тәжірибелі еңбектер соның бірден-бір айғақтары болып табылады. Экологиялық қауіпсіздік мәселесі — бүгінгі таңдағы адамзат өркениетінің аса ауқымды проблемаларының бірі болып отыр. Аталмыш проблеманың пайда болуының басты алғышарты — қоршаған ортаға адамзат перзентінің антропогендік және техногендік ықпалдарының ұзақ жылдар бойы тигізіп келген әсері деп тұжырым жасауымызға болады. Өйткені, XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында адамзаттың шаруашылық әрекеттері мен өндірістік қатынастарының ғылыми - техникалық жаңару биігіне көтерілуі - экономикалық реформалардың ерекше сипат алуына (модернизациялануы мен интеграциялануына) түрткі болды. Біріккен Ұлттар Ұйымының бастамасымен өткен V Халықаралық экологиялық конгресс (Жапония, 1990), Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі конференция (Бразилия, 1992), Халықаралық географиялық конгресс (АҚШ, 1992) және Йоханнесбург (ОАР, 2003) қаласында өткен бүкіл дүниежүзілік экологиялық форум - аталмыш мәселенің өзектілігін көрсетіп отыр.

Экологиялық қауіпсіздік Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің табиғи-тарихи негізі және құрамдас бөлігі ретінде жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қоршаған ортаға шамадан тыс антропогендік әсердің салдарынан, сондай-ақ, дүлей апаттардан өнеркәсіптік авариялар мен күйреулерден қорғалу дәрежесімен айқындалады. Осыған орай Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 1 тамыздағы "Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы туралы" өкімінің жобасының қабылдануы экологиялық қауіпсіздікті сақтауда басты экологиялық құқығының тетіктері болып саналады.

Экологиялық қауіпсіздік – жеке адамның, қоғамның өмірлік маңызды мүдделері мен құқықтарын қоршаған ортаға антропогендік және табиғи ықпал ету нәтижесінде туындайтын қатерден қорғалуының жай-күйі болып саналады. Сондықтан Қазақстан Республикасы экологиялық қауіпсіздігінің; а) табиғи - тарихи негіздері, ә) принциптері (қағидаттары), б) стратегиялық мақсаты, в) басқару жүйесі; г) экологиялық талаптар және өтпе-

лі кезеңнің басымдылықтары бар. Ендеше осы кезеңдерге жеке-жеке тоқтала кетсек.

Табиғи - тарихи негіздерге - Қазақстан Республикасының табиғи ерекшеліктері, оның жартысынан астамы шөл және шөлейт аумақтар, табиғатты пайдаланудың ресурстық – шикізаттық жүйесі, халық шаруашылығы кешені өнеркәсіптердің, әскери объектілердің, табиғи техногендік процестердің зиянды әсерлерден шешу мен табиғат жүйелері жатады. Қазақстан Республикасы экологиялық қауіпсіздігінің принциптері болып, Қазақстан Республикасы экологиялық қауіпсіздігінің тұжырымдамасында жер планетасының тұтастығы мен табиғатының өзара байланыстылығын мойындай отырып, Рио-де-Жанейро Декларациясының принциптеріне сәйкестендірілгендігі жатады. Олардың қатарында мыналар бар: адамдардың табиғатпен үйлесімдікте салауатты және жемісті өмір сүру құқығы, мемлекеттің өз табиғи ресурстарын игеру жөніндегі егеменді құқығын іске асыруы және ұлттық юрисдикцияның қолдануы шегінен тыс басқа мемлекеттердің немесе аудандардың қоршаған ортаға келтірілген залалы үшін жауапкершілікті мойындауы; мемлекеттің қоршаған ортаны дамыту мен қорғау жөніндегі құқығын іске асыру қазіргі және болашақ ұрпақтардың қажеттіліктерін әділетті қанағаттандыруды қамтамасыз етуі; мемлекеттің экологиялық тұрғыдан мейлінше шетелуі ретінде Қазақстан саясатында оның қажеттіктері мен мүмкіндіктерін пайдалану және басым түрде еске алуы; барлық мүдделі азаматтардың экологиялық мәселелерді шешуге пәрменді қатысуы үшін жағдайлар туғызу; мемлекеттің қоршаған ортаның сапасы мен оған әсер ететін қауіпті материалдар жөнінде ресми ақпараттың ашық болуын, жұртшылықтың шешімдер қабылдау процестеріне қатысу мүмкінділігін қамтамасыз ету; жұртшылықтың хабарлылығын дамыту мен қуаттау көзделінеді.

Экологиялық қауіпсіздіктің стратегиялық мақсаты мен міндеті болып мыналар танылады:

- халықаралық қатынастарда, интеграциялық процестерде экологиялық мәртебенің ерекшеліктерін тиісінше есепке алу;
- қоршаған ортаның жай-күйіне жүргізілетін бірыңғай мониторингтің жүйесін енгізу;

- экологиялық қауіпсіздік пен табиғат тұрақты пайдалану жөніндегі аса маңызды, соның ішінде, іргелі негізгі мәселелер жөніндегі ғылыми зерттеулердің өзара орнатылуын қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасының табиғи орта сапасының жай-күйін бағалауды, оның аумағын экологиялық аудандастыру мен арнаулы картаға түсіру;

- қоршаған ортаны қорғауды және табиғат пайдалануды басқаруды реттейтін табиғат қорғау заңының жүйесін жасау, экологиялық бақылау жүйесін жетілдіру;

- табиғат пайдалану жоспарларын қоршаған ортаны қорғау мен тұрақты пайдаланудың экологиялық бағдарламаларын, жүйелерін әзірлеу;

- экологиялық білім және тәрбие беру жүйесін дамытуды;

- қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдаланудың экономикалық тетігін (механизмін) жасау;

- қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану мен дүлей апаттардан сақтану проблемалары жөнінде халықаралық ынтымақтастық бағдарламаларын әзірлеу.

Экологиялық қауіпсіздікті арттырудың бірден - бір көзі экологиялық білімді жетілдіру, құқықтық мәдениетті жоғарылату, келешек ұрпақтың санасына сіңіру болып табылады. Бұл біздің ұрпақтың бойында экологиялық қауіпсіздікті жетілдірудің қажеттілігін сезініп өсудің жолдары туындайды. Осының негізінде табиғатты тиімді пайдалануға әрекет етеудің қажеттілігі қарастырылады. Осы тұста Республикамыздың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты мынадай ұсыныстар айтуға болады. 1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың желісін дамыту; 2) азып - тозған жерлерді қалпына келтіру және топырақты құнарландыру; 3) жерді пайдалануды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру; 4) экологиялық тұрақты жер пайдаланудың экономикалық тетіктерін енгізу қажеттігі.

Экологиялық құқығының принциптері (қағидаттары).

Экологиялық құқықтар қағидалары (принциптері) тікелей құқықтық нормаларда қалыптасқан қолданыстағы заңдардың мағынасы негізінен шығады. Құқықтың осы саласын қалыптастыруда, жалпы құқықтық және салааралық қағидаттар сөзсіз қатысады. Сонымен бірге, экологиялық құқық саласының ерек-

шеліктері осы салаға өзіндік сипаттағы немесе осы салаға тән құқықтық реттеулер қағидалары арқылы барынша айқындалады.

Экологиялық қағидалар экологиялық қатынастарды реттейтін, осы құқық саласының мазмұнында анықталатын, экологиялық құқықта нысаны және әдісі жөнінен құқықтық реттеудің нормаларын біріктірген құқықтық нормалардың жинақталған, біртұтастық беретін нормативтік - басқару идеяларының, ережелерінің құқықтық нормаларында көрініс табуымен түсіндіріледі. Бұл ҚР-ның Экологиялық кодексінің 5-бабында көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының негізгі қағидалары болып мыналар табылады:

- Қазақстан Республикасының орнықты дамуын қамтама-сыз ету;

- экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

- экологиялық қатынастарды реттеу кезіндегі экожүйелі

көзқарас;

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік рет-теу және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекет-тік басқару;

- табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы басқару;

- қоршаған ортаны ластаудың және оған кез - келген

басқа түрде залал келтіруді болдырмау жөнінде алдын алу шараларының міндеттілігі;

- Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын

бұзғаны үшін жауаптылықтан бұлтартпау;

- қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу міндеттілігі;

- қоршаған ортаға әсер етудің ақылы болуы және оған

рұқсат алу тәртібі;

- табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға

әсер ету кезінде неғұрлым экологиялық таза және ресурс үнемдеуші технологияларды қолдану;

- қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің өзара әрекеттестігі, үйлесімділігі мен жариялылығы;

- табиғат пайдаланушыларды қоршаған ортаны ластауды болдырмауға, азайтуға және жоюға, қалдықтарды кемітуге ын-таландыру;

- экологиялық ақпараттың қолжетімділігі; табиғи ресурс-тарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету кезінде ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының халықаралық құқық принциптерімен және нормаларымен үйлесіп келуі. Сондай-ақ, жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіптілігі заңдылықтары мен оны жүзеге асыру туралы шешімдер қабылдаған кезде қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерін бағалау міндеттілігі болып табылады.

ҚР-ның Экологиялық Кодексінде қоршаған ортаны қорғау қағидаларына мыналарды жатқызады:

- қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты ұтымды пайдалану мына принциптер негізінде жүзеге асырылады;

- адамның өмірі мен денсаулығын қорғаудың басымдығы халықтың өмірі, еңбегі мен демалысы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау және қалпына келтіру;

- ҚР-ның нарықтық қатынастар жағдайында тұрақты да-муға көшуі;

- адамдардың қазіргі және болашақ ұрпақтарының сауат-ты және қолайлы қоршаған ортаға деген қажеттіктерін қанағат-тандыру мақсатында қоршаған ортаның әлеуметтік-экономика-лық міндеттері мен проблемаларын теңдестіре отырып шешу;

- экологиялық жағдайы қолайсыз аймақтардағы экология-лық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және бұзылған табиғи экологиялық жүйелерді қалпына келтіру;

- табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану және молық-тыру;

- биологиялық алуан түрлілікті және экологиялық, ғылы-ми және мәдени жағынан ерекше маңызы бар қоршаған орта объектілерін сақтауды қамтамасыз ету;

- қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды мемлекеттік

реттеу мен мемлекеттік бақылау, оларды бұзғаны үшін жауапкершіліктің ымырасыздығы;

- қоршаған ортаға нұсқан келтіруге жол бермеу;

- қоршаған ортаға ықпал ету мүмкіндігін бағалау;

- халықтың, қоғамдық бірлестіктер мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қоршаған ортаны қорғау саласына белсенді түрде және демократиялық жолмен қатысу;

- халықаралық құқық негізінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық принциптерін сақтау негізінде жүзеге асырылуы.

Қоршаған ортаны қорғаудың *негізгі қағидаттарын* қарастыратын болсақ олар мыналар болып табылады: *Қолайлы қоршаған ортаға және тұрақты дамуға адам құқығының басымдылығы қағидаты*; (Бұл адамдардың табиғатпен үйлесімділікте, салауатты және жемісті өмір сүруге құқығы бары). *Мемлекеттің табиғи ресурстарды пайдалануға егемендік қағидаты*; (Мемлекет қоршаған ортаны қорғау саласында тиімді заңдық актілер қабылдауы.) *Әрбір адамның қоршаған ортаны қорғау ісіне қатысу қағидаты*; (Табиғаттың жағдайы әрбір адамға байланысты болады, біз табиғат үшін жауаптымыз және болашақ ұрпақ үшін табиғат байлығын сақтауға бар күшімізді жұмсауға тиістіміз.) *Қоршаған ортаны қорғаудағы жауаптылық қағидаты*; (Ол жер бетінің барлық бөліктеріне: құрлыққа не теңізге қатысты қолданылады).

Табиғи ортаны пайдаланудағы басымдылық қағидаты; (Табиғат байлықтарын ысырап қылмай, ұқыпты пайдалану керектігі.) Осының негізінде, Қазақстанда мемлекеттің ерекше қорғауға алынған өсімдіктер мен жануарлар жазылатын Қызыл Кітап бар. Мысалы, сексеуіл - шөлде өсетін өсімдік, ол жойылып кету үстінде тұр, сондықтан да оны кесуге және пайдалануға тыйым салынған.

Кедейлік пен қайыршылықты жою қағидаты; (Демократиялық мемлекеттер өзінің алдына кедейшіліктің деңгейін тө-

мендете отырып, ақыр аяғында кедейшілікті жоюды мақсат етіп қоюы). Бұл үшін мемлекет әр түрлі шаралар қолданады. Мысалы; жұмыссыздық пен күресу, әлеуметтік зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау, арзан тұрғын үйлер салу, әр түрлі әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы халықтың әлеуметтік жағынан қорғаусыз қалған топтарына қолдау жасау және т.б; *Қоршаған ортаны ластаудың және табиғатқа өзге де зиянды әсер етудің алдын алу қағидаты.* (Әрбір адам экологиялық сауатсыздық тек оның жеке басына ғана емес, сондай-ақ барлық тұрғындарға да зардабын тигізетінін білуі керектігін көрсетеді.) Яғни, осыған қатысты мысалы, орманда от жағуға, тұрғын жайларға жақын жерлерде полиэтилен материалдарын өртеуге болмайды, улы заттарға ұқыпты болу керек және т.б. *Қоршаған ортаны қорғау саласындағы тығыз халықаралық ынтымақтастық қағидаты.* (Қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша халықтың хабардар болуы.т.б)

Экологиялық қатынастар деп, бұл объектісі табиғат пен оның құрамындағы элементтер болып табылатын қатынастарды айтамыз. Экология құқығының объектілері болып, адамның денсаулығы мен өміріне қоршаған табиғи ортаның қолайлы болуы, шаруашылық және өзге де қызметтің зиянды ықпалына жол бермеу сияқты экологиялық қатынастар экология құқығының объектісі бола алады. Табиғат қорларына заңдарда құқықтық мәні бар қосымша нышандар беріледі. Мысалы: жер қорғалатын табиғат объектісіне оның жоғарғы қабаты, құнарлы топырағы және теңіздердің, көлдердің, өзендердің табандары жатады. Табиғи ресурстар азық-түлік, дәрі-дәрмек, киім, құрылыс материалдары т.б. пайдалы заттар алынатын байлық көздері. Табиғи ресурстар қалпына келетін, қалпына келмейтін, жаңартылатын, жаңартылмайтын, сарқыллатын, сарқылмайтын түрлерге бөлінеді. Мысалы: топырақтың құнарлылығы, орман қалпына келтірілетін, жаңартылатын, қалпына келмейтін және су сарқыллатын байлықтарға жатады. Сондықтан, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және оны қорғау экологиялық құқықтың негізі болып табылады. Экологиялық құқықтың объектілері дегеніміз - айналадағы табиғи ортаны құрайтын, адамның тіршілік қажеттіліктеріне жұмсалатын табиғи ресурстар мен адамдардың экологиялық денсаулығы мен өмірін айтамыз.

Экологиялық қатынастар субъектілеріне мыналар жатады:

1. Заңды тұлғалар.
2. Жеке тұлғалар
3. Қазақстан Республикасы. Себебі біздің мемлекетіміз табиғат ресурстарының меншік иесі болып табылады.
4. Шетелдік мемлекеттер бұл - Қазақстанның табиғат ресурстарын пайдалану мәселелері бойынша экологиялық қатынастардың субъектілері болып табылады. Себебі, бұлар республикаға табиғи ортаға келтірген залалы үшін жауап береді. Мысалы: шекаралық су объектілері бойынша бірлесіп су пайдалануы және т.б. жағдайларда.

Тексеруге арналған сұрақтар:

1. *Экология құқығы қауіпсіздігі туралы түсініктемеңіз қалай?*
2. *Экология құқығы заңнамаларының негізгі қағидаттарын атаңыз?*
3. *Экология құқығы объектілеріне жалпы түсінік беріңіз?*

3-тақырып. Қазақстан Республикасы аумағында экологиялық құқығының пайда болуы және даму тарихы

1. *Қазақстан Республикасы аумағында экология ғылым саласы ретінде қалыптасу кезеңдерінде экология құқығының пайда болу жолдары.*
2. *Қазақстан Республикасының егемендік алғаннан кейінгі экологиялық құқығының тарихы.*
3. *Экология құқықтарының қайнар көздері мен нормалары.*

Экология биологияның саласы ретінде XIX ғ. ортасында пайда болғанмен, жеке ғылым ретінде XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында қалыптасты. Жаратылыс туралы көптеген мәліметтер антика дәуірінің ғалымдары Гераклиттің, Гипократтың, Аристотельдің еңбектерінде келтіріледі. Мысалы: Аристотель «Жануарлар тарихы» деп аталатын еңбегінде өзі білетін 500-ден астам жануарларды зерттеп, олардың мінез-құлығына талдау жасаған. Аристотель шәкірті Т.Эрезийский қазіргі Жерорта теңізінің жағалауындағы өсімдіктерге топырақтың және ауа райының

әсерін баяндады. XVғ. аяғы мен XVIғ. басын Ұлы географиялық ашылулар дәуірі деп аталады. Бұл кез 1492 ж. итальян теңіз жүзушісі Христофор Колумб Американы ашуы. 1498 ж. Португалдық Васко до Гамма Африканы айналып, теңіз жолымен Үндістанға жетуі. Сондай-ақ, 1519-1521 жылдарда Фернан Магеллан бастаған испандықтар тұңғыш рет жер шарын айналып шығуы. Бұл саяхаттар жер туралы білімнің кеңеюіне септігін тигізді. XVIII ғ. соңы мен XIX ғ. басында қоршаған ортаны зерттеушілер саны арта түсті. Соның негізі болып, 1807ж. Гумбольд Орталық және Оңтүстік Америкада жүргізген көптеген зерттеулері нәтижесінде «Өсімдіктер географиясы туралы ойлар» еңбегінің жарыққа шығуы. Онда ғалым өсімдіктердің өсуі мен өркен жаюының негізі ауа-райы жағдайына, температураға байланысты екенін ашып көрсетті. Бертін келе бұл ойлар орыс ғалымы К.Ф.Рульениң, Н.А.Северцевтің, А.Н.Бекетовтың еңбектерінде тереңдетіле түскені белгілі. Сондай-ақ, экологиялық ғылымның одан әрі дамуына атакты ғалымдар Ч.Дарвиннің, В.В.Докучаевтің, В.И.Вернадскийдің, В.Н.Сукачевтің, Н.Ф.Реймерстің еңбектерінің үлестері жоғары болды. Негізінде, экологияның дербес ғылым болып қалыптасуы 19 ғ. 2-ші жартысына сәйкес келеді. Осының негізінде экология ғылымының даму кезеңдері бөлінген:

I кезеңде (1707–1924 жж.) экология ғылымының алғы шарттарының қалыптасуы;

II кезеңде (1924–1980 жж.) экология ғылымы дара ғылым деңгейіне көтеріліп, өзінің зерттеу салаларын, мақсат-міндеттерін жетілдіре түсуі;

III кезеңде (1980–2000 жж.) экология әлеуметтік, саяси-экономикалық, нарықтық жағдайлар мен мәселелерді зерттейтін деңгейіне жетуі.

Адам әр кезде де табиғатпен тығыз байланыста өмір сүреді, оның байлықтарын пайдаланады және өз қызметі арқылы табиғатқа әсер ету арқылы өзіне қажетін алады. Адамның табиғатқа әсері зиянды салдар тудыруы мүмкін. Мемлекет әрқашанда табиғи ортаны осындай зиянды әрекеттерден қорғау үшін белгілі бір құқықтық ережелер шығарады. Осының негізінде табиғи ортаны адамның зиянды әрекеттерінен қорғауға бағыттал-

ған нормалардың (ережелердің) жиынтығы құрылып, ол экологиялық құқық деп аталды.

Қазақстандағы тәуелсіздік жылдары экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мүлде жаңа мемлекеттік жүйесінің құрылуының және қалыптасуының, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы атқарушы органдардың жақсы ұйымдастырылған және аумақтық таралған жүйесін - қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалануды басқарудың жылдары болды. Бұл қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және дәйекті іске асыруды қамтамасыз етті. Алайда, Қазақстанда көптеген онжылдықтар бойы қоршаған ортаға төтенше жоғары техногендік салмақ түсіретін, табиғат пайдаланудың көбінесе шикізат жүйесі қалыптасты. Сондықтан әзірге экологиялық жағдай түбегейлі жақсарды деп айту әлі ертерек. Себебі, ол бұрынғысынша биосфераның тұрақсыздануына, оның қоғамның тіршілік әрекеті үшін қажетті қоршаған ортаның сапасын оның қолдау қабілетін жоғалтуына апаратын табиғи жүйелердің тозуымен сипатталады. Дегенмен де, ҚР өзінің егемендігіне ие болғаннан кейінгі экология құқығы жаңа әлеуметтік - экономикалық өзгерістер мен табиғи ресурстарды пайдалану жаңа жағдайында дами бастағанын баршамыз білеміз. Республиканың материалдық негізін құрайтындар табиғи ресурстарға - жер, оның қойнауы, су, орман, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі жатады. ҚР-ң меншік құқығы мәртебесі 1991 жылғы 20 қаңтарда қабылданған ҚР Конституциясы ережелерімен бекітілді. ҚР құқықтық мемлекет құру жолында табиғат қорларын пайдалану мен қорғауға байланысты қоғамдық қатынастарды толық қамтитын құқықтық актілер қабылдау мақсатында көптеген жұмыстар жүргізді. Соның айғағы ретінде, 1993 жылы Қазақстан Республикасындағы айналадағы табиғи ортаны қорғау туралы, жер, жер қойнауы және минералдық шикізатты ұқсату туралы, су, орман кодекстері, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы ҚР-ң заңдары мен сол заңдарды іске асыру барысында көптеген нормативтік-құқықтық заң актілері қабылданды. Олар ҚР-сы аймағында өсімдіктер дүниесін қорғау, молайту және пайдалану туралы, айрықша қорғауға алынатын жануарлар мен өсімдіктер дүниесін

сін, қорықтар, заказниктер туралы жеке заңдар қабылданды. Жоғарыда аталған заңдардың сапасын арттыру, өзгерістер мен толықтырулар енгізу жұмысы да қоса жүргізілді. Бұл ҚР-ның экология саласындағы заңдары айналадағы табиғи ортаның сапасын арттыру, оны сауықтыруды қамтамасыз ету жолындағы нысаналы да тиімді қызметті ұйымдастыруға, экологиялық қатынастарды толық реттеуге бар мүмкіндік тудырды. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негіздері Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 30 сәуірдегі өкімімен мақұлданған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы енгізіліп, онда өтпелі кезеңнің экологиялық басымдықтары, атап айтқанда, жекешелендірудің экологиялық проблемалары, табиғат қорғау заңнамасының, мемлекеттік бақылау және сараптаманың, табиғат пайдаланудың экономикалық тетіктерінің, қоршаған орта мониторингінің жүйесін құру қажеттілігінің мәселелері қарастырылған болатын. Сондай-ақ, бұлар Ұлттық экономиканың барлық салаларын реформалау табиғи ресурстарды пайдалануға көзқарастардың өзгеруіне, қоршаған ортаны сақтауды ескере отырып, әлеуметтік - экономикалық дамуды жүзеге асыруға негіз болды. Аталған тұжырымдаманы қабылдаған сәттен бастап, Қазақстан Республикасында қоғамдық дамуда елеулі өзгерістер болды. Мемлекет дамуының стратегиялық құжаттары әзірленді, табиғат қорғау заңнамасының негізі құрылды, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша бірқатар халықаралық конвенцияларға қол қойылды, табиғат қорғау қызметін басқару жүйесі құрылды. Осының негізінде төмендегі заңнамалар жүзеге асырылды. 1997 жылы «Қоршаған ортаны қорғау туралы», «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы», «Экологиялық сараптама туралы», 1998 жылы - «Радиациялық қауіпсіздік туралы» Заңдар мен 2002 жылы - «Атмосфералық ауаны қорғау туралы» Заң қабылданды. Табиғатты ұтымды пайдалану саласында Президенттің «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» (1996 жыл) және «Мұнай туралы» (1995 жыл) заң күші бар Жарлықтары, 2003 жылы - Орман, Су және Жер кодекстері қабылданды. Заңға тәуелді қажетті нормативтік құқықтық актілердің көпшілігі әзірленіп, бекітілді. Заңнаманы жетілдіру мақсатында республикада оны дамыған елдердің заңнамасына жақындатуға және халықаралық стандарттарды

енгізу бағыты алынды. Қазақстан Республикасы 19 халықаралық конвенцияға қол қойды және оларды іске асыру жөніндегі іс - қимылды ұлттық жоспарлары әзірленді. Экологиялық сараптау жүйесі, рұқсат ету және бақылау - инспекциялық жұмыс жолға қойылды. Осы заңнамалардың орындалуы барысында, қоршаған ортаны қорғау, айналадағы табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жолдарының міндеттері қарастырылды. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды күшейту және міндетті экологиялық сараптаманы енгізу есебінен 90 жылдардың басымен салыстырғанда, қоршаған ортаны ластаудың қарқыны едәуір төмендеді. Алайда, мемлекеттің экологиялық осал аумақ және шешілмеген экологиялық проблемалар мәртебесі әліде болса, түп орнымен шешіле қойған жоқ. Өйткені, қазіргі уақытта басты міндет болып жоғарыда аталғандармен байланысты, елдің стратегиялық басымдықтарына сәйкес қазіргі жағдайдағы, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің міндеттерін түбегейлі қайта қарау, нақтылау және кеңейту көзделуде. Сондай-ақ, жаңа тұжырымдама жобасын құру оны іске асыру барысында, асырылмаған міндеттерді шешу ұсынылады. Олардың ішінде: экологиялық қауіпсіздік пен табиғат пайдаланудың аса маңызды проблемалары бойынша зерттеулердің, оның ішінде іргелі ғылыми зерттеулердің ілгерілемелі дамуын қамтамасыз ету; қоршаған ортаның жай-күйіне мониторингтің бірыңғай жүйесін енгізу; Қазақстан Республикасының аумағын экологиялық аудандарға бөлу мен арнаулы картографиялауды ұсынудың нақты жолдары жатады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 31-бабын да былай делінген: "Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағдаяттарды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады". Осының нәтижесінде республика азаматтарының өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған табиғи ортаны қорғау мемлекеттің міндеті ретінде бекітілді. Бұл республиканың әрбір азаматына табиғатты сақтау мен оның байлықтарына ұқыптылықпен қарау міндет болып табылады. Адамның қолайлы қоршаған ортаға құқығы әр түрлі заңдарда бекітілген. Бүгінгі күні адамның қолай-

лы қоршаған табиғи ортаға құқығы мынадай мәселелерді қамтиды:

- халықаралық және ұлттық стандарттарға сай келетін салауат-ты қоршаған табиғи ортада өмір сүрудің шынайы мүмкіндіктері;
- экологиялық қауіпсіздікке байланысты шешімді дайындауға, талқылауға және қабылдауға қатысу, қоршаған табиғи ортаның жай-күйі туралы тиісті ақпараттар алу;
- қоршаған ортаның ластануы нәтижесінен адам денсаулығына келтірілген зиянды мемлекеттің өтеуі құқығы. Осы орайда, адам құқықтарының оның міндеттерінен бөлінбейтіндігін атап кеткен жөн. Бұл дегеніміз, адам қолайлы қоршаған табиғи ортаға деген құқыққа ие бола отырып, оның сақталуы үшін қажетті, тиісті нәрсенің бәрін жасауға міндетті дегенді білдіреді.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы туралы" 2003 жылғы 1 тамыздағы өкімінің жобасы бойынша экологиялық заңнамаларын жетілдіру жолдары қарастырылған. Яғни, қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы жетілдірудегі негізгі бағыттары мыналар болып табылатындығы көрсетілген: табиғи ресурстарды пайдалану заңнаманы жүйелеуге әрі жетілдіруге, қоршаған орта саласындағы экологиялық қауіпсіздікті әзірлеу мүмкіндігіне бағыттауы; экологиялық кодексті әзірлеу мүмкіндігін жетілдіруі; Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңдарын Еуропа Одағының заңнамасымен және халықаралық құқық нормаларымен жақындастыруды көздеу жолдарын қарастыруы; экологиялық нормалау жүйесін қайта қараудың басты бағыттарының жолдарын көрсету.

Қазіргі уақытта, қоршаған ортаны ұтымды пайдаланудың негізгі көзі ретінде қарастырудың нақты жолдары кеңінен қажеттілікті тудыруда. Бұл Қазақстанның әлемдік қоғамдастықта неғұрлым кеңінен таныла түсуі орнықты даму қағидаттарына негізделген прогрессивті ынтымақтастық пен әріптестік саясатын айқындауды талап етеуде. Қазақстанның негізгі табиғат қорғау келісімдеріне қосылуын көздеу мақсатында халықаралық

ынтымақтастықты кеңейту қажет. Осы саясаттың халықаралық тұрғыда негізгі бағыттары болып мыналар танылады:

- халықаралық келісімдердің ережелерін практикада іске асыру;
- қоршаған табиғи ортаның жай-күйінің сапасын бағалау, бақылау мен оны бағалаудың жалпы көзқарасын, әдістемелерін, өлшемдері мен рәсімдерін әзірлеу;
- үйлестірілген іргелі және қолданбалы экологиялық зерттеулер жүргізу;
- экологиялық қауіпсіздік проблемаларын шешуде халықаралық тәжірибені пайдалану;
- халықаралық ұйымдар қаражатын қоршаған ортаны қорғау және елдің орнықты дамуы саласындағы нақты бағдарламалар мен жобалардың шешілуіне тартуды жандандыру.

Экология құқығының қайнар көздері, экология құқығын құқықтық тұрғыда реттеу мен басқаруда басты құрал болып табылады. Экология құқықтарының қайнар көздері белгілері бойынша үшке бөлінеді: 1) кешенді; 2) ресурстық; 3) әлеуметтік – экологиялық. Экология құқықтарының кешенді қайнар көздеріне нормативтік актілер жатады, егер құқықтық реттеудің объектісіне бүкіл табиғи ресурстар мен табиғи орта жатса, оған ҚР Экологиялық Кодексіні жатқызуға болады. Экология құқықтарының ресурстық қайнар көздеріне нормативтік актілер, егер құқықтық реттеудің объектісіне жеке табиғи ресурстар жататын болса, мұнда Жер кодексі, Су кодексі, Орман кодексі және т.б. жатады. Экология құқықтарының әлеуметтік - экологиялық қайнар көздеріне адамдардың өмір сүруіне қолайлы ортаны қамтамасыз етуге бағытталған факторлар жатады. Оған «Қазақстан Республикасында халық денсаулығын сақтау туралы», «Семей облысындағы ядролық полигон туралы» заңдарды жатқызуға болады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Конституциясы – экология құқықтарының негізгі қайнар көзі болып табылады. Себебі табиғатты қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану туралы қоғамдық қатынастарды реттейтін мемлекеттің құқықтық негізін қалайды. Экологиялық құқықтың келесі қайнар көзіне тоқталсақ, ол 2007 жылы 9 қаңтарда қабылданған ҚР-ның Экологиялық құқықбұзушылық кодексі болып табылады. Оның құрамына 9-бөлім, 47- тарау, 326 - бап жатады. Бұл кодекс қазіргі және болашақ ұрпақтың мүдделерін көздеп, айналадағы таби-

ғи ортаны қорғаудың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін белгілеуге және адам қызметінің осы табиғи ортаға зиянды ықпал жасауына жол бермеу шараларына бағытталған. Экологиялық құқықтың қайнар көздеріне, министрліктер мен ведомстволардың нормативтік - құқықтық актілерін де жатқызуға болады. Бұл министрліктер мен ведомстволардың актілері экологиялық салалық басқаруды жүзеге асыру барысында қарастырылады. Сонымен, қоршаған ортаны қорғаудың негізгі шарттарын да жатқызуға болады. Мұнда, мемлекет өз органдарына қоршаған ортаны қорғау бойынша экономикалық, техникалық, ұйымдық және құқықтық шараларды жүзеге асыруды міндеттейді. Бұл шаралардың барлығы заңдар мен басқа да құқықтық актілердің ережелеріне негізделуі қажет. Өз кезегінде барлық заңдар құқықтық қағидаларға негізделінеді. Құқықтың қағидалары - Қазақстан Республикасы Конституциясында көрсетілген негізгі бастамалар, басшы идеялар мен құқық ережелері болып табылады.

Экологиялық құқық нормалары құқықтық байланыс қатынастар туындау негізінде жүзеге асырылады. Экологиялық құқыққа қатысты нормаларды былай бөліп қарауға болады: 1) ұйымдық – басқарушылық; 2) экономикалық; 3) әлеуметтік.

Ұйымдық басқарушылық нормаларға айналадағы табиғи ортаны қорғау жағдайында мемлекеттің және лауазымды адамдардың мақсаттары туралы нормалар кіреді. Конституциялық нормалардың осы тобына Президенттің, Парламенттің, Үкіметтің жергілікті өкімет органдарының міндеттерін реттейтін нормалар, айналадағы табиғи ортаны қорғауды құқықтық реттеудің ережелері мен нұсқаулар т.б. жатады. *Экономикалық нормаларға* Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарға меншік құқықтармен реттейтін нормаларды жатқызуға болады. ҚР Конституциясының 6 бабының 3 тармағында қарастырылған. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттарда жеке меншікте де болуы мүмкін. Сонымен бірге, Конституцияда «меншікке, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік берілетін» нормалардан да тұратындығын нақты көрсетеді (26 баптың 2 тармағы). *Әлеуметтік нормаларға* Қазақстан Респуб-

ликасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндеттіліктері жатады. Бұл ҚР Конституциясының 38 - бабында нақты айтылған.

Тексеруге арналған сұрақтар:

- 1.Экология биологияның саласы ретінде қалыптасу жолдарын көрсетіңіз?*
- 2.Конституцияның нормаларының ішінде экологиялық құқыққа қатысты нормалар қалай аталады?*
- 3.Экология құқықтарының кешенді қайнар көздеріне жататындарды анықтаңыз?*

4-тақырып. Табиғи ресурстарға мемлекеттік және жеке меншік құқығының ұғымы және жалпы сипаттамасы

- 1.Табиғи ресурстарды пайдалану құқығы.*
- 2. Табиғат объектілеріне меншік құқығы.*
- 3. Табиғатты пайдалану құқығының қағидалары.*

Адамның күнделікті өмірінде, жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметінде табиғи ресурстарды пайдалануы мен және өзіне қажетін алуы (немесе) қоршаған ортаға әсер етуі табиғатты пайдалану болып табылады. *Табиғи ресурстарды пайдалану* - бұл қоғам мен табиғат арасындағы негізгі қатынастар. Онда қоғам мүшелері - адамдар өздерінің экологиялық, экономикалық мәдени - сауықтыру, этикалық қажеттіліктерін өтеу үшін табиғат объектілерін белгіленген тәртіп бойынша пайдаланады. Қазақстан Республикасының «Айналадағы табиғи ортаны қорғау туралы» заңында «табиғи ресурстарды пайдалану - бұл адамдардың шаруашылық және өзге де қызметінде табиғи ресурстарды пайдалануы» деген анықтама берілген. Объективтік мағынада табиғи ресурстарды пайдалану құқығы - бұл табиғи ресурстарды пайдаланудың шарттарын, табиғи ресурстарды пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы. Субъективтік мағынада табиғи ресурстарды пайдалану құқығы - бұл нақты табиғи ресурстарды пайдаланушының табиғи

ресурстарды иелену және пайдалану құқығын реттейтін экологияның заңдылықтар жиынтығы болып табылуы.

Табиғи ресурстарды пайдалану табиғатты жалпы және арнайы пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады. Табиғатты жалпы пайдалану - адамдардың күнделікті өмірі мен денсаулығы, мәдени - эстетикалық қажеттіктерін табиғат объектілері есебінен тегін қанағаттандыру. Бұл, табиғатты арнайы пайдалану - мұнда табиғи ресурстар пайдаланушыларға белгіленген тәртіппен беріледі. ҚР атынан мемлекеттік меншік иелену, пайдалану және оған билік ету өкілеттігін тікелей немесе өкімет органдары арқылы реттеледі. Табиғи ресурстарға мемлекеттің иелену құқығы – осы ресурстарды меншікке алудың нысаны және оны жүзеге асыру мүмкінділігі мен қызметі. Табиғи ресурстарға мемлекеттің билік ету құқығы- табиғат объектілерінің іс жүзінде немесе заң жүзінде тағдырын айқындауға берілетін мүмкіндік. Осы мүмкіндік арқылы табиғи ресурстарды иемдену мен пайдалануды жүзеге асыру қызметі айқындалады. Табиғи ресурстарды мемлекеттің пайдалану құқығы - табиғи ресурстардың пайдалы қасиеттерін және одан түскен табысты иемдену, сондай-ақ өзге де пайда алу қызметтері жатады.

Қазақстан Республикасында табиғи ресурстарға меншік субъектісі Конституцияға сәйкес ҚР-ның меншік туралы заңымен белгіленеді. Меншік туралы заңның 3-бабында Республика аумағында мемлекеттік меншік құқығының субъектісі Қазақстан Республикасы деп, көрсетілгенін жоғарыда атап өткен болатынбыз. Сондай-ақ, табиғат объектілеріне меншік құқығының субъектілері болып мыналар танылады: бірінші кезекте мемлекеттің өзі, одан әрі жеке және заңды тұлғалар болып табылады. Табиғатты пайдаланушылар заңды және жеке тұлғалар, мемлекеттік және мемлекеттік емес, ұлттық және шетелдік болып бөлінеді. Ұлттық табиғат пайдаланушыларға Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстандық заңды тұлғалар, оның ішінде шетелге қатысатын тұлғалар, ал шетелдік табиғат пайдаланушыларға шетел азаматтары, шетелдік заңды тұлғалар, шет мемлекеттер, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар жатады.

Табиғат пайдалану жалпы және арнайы болып бөлінеді. Жалпы табиғат пайдалану тұрақты болып табылады және ха-

лықтың өмірлік қажетті сұраныстарын қанағаттандыру үшін және табиғи ресурстар пайдалануға берілмей, тегін жүзеге асырылады. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында басқаша көзделсе, табиғатты жалпы пайдалануды шектеуге жол беріледі. Табиғат пайдалану түрлеріне жатады: 1) жерді пайдалану; 2) суды пайдалану; 3) орманды пайдалану; 4) жер қойнауын пайдалану; 5) жануарлар дүниесін пайдалану; 6) өсімдіктер дүниесін пайдалану; 7) қоршаған ортаға эмиссиялар; 8) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленетін өзге де табиғат пайдалану түрлері. Табиғат пайдалану түрлері бойынша арнайы табиғат пайдалану құқығының туындау ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалады. Арнайы табиғат пайдалану табиғат пайдаланудың бір түрін не олардың бірнеше түрінің жиынтығын қамтуы мүмкін. Олар: 1) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын жеке және заңды тұлғалар табиғат пайдаланушылар болуы мүмкін. Табиғат пайдаланушылар: 1) тұрақты (табиғат пайдалану құқығы мерзімі шектелмейтін сипатта болады) және уақытша (табиғат пайдалану құқығы белгілі бір мерзіммен шектелген); 2) бастапқы (табиғат пайдалану құқығы мемлекеттен не басқа да бастапқы табиғат пайдаланушылардан сол құқықтан айыру немесе әмбебап құқық мирасқорлығы тәртібімен алынған) және кейінгі (табиғатты уақытша пайдалану құқығы бұл мәртебені өзінде сақтап қалатын бастапқы табиғат пайдаланушыдан шарт негізінде алынған) болуы мүмкін.

Табиғат пайдаланушылар Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері мен кодексте белгіленген талаптарды сақтауға міндетті. Олар мыналар болып табылады: Арнайы табиғат пайдалану құқығына жататындар: а) табиғи ресурстарды пайдалану мен алуға және қоршаған ортаны қорғау саласында жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар және (немесе) рұқсаттар; ә) табиғи ресурстарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен табиғат пайдалануға беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімдері; б) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жасалатын табиғат пайдалануға арналған шарттар (келісім шарттар) негізінде туындауы; в) арнайы табиғат пайдалану құ-

қығы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен, бір, екі не барлық актілер негізінде туындауы мүмкін; г) қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын табиғат пайдаланушылардың арнайы табиғат пайдалану құқығын жүзеге асыруына экологиялық рұқсаттар болған кезде жол берілуі; д) табиғи ресурстарды пайдалану құқығы жеке және (немесе) заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес берілуі; е) арнайы табиғат пайдалану құқығын алған жеке және заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, оларға билік ете алмайды. Арнайы табиғат пайдалану құқығы мемлекет қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шектелуі немесе оған тыйым салынуы мүмкін.

Меншік құқығының объектілеріне жер, орман, су, жер қойнауы, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі жатады. Осыған қатысты табиғат объектілеріне меншік құқығының мазмұны үш заңдылық болып табылады: 1) иелену құқығы; 2) пайдалану құқығы; 3) билік ету құқығы. Иелену құқығы табиғат объектілеріне нақты иеленуді жүзеге асырудың заң жүзінде қамтамасыз етілген мүмкіндігі болып табылады. Пайдалану құқығы табиғат объектілерінен қоғамның қажеттерін қанағаттандыру үшін пайдалы қасиеттерін алудың заңдылық тұрғысында қамтамасыз етілген мүмкіндігі болып табылады. Билік ету құқығы, табиғат объектілерінің заңдық мәртебесі мен заңдық тағдырын анықтаудың заңдық тұрғыдағы қамтамасыз етілген мүмкіндігі болып табылады. Сондай-ақ, мемлекеттің табиғат қорларын иемдену, пайдалану және билік ету құқығының табиғи ресурстарды пайдаланушылар, иемденушілер мен кейде билік етушілердің құқығынан ерекшеліктері бар. Мұны меншік иесі құқығының мазмұнынан айқын ажыратуға болады. *Бірінші ерекшелік* – мемлекет табиғат қорларына өз құқығының мазмұнын түзіп, оларды меншік иесі ретінде болуы. Басқалар, табиғат қорларын иемденушілер, пайдаланушылар мемлекет белгілеп берген құқық шеңберінде ғана игілікке асырылады. *Екінші ерекшелік* – мемлекет табиғат қорларына меншік құқығын мемлекет бойынша, қоғамның, барлық адамдардың мүддесі үшін пайдаланады. Басқа табиғат қорларын иемденушілер, пайдаланушылар өзіне иемдену-

ге, пайдалануға берген табиғат объектісін өз мүддесі үшін заңда көрсетілген мақсатта ғана пайдаланады. *Үшінші ерекшелік* - табиғат қорларына мемлекеттің билік жүргізуі шексіз және оған ешкім шек қоя алмайды, оны тоқтата да алмайды. Бірақ табиғат қорларына мемлекеттік билік Конституцияға сәйкес болуы қажет. Сондықтан Конституцияға қайшы келетін заң нормаларының күші болмайды.

Табиғат объектілеріне меншік құқығы туындауының және тоқтатылуының негіздері ҚР-ның қолданыстағы заңдарымен анықталады және қандай да бір объектінің кімдерге мемлекетке немесе жеке тұлғаға тиесілі болуына тікелей байланысты болады. Табиғат объектілеріне меншік құқығы мыналар арқылы туындайды: меншік құқығын беру; меншік құқығын басқаға беру; меншік құқығының әмбебап құқық мұрагерлігі тәртібінде көшуі.

Табиғат объектілеріне меншік құқығы реттелінеді: а) мемлекеттік органдардың актілері; б) азаматтық-құқықтық мәмілелер; в) ҚР-ның заңында көзделген өзге де, негіздерде реттелуі қарастырылады.

Табиғат объектілеріне меншік құқығы мынадай жағдайларда тоқтатылады: а) меншік иесінің табиғат объектілерін басқа адамға иеліктен шығаруы; ә) меншік иесінің табиғат объектілеріне меншік құқығынан бас тартуы; ә) ҚР-ның заң актілеріне сәйкес меншік құқығынан айрылуы жағдайында.

Табиғатты пайдалану құқығының қағидалары, ғылыми тұрғыда дәлелдеген, сипаттамалары, мақсаты, тиімділік, кешендік, лицензиялау, квоталау, лиметтеу болып табылады. Табиғатты пайдаланудың ғылыми түрде дәлелденгенділігі, бұл экологиялық және экономикалық мүдделерді қамти отырып, табиғаттың даму заңдарына сүйенетінін білдіреді. Табиғатты пайдалану құқығы мақсатты сипатта жүргізілеуде көрініс табады. Бөлек табиғатты пайдаланушыға пайдалану құқығын шешуге байланысты міндетті түрде фиксацияланып отыратын, нақты табиғи ресурстарды, учаскелерді, объектілерді және белгіленген мақсатына сай оның бөлігін мемлекет береді. Мемлекет жер учаскесін азаматқа пайдалануға беру, бұндағы мақсат – шаруа қожалығын жүргізу - жер пайдалану құқығы актісі әкімдікпен берілетінін көрсетеді. Берілген объектілермен учаскілерді мақсатына сай

пайдаланбағандығы заң бұзушылық болып табылады және табиғат пайдалану құқығын тоқтатумен алып қоюға әкеп соқтырады. Даулы жағдай туындағанда сотта заңды тұрғыда қарастырылады.

Тексеруге арналған сұрақтар:

1. Табиғи ресурстарды пайдалану құқықтық мағанасы қандай?
2. Табиғат пайдаланушылардың заңдық ерекшеліктерін анықтаңыз?
3. Табиғат объектілеріне меншік құқығына түсініктеме беріңіз?

5-тақырып. Экология саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздері

1. Экология саласындағы мемлекеттік басқарудың түсінігі және түрлері.

2. Экология саласын басқару түрлерінде жалпы органдардың құзыреті.

3. Орталық арнаулы атқарушы органдарының құзыреті.

Экологиялық басқару күрделі де, көп салалы ұғым болып табылады. Ол мынандай жағдайларда туындайды: қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалануды басқару қызметтерімен; қоршаған ортаны қорғаумен; табиғатты пайдалану механизмдері тиімділігінің кепілдемесімен болады. Бұлардың барлығы дерлік заңдылықтарды жүзеге асырылуы барысында қамтамасыз ету тәсілдерімен іске асырылады. Табиғаттың негізгі ресурстарын пайдалану мен қоршаған табиғи ортаны қорғауды мемлекеттік басқару қоғамды әлеуметтік басқарудың бір саласы, яғни ол мемлекеттік экологиялық басқару болып табылады. Экология саласындағы мемлекеттік қатынастарды басқаруға негіз болатын үш жағдай бар. *Бірінші* - ҚР табиғи ресурстардың жеке дара меншік иесі. *Екінші* - ҚР халықтың ресми өкілі. *Үшінші* - қоршаған табиғи ортаны қорғау, оның адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы болуын қамтамасыз ету қызметін атқаратын мемлекет, оның органдары лауазымды адамдарды заң жүзінде белгіленген өкілеттіктері шегінде жүзеге асыру құқығына ие

болады. Мемлекеттік экологиялық басқару табиғи ресурстарды жер, су, орман жер қойнауы, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің қорларын дұрыс пайдалануды, қорғалуы, табиғи ортаның, оның адам өмірі мен денсаулығына қолайлы болуы саласындағы бағдарламалардың, жоспарлардың және шаралардың орындалуын ұйымдастыру іске асыру болып табылады. Бұл салада, мемлекеттік экологиялық басқарудың құқықтық негіздері ҚР Конституциясы, «Қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы» заң, жер кодексі, «жер қойнауы және минералдық шикі заттарды ұқсату туралы» заң, су, орман кодекстері, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі, атмосфералық ауаны қорғау туралы және басқа да, экологиялық заңдар мен заңдық актілер негізінде жүзеге асырылады. Басқарудың нысандарына заң, шаруашылық, құқық қолданушылық, құқық орындаушылық және құқық қорғаушылық қызметтері жатады. Басқарудың мақсаты, экологиялық бағдарламалардың, жоспарлардың және шаралардың орындалуын қамтамасыз ету, қоршаған табиғи ортаны қорғау, табиғи қорларды тиімді пайдалануды және осы салалардағы заңдар ережелерінің бұзылмауын қамтамасыз ету, адам өмірі мен денсаулығына қолайлы жағдай жасау болып табылады. Басқарудың осы аталған әдістеріне экологиялық қатынастарды реттеп отыру, түсіндіру, тәрбиелеу, білім беру, экономикалық ынталандыру, экологиялық тәртіп пен ережелерді бұзғаны үшін жазаларды қолдану шаралары жатады. Экологиялық басқарудың мақсаттарын басшылыққа ала отырып, атқарылатын экологиялық қызмет түрлері бөлінеді:

- ҚР-ң мемлекеттік экологиялық бағдарламасын, облыстардың, қалалардың, аудандардың бағдарламаларын әзірлеп жүзеге асыру;
- Қоршаған табиғи ортаны қорғау мен оны пайдалануды басқа-рудың экономикалық тетігін белгілеу;
- Табиғи ресурстарды пайдалануға беру және ақы төлеу тәртіп-терін белгілеу;
- Табиғи ресурстарды есепке алу, бағалау;
- Жалпыға бірдей экологиялық тәрбие мен білім беруді ұйым-дастыру;
- Қоршаған табиғи ортаның сапасын нормалау;

- Табиғи қорларды пайдаланудың экологиялық нормативтерін белгілеу;
- Ластайтын заттарды қоршаған табиғи ортаға шығару мен лас-таудың және қалдықтарды орналастырудың тәртібін бекіту;
- Республикалық табиғат қорғау қорын құру және оның жұмсалыу тәртібін белгілеу;
- Қоршаған табиғи ортаны пайдалану мен қорғауға мемлекеттік қадағалау және оған бақылау жүргізу;
- Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу;
- Төтенше экологиялық жағдай және экологиялық апат аймақ-тарын белгілеу;
- Қоршаған табиғи ортаны қорғау саласында халықаралық ын-тымақтастықты ұйымдастыру;
- Қоршаған табиғи ортаны қорғау, табиғи ортаның

Адам өмірі мен денсаулығына қолайлы болуына жағдай жасау туралы заңдар мен заң актілерін дайындау және қабылдау.

Қоршаған ортаны қорғаудың әдістері - қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды жоспарлау мен қаржыландыру табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін ақы төлеу, ластағаны үшін ақы төлеу, табиғи ресурстарды қорғау және толықтыру үшін ақы төлеу, қоршаған ортаны қорғау қорларын құру болып табылады. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды жоспарлау мен қаржыландыру, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шаралар болжамдық құқық және бағдарламалық нысаналық құжаттар мен материалдарда ескеріледі. ҚР әлеуметтік экономикалық дамуын жоспарлаудың жобаларына табылған пайдаланудың әртүрлі бағыттар жөніндегі ұлттық бағдарламалар және тұжырымдамаларға енгізіледі. Экологиялық басқару ретіндегі мемлекеттік және басқа да, ұйымдардың мақсаттарын төмендегі қызметтерден түсінуге болады: 1) қоршаған ортамен оның шаруашылық және басқа да қызметтері әсер ететін жеке объектілерін жағдайын бақылау; 2) қоғамның барлық заңды тұлғаларымен жеке адамның қоршаған ортаны қорғауда экологиялық ережелерімен заңды талаптардың дұрыс орындалуын тексеру; 3) қоршаған ортамен оның жеке объектілерін адамның өмірі мен денсаулығы зиянды әрекеттерден сақтау және оны болдырмау

мақсатында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Мемлекеттік экологиялық басқару мемлекеттік органдардың жалпы және арнайы құзыреттері арқылы жүзеге асырылады. Экологиялық заң талаптарының сақталуын тексерумен қатар қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік іс шараларды өткеру әдістеріне қоршаған ортаны сапалық нормативтері мен зиянды әрекеттерін анықтау, экологиялық зиянды іс-әрекеттерді тоқтату, кінәлі адамдарға әкімшілік жолмен шаралар қолдану болып табылады. ҚР - ның экологиясын айналадағы қоршаған табиғи ортаны қорғауда жоғарғы орталықтан басқаратын атқарушы орган болып табылады. Ол Республика өңіріне қарасты ведомство үстінен мемлекеттік экологиялық басқаруды іске асырады. 1988 жылы Қазақстанда тұңғыш рет табиғатты қорғау жөніндегі мемлекеттік комитет құрылды. Ол табиғатты қорғау және табиғи ресурстар қорларын пайдалану саласын басқару органы ретінде құрылған болатын. Оған бұрынғы табиғат пен оның байлық қорларын қорғау және пайдалану жұмыстарымен айналысатын министрліктер мен ведомстволардың барлық басқару және бақылау қызметтері берілді. ҚР-ның Президентінің 1992 жылы 7 ақпанында жарыққа шыққан экономикалық реформа жағдайында ҚР мемлекеттік басқару органдарының және олардың қызметін одан әрі жетілдіру туралы жарлығын орындау мақсатында, ҚР-ның экология және биоресурстары министрлігі құрылды. Осыған байланысты, экология және табиғатты пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитеті мен ҚР орман шаруашылығы министрліктің қызметтері ведомство үстінен басқару және мемлекеттік бақылау жүргізуші орган ретінде тапсырылды. Оның құрамында заңды тұлғалар құқығы бар мынадай құрамдық бөлімдер кіреді: 1. Балық қорын қорғау және табиғатты пайдалануды бақылау жөніндегі бас басқарма. 2. Хайуанаттар әлемін қорғау жөніндегі бас басқарма. 3. Түсті-металдар кенін байыту жөніндегі бас басқарма. 4. Мемлекеттік ғылыми зерттеу және жобалау институтының негізінде мемлекеттік ғылыми өндірістік өнеркәсіп бірлестігі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласында: *Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті:* 1) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану, қалдықтармен жұмыс істеу сала-

сындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, оларды жүзеге асыру жөніндегі стратегиялық шараларды әзірлейді; 2) мемлекеттік экологиялық бағдарламаларды және табиғатты пайдаланудың түрлі бағыттары бойынша, сондай-ақ климатты және жердің озон қабатын қорғау саласындағы бағдарламаларды әзірлейді; 3) табиғат пайдаланудың әр алуан түрлері бойынша тұжырымдамаларды мақұлдайды; 4) табиғи ресурстарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен табиғат пайдалануға беру туралы шешімдер қабылдайды; 5) республикалық деңгейде және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарламаларды бекітеді; 6) табиғи ресурстардың әрбір түрінің мемлекеттік есебін, мемлекеттік кадастрлары мен мемлекеттік мониторингін жүргізу тәртібін; 7) ластану учаскелерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу тәртібін; қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақының базалық және шекті ставкаларын; 8) қоршаған ортаны ластаудан келтірілген залалды экономикалық бағалау ережелерін айқындауы.

Шаруашылық және өзге де, қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесі бойынша:

- айрықша экологиялық, ғылыми және мәдени маңызы бар қоршаған ортаны қорғау объектілерінің тізбесін;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы жобалардың ашық конкурстарын өткізу тәртібін;
- сот шешімімен республикалық меншікке түсті деп таңылған иесіз қауіпті қалдықтарды басқару тәртібін;
- қалдықтарды орналастыру полигондарын жою қорларын қалыптастыру тәртібін айқындайды.

Қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін айқындау тәртібі бойынша:

- кешенді экологиялық рұқсаттар беру тәртібін және қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттардың орнына кешенді эко-логиялық рұқсаттар алу мүмкін болатын өнеркәсіп объектілері үлгілерінің тізбесін;
- парниктік газдарды атмосфераға шығаруды шектеудің, тоқтата тұрудың немесе

азайтудың тәртібін;

- озон қабатын бұзатын және құрамында солардың өнім-дері бар заттарды импорттауға, экспорттауға, озон қабатын бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озон қабатын бұзатын заттар бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат беру тәртібін;

- парниктік газдарды атмосфераға шығаруды және озон қабатын бұзатын заттарды тұтыну көздерін мемлекеттік есепке алу тәртібін;

- аумақтардың экологиялық жағдайын бағалау критерий-лерін және де жерді бағалаудың экологиялық критерийлерін;

- аумақты төтенше экологиялық жағдай аймағы деп жа-риялайды және төтенше экологиялық жағдай аймағы құқықтық режимінің қолданысын тоқтату туралы шешім қабылдайды;

- Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қо-рық аймағының шекарасын; қалдықтарды әкелу, әкету және транзиттеу тәртібін белгілейді. Сондай-ақ, халықаралық ынты-мақтастықты жүзеге асырады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органың құзыретіне жататындар: 1) біртұтас мемлекеттік экологиялық саясатты жүргізеді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бағдарламалардың орындалуын ұйымдастырады; 2) өз құзыреті шегінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың қоршаған ортаны қорғауды жүзеге асыру бөлігіндегі қызметін үйлестіреді; 3) климатты және Жердің озон қабатын қорғау саласында мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады; 4) жеке және заңды тұлғалардың климатты және Жердің озон қабатын қорғау, био әр түрлілікті сақтау, жердің шөлейттенуі мен жұтаңдауы саласындағы қызметін үйлестіруді өз құзыреті шегінде жүзеге асырады; 5) өз құзыреті шегінде шаруашылық және өзге де қызмет бойынша экологиялық нормативтер мен экологиялық талаптарды бекітеді немесе келіседі; 6) қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері бағдарламаларын әзірлейді; 7) қор-

шаған ортаны қорғау жөніндегі өңірлік бағдарламалар мен іс-шаралар жоспарларын келіседі; 8) экологиялық рұқсаттар береді, оларда қоршаған ортаға арналған эмиссияларға лимиттер белгілейді; 9) мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асырады; 10) қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензиялар беруді жүзеге асырады; 11) табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы лицензияларды, рұқсаттарды, шарттарды (келісім шарттарды) өз құзыреті шегінде келіседі; 12) өз құзыреті шегінде мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасында экологиялық сараптаманы жүзеге асыру жөніндегі қызметті үйлестіреді және оған әдістемелік басшылықты жүзеге асырады; 13) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы бұзылған жағдайда мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын кері қайтарып алу және оны жою құқығымен, жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарының мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қызметіне бақылауды жүзеге асырады; 14) міндетті экологиялық аудит жүргізу туралы шешім қабылдайды және міндетті экологиялық аудит жүргізу туралы қорытындының нысанын бекітеді; 15) қоршаған орта жай-күйінің мемлекеттік мониторингін және мониторингтің жекелеген арнайы түрлерін жүргізуді ұйымдастырады, сондай-ақ, қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін жүргізуді үйлестіреді; 16) табиғи ресурстар кадастрларының бірыңғай жүйесін жүргізеді; 17) өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрын жүргізуді ұйымдастырады; 18) зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көмудің және сарқынды суларды жер қойнауына жіберудің мемлекеттік кадастрын жүргізуді ұйымдастырады және оны жүргізу жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды бекітеді; 19) қоршаған ортаның ластану учаскелерін мемлекеттік есепке алуды ұйымдастырады; 20) парниктік газдардың мемлекеттік кадастрын және Озон қабатын бұзатын заттарды тұтынудың мемлекеттік кадастрын жүргізуді ұйымдастырады; 21) озон қабатын бұзатын және құрамында солардың өнімдері бар заттарды импорттауға, экспорттауға, озон қабатын бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озон қабатын бұзатын заттар бар жабдықтарды

жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат береді; 22) табиғат пайдаланушылардың және қоршаған ортаны ластау көздерінің мемлекеттік тізілімін жүргізеді және оларды есепке алу тәртібін белгілейді; 23) экологиялық акпараттың мемлекеттік қорын жүргізуді ұйымдастырады, қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсіміне және белгіленіп отырған шаруашылық және өзге де қызмет бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысты экологиялық акпаратқа қол жеткізу мерзімдері мен тәртібін белгілейді; 24) ең озық қолжетімді технологиялар тізбесін әзірлейді және олардың тізілімін жүргізуді ұйымдастырады; 25) әр түрлі дәрежедегі полигондарда орналастыру үшін қалдықтар тізбесін айқындайды; 26) қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді; 27) мемлекеттік экологиялық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізуге қатысты құжаттардың нысандарын әзірлейді және бекітеді; 28) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу тәртібін қоса алғанда, қоршаған ортаға әсерді бағалау және мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу жөніндегі нұсқаулық - әдістемелік құжаттарды әзірлейді және бекітеді; 29) мемлекеттік экологиялық бақылау органдары жүйесіндегі зертханалық-талдамалық бақылау қызметтерінің жұмысын жетілдіреді; 30) су объектілерін кешенді пайдалану мен қорғаудың бассейндік схемаларын келісуге, бассейндік келісімдерді дайындауға, су объектілерін пайдалану, молықтыру және қорғау жөніндегі мемлекеттік (өңірлік және бассейндік) бағдарламалар әзірлеуге, сондай-ақ өз құзыреті шегінде су ресурстарын басқарудың бассейндік принципін іске асыруға қатысады; 31) қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады; 32) қоршаған ортаны қорғау саласында келісімдер, меморандумдар жасайды; 33) Ұлттық экологиялық атласты әзірлеуді және жариялауды ұйымдастырады; 34) мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен нормативтік құқықтық актілер жобаларының тізілімін жүргізеді.

*Арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға жата-
тындар:*

Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар. Олар мыналар болып табылады: 1) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;

2) жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган; 3) орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган; 4) жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган; 5) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган; 6) жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган; 7) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган; 8) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган; 9) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган; 10) өсімдіктерді қорғау мен олардың карантині саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган; 11) атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган.

Арнайы уәкілетті мемлекеттік органдардың құзыреті болып: Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы, мұнай туралы, жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану туралы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы, азаматтардың денсаулығын сақтау және халықтың санитарлық - эпидемиологиялық салауаттылығы, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік, ветеринария, өсімдіктерді қорғау мен олардың карантині, атом энергиясын пайдалану және радиациялық туралы заңдарында белгіленген негізде реттелінеді.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдарының қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыреті. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары (бұдан әрі - жергілікті өкілді органдар) қоршаған ортаны қорғау саласында: 1) тиісті аумақтардағы қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану жөніндегі бағдарламаларды, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыру жөніндегі шығыстарды бекітеді; 2) өз құзыреті шегінде қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаларды бекітеді; 3) өз құзыреті шегінде қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін бекітеді; 4) жергілікті атқарушы органдар мен заңды тұлғалар басшыларының қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдаланудың жай-күйі туралы есеп-

терін тыңдайды; 5) өз құзыреті шегінде табиғат пайдалану ережелерін қабылдайды, оны бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделеді; 6) қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын белгілейді. *Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыреті:* Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - жергілікті атқарушы органдар) қоршаған ортаны қорғау саласында: 1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану жөніндегі іс-шаралар және олардың тиісті аумақтарда іске асырылуы көзделетін бағдарламалар мен өзге де құжаттар әзірлеуді ұйымдастырады; 2) мемлекеттік экологиялық және санитарлық - эпидемиологиялық сараптамалардың қорытындылары негізінде өз құзыреті шегінде кәсіпорындарды, құрылыстар мен өзге де объектілерді салуға немесе реконструкциялауға тыйым салады немесе рұқсат береді; 3) өз құзыреті шегінде шаруашылық қызмет объектілерінің мемлекеттік экологиялық сараптамасын ұйымдастырады және жүргізеді; 4) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезінде қоғамдық тыңдау ұйымдастырады; 5) қоршаған ортаны қорғау саласында құжаттар әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізеді, мұндай құжаттардың бастамашылық жобаларын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қарауына береді; 6) қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензиясы бар штаттан тыс сарапшыларды (жеке және заңды тұлғаларды) сараптамалық жұмыстар жүргізуге тартады; 7) өз құзыреті шегінде қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлейді; 8) қалдықтарды басқару жөнінде бағдарламалар әзірлеуді ұйымдастырады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді; 9) өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру жөніндегі объектілерді салуға жер учаскелерін бөледі; 10) қалдықтарды жою және орналастыру жөніндегі объектілерді салуды қамтамасыз етеді; 11) коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді; 12) қалдықтардың пайда болу көлемдерін бақылауды жүзеге асырады және қалдықтардың пайда болу көлемдерін азайтуға, олардың қайтадан немесе баламалы

түрде пайдаланылу деңгейін арттыруға және көмілуге тиіс қалдықтар көлемін қысқартуға бағытталған іс-шаралар мен экономикалық ынталандырулар әзірлейді; 13) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен табиғи ресурстарды табиғат пайдалануға беру туралы шешім қабылдайды; 14) тиісті аумақта тұрған табиғат объектілерінің жай-күйі туралы халықты хабардар етуді жүзеге асырады; 15) қоғамдық экологиялық сараптама жүргізудің тіркелуін жүзеге асырады; 16) қоршаған ортаны қорғау саласындағы инвестициялық жобаларды әзірлейді және оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға табыс етеді.

Экология саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздері Республика көлемінде, ҚР-ның Конституциясына сәйкес жүзеге асырылады, осының негізінде басқа да заңдар тұрғыда қарастырылып жүзеге асырылады, құқық бұзушылық болған жағдайда белгілі заңдық тұрғыда жауапкершілікке тартылып, реттеліп отырады.

Тексеруге арналған сұрақтар:

- 1. Экология саласындағы мемлекеттік басқарудың ерекшеліктері қандай?*
- 2. Экология саласын басқару түрлерін атаңыз?.*
- 3. Орталық арнаулы атқарушы органдарының басқару билігіндегі құзыреттілік айырмашылықтарына түсінік беріңіз?*

6-тақырып. Экологиялық сараптама

- 1. Экологиялық сараптаманың түсінігі және маңызы.*
- 2. Экологиялық сараптаманың түрлері мен объектілері.*
- 3. Экологиялық сараптама жүргізу тәртібі мен қорытындысы.*

Қазіргі әлемде экологиялық проблемалар өзінің қоғамдық мәні жағынан алдыңғы қатардағы мәселелердің біріне айналууда. Адамның шаруашылық іс-әрекетінің қауырт дамуы, айналадағы ортаның үнемі білдірушілік сипатта әсер етуге ықпал жасауы мүмкін. Алайда, азаматтың табиғатқа әсері мындаған жылдар бойында қалыптасқан табиғи жүйелерді өзгерту, сондай-ақ, топырақты, су көздерін, ауаны ластау арқылы жүзеге асатыны белгілі. Бұл табиғат ахуалының күрт төмендеуіне әкеп соқтырып, көп жағдайларда орны толмас зардаптар мен қоршаған ортаға орны толмас нұсқан әкелері нақ. Қазіргі кезде экологиялық дағдарыс шын мәніндегі адам өміріне қауіпті төндіріп қана қоймайды, адам өлімі факторларының жиілеп кетуіне де септігін тигізуі мүмкін. Бұндай жағдайлардың іс жүзінде тез өріс алып бара жатқандығын кез-келген уақытта көруге болады. Экологияны қорғау жөніндегі жұмыстар қысқа мерзімді жұмыстар емес, жүйелі түрде, кешенді жүргізілетін, ұзақ мерзімді, халық шаруашылығының барлық саласын қамтитын мемлекеттік зор маңызы бар проблемаларға айналып отыр. Өйткені, жалпы айтқанда экологияны қорғау еліміздің тұрмысы мен әл-ауқатының артуына, денсаулығының мықты болуына, айналаның, қоршаған ортаның жақсара түсуіне, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының барлық салаларының өркендеуі мен жақсара түсуіне жағдайлар туғызады. Сондықтан да, мемлекет экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуші субъект ретінде барлық субъектілерге бірінші кезекте экологиялық мүдденің тұрақты тұруына ықпал етуі қажет. Сол себептен азаматтардың экологиялық мүдделерін қорғау үшін қоршаған ортаны қорғауда қолайлы механизм табу керекті. Бұл үшін экологиялық сараптама институтының рөлі маңызды болып табылады. Экологиялық сараптама институты іске қосылатын объектінің нақты экологиялық жағдайдағы мүмкіншілігін және қоршаған ортаға деген жағымсыз әсер ету дәрежесін анықтап, жобаны жүзеге асыруға экологиялық көзқарас тұрғысында ғылыми қортындылармен сипаттамалар береді. Яғни, экологиялық сараптама шаруашылық және өзге де қызметтің мүмкін болатын жағымыз әсерін ескертеді және бұл қызметтің экологиялық талаптарға сай келетінін анықтап онымен күресу жолдарын нақтылап беруге ықпал жасайды. Эколо-

гиялық сараптама жүзеге асырылатын объектінің экологиялық зиянды қызмет екендігін анықтайтындықтан табиғат қорғау қызметінің басты құрамы болып табылады. Себебі, экологиялық сараптама қоршаған ортаның ластануынан сақтайтын алдын алу шарасы болып табылады. Экологиялық сараптаманы дұрыс ұйымдастыру және жүзеге асыру үшін құқықтық реттеу қажеттігі туындайды. Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін шаруашылық қызметтің көп түрі дамуына байланысты қоршаған ортаны қорғау және де табиғатты ұтымды пайдалану мақсатында 1997 жылдың 18 наурызында «Экологиялық сараптама туралы» заң қабылданды. Бұл заңда, бекітілген экологиялық сараптаманың жағдайын жетілдірудің нақты жақтары көрсетілді. Сондықтан да, айналадағы ортаға экологиялық сараптама жасау барысында нақты нәтижелерге жетудің жолдарын көруге болады. Экологиялық сараптама қоршаған ортаға келтірілетін зиянның алдын алу құралы болып табылады. Экологиялық сараптаманың мақсаттары болып мыналар табылады: 1) жоспарланып отырған басқарушылық, шаруашылық, инвестициялық, норма шығару және өзге де қызметті іске асырудың қоршаған орта мен халықтың денсаулығына ықтимал теріс зардаптарын айқындау және шектеу; 2) экономикалық даму мен қоршаған ортаны қорғау мүдделерінің балансын сақтау, сондай-ақ табиғат пайдалану процесінде үшінші тараптарға залал келтіруді болдырмау мақсатында жүргізілуі.

Қазақстан Республикасында экологиялық сараптама мемлекеттік және қоғамдық экологиялық сараптама болып 2-ге бөлінеді. Мемлекеттік экологиялық сараптамаларға мыналар жатады:

1) жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қызмет жобалары және қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдары;

2) табиғат пайдалану мәселелеріне қатысты жоспарлау алдындағы және жобалау алдындағы құжаттаманың барлық түрлері, болжамдардың, экологиялық және өзге де бағдарламалардың жобалары, мемлекеттік органдар мен ұйымдар қызметі негізгі бағыттарының тұжырымдамалары, мемлекеттік инвестициялық бағдарламалар, шарттар, келісім шарттар, оның ішінде

меншік және жекешелендіру нысандарын өзгертуге қатысты-
лары;

3) қолданыстағы объектілер үшін қоршаған ортаға әсерді
бағалау материалдарымен қоса реконструкциялау жобалары;

4) қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерінің жоба-
лары;

5) кәсіпорындарды, объектілер мен кешендерді, ғимарат-
тар мен құрылыстарды орналастыруға, салуға, реконструкция-
лауға, дамытуға, техникалық қайта жарактауға, қайта бейімдеу-
ге, жоюға арналған техникалық-экономикалық негіздемелер
(есептер) және жобалар, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі ре-
сурстарын өндіру мен пайдалануға арналған биологиялық негіз-
демелер;

6) аумақтарды ұйымдастыру схемаларының жобалары;

7) қалалар мен аумақтарды, оның ішінде арнайы экономи-
калық аймақтар аумақтарын және шаруашылық қызметті жүр-
гізудің айрықша режиміндегі аумақтарды салудың (дамытудың)
бас жоспарларының жобалары;

8) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, экологиялық зіл-
зала аймағы немесе төтенше экологиялық жағдай аймағы құ-
қықтық мәртебесін беруді негіздейтін, аумақтар учаскелерін ке-
шенді экологиялық зерттеу материалдары, сондай-ақ осы ау-
мақтарды оңалту бағдарламалары;

9) көршілес мемлекеттердің қоршаған ортасына әсер етуі
мүмкін немесе оны жүзеге асыру үшін көршілес мемлекеттер-
мен ортақ табиғи ресурстарды пайдалану қажет болатын немесе
көршілес мемлекеттердің халықаралық шарттарда белгіленген
мүдделерін қозғайтын шаруашылық және өзге де қызмет
жобалары болып табылады. Бұл мемлекеттік экологиялық са-
раптаманы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті ор-
ган және өз құзыреті шегінде жергілікті атқарушы органдар жү-
зеге асырады. Мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері -
Жер туралы кодекстің 40 - бабында келтірілген объектілердің
сыныпталуына сәйкес I, II, III, IV санаттарға бөлінеді. I - санатқа
орталық мемлекеттік органдар әзірлейтін нормативтік құқықтық
актілердің жобалары. II - санатқа жергілікті мемлекеттік басқару
органдарының нормативтік құқықтық актілерінің жобалары,
өңірлік жоспарлар мен бағдарламалардың жобалары, облыстық

және аудандық маңызы бар аумақтарда құрылыс салудың бас жоспарларының жобалары да жатады. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы I - санат объектілеріне, қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органдар. Ал, II – III санат объектілеріне қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары, IV - санат объектілеріне жергілікті атқарушы органдар жүргізеді.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу тәртібі тұрады:

- құжаттамадан;
- тапсырыс берушіден;
- сараптаманы жүргізу мерзімі;
- жоспарлар мен бағдарламалардан;
- нормативтік-құқықтық актілерден;
- қорытындыдан.

Мемлекеттік экологиялық сараптама мерзімдерінің тәртібі:

1) Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу мерзімі мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыратын органдарға алдын ала сараптамадан өткен қажетті барлық құжаттама берілген кезден бастап үш айдан аспауға тиіс.

2) Алдын ала сараптамадан өткізу мерзімі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға келіп түскен күнінен бастап екі аптадан аспауға тиіс. Табыс етілген құжаттама толық болмаған жағдайда ол табыс еткен тұлғаға қайтарылуға жатады.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы оны жүргізу нәтижелері бойынша беріледі. Онда, мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы экологиялық сараптама объектісін іске асыру жөнінде шешім қабылдауға болатындығы мен мүмкіндігі туралы тұжырымдарды қамтиды. Егер де, мемлекеттік экологиялық сараптаманың теріс қорытындысы болған кезде тапсырушы сараптамаға ұсынылған материалдарды сараптамалық қорытындының ұсыныстары мен ескертпелеріне сәйкес пысықтауды қамтамасыз етуге және ол белгілеген мерзімде барлық материалдарды қайтадан экологиялық сараптамаға табыс етуге не белгіленіп отырған қызметінен бас тартуға міндетті. Сондай-ақ, мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу міндетті болатын шаруашылық және өзге де қызмет жоба-

ларын, мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысынсыз банктердің және өзге де, қаржы ұйымдарының қаржыландыруына және іске асыруына тыйым салынады. Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысына Қазақстан Республикасының, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) Бас мемлекеттік экологиялық сарапшысы не өз құзыреті шегінде жергілікті атқарушы органның сараптама бөлімшесінің басшысы қол қояды. Бұл жобалық құжаттамаға мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы берілген күнінен бастап бес жыл ішінде қолданыста болады.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыратын сарапшылық бөлімшелері басшыларының құқықтары болып мыналар қарастырылады:

- 1) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу үшін белгіленген тәртіппен экологиялық сарапшылық комиссияларын, топтарын құруға, жұмысқа қатысуға отандық және шет-елдік мамандарды, сондай-ақ заңды тұлғаларды тартуға;
- 2) сарапшылық бөлімшелерінің, құрылатын комиссиялар мен топтардың қызметіне бақылау жасауды жүзеге асыруға;
- 3) мемлекеттік экологиялық сараптаманың сараптама кеңестерін басқаруға, олардың қызметін ұйымдастыруға;
- 4) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу әдістерін айқындауға;
- 5) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сай келмейтін, мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылған материалдарды қабылдамай тастауға;
- 6) есептеулерде қате және басқа да олқылықтар жіберілген, оны түзету қосымша зерттеулерді, іздестіру жұмыстарын не қосымша қаражат бөлуді қажет ететін құжаттар мен материалдарды пысықтау үшін қайтаруға;
- 7) мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларына қол қоюға;
- 8) сараптама объектісін іске асырудың қоршаған ортаға жағымсыз зардаптарын куәландыратын мән-жайлар анықталған

не тапсырыс беруші жоғарыда аталған қорытынды талаптарын орындамаған кезден бастап бір ай ішінде бұрын берілген мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындыларын кері қайтарып алуға;

9) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге қажетті қосымша материалдарды сұратуға;

10) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы алынбаған объектілер туралы мәліметтерді банктер мен өзге де қаржы ұйымдарына табыс етуге;

11) Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына кінәлі тұлғаларды жауапқа тарту туралы мәселелерді шешу үшін тиісті материалдар дайындап, құқық қорғау органдары мен өзге де органдарға тапсыруға құқығы бар.

Мемлекеттік экологиялық сараптама сарапшысы болып табылады: арнаулы білімі бар және экологиялық сараптама жүргізуге қажетті жеткілікті тәжірибесі бар және мемлекеттік экологиялық сараптама органы белгілеген тәртіппен мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге тартылған адам. Экологиялық сараптама жасалуға тиісті құжаттама, тапсырыс берушінің өкілі немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектісін әзірлеуші, сондай-ақ, тапсырыс берушімен немесе әзірлеушімен еңбек немесе өзге де шарттық қатынаста тұрған заңды және жеке тұлғалар мемлекеттік экологиялық сараптама сарапшысы бола алмайды. Мемлекеттік экологиялық сараптама сарапшысы өзі жасаған сараптама үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады. Сарапшының мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге байланысты қызметіне мемлекеттік органдардың, жеке, заңды тұлғалардың және лауазымды адамдардың араласуына тыйым салынады. Мемлекеттік экологиялық сараптама сарапшысы құқықтарының бұзылуы сот және әкімшілік тәртіппен қорғалуға тиіс, ал мұндай жолсыздықтарға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Мемлекеттік экологиялық сараптама сарапшысының құқықтары мыналар болып табылады:

1) мемлекеттік экологиялық сараптаманың кешенді, объективті және сапалы жүргізілуін қамтамасыз етуге;

2) Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарын сақтауға;

3) қолданылып жүрген нормалар мен ережелер негізінде мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге;

4) мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асырудың белгіленген мерзімі мен тәртібін сақтауға;

5) мемлекеттік экологиялық сараптаманың дәлелді қорытындыларын дайындап, оларды сараптама объектісін іске асыру туралы шешім қабылдайтын органдарға және тапсырысшыларға уақтылы беруге;

6) сараптама жасалатын объектілерді одан әрі қарауға қабылдамаған не оларды негіздейтін материалдар пысықтауға қайтарылған кезде, мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысын объективті бағалап, дәлелді түрде негіздеуге;

7) материалдардың сақталуын қамтамасыз етуге және өзінің құпия құжаттарға қатысты әрекеттерін олардың иесімен келісуге, өзіне сеніп тапсырылған мәліметтердің жария етілуіне жол бермеуге міндетті. Сондай-ақ, мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу, процесіне сырттан сарапшылар тартуға болады. Бұл мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу, сырттан сарапшылар тартуды талап еткен жағдайда, мемлекеттік экологиялық сараптама органдарының сараптамалық қорытындылар алу үшін басқа мемлекеттік органдарға, өзге де ұйымдарға, сонымен бірге, жекелеген мамандарға өтініш жасауға құқығы барын білдіреді. Сырттан сарапшылар тартуды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның сараптама бөлімшелерінің басшылары Қазақстан Республикасының, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) Бас мемлекеттік экологиялық сарапшылары болып табылады. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізу кезінде сараптама бөлімшелерінің басшылары тәуелсіз болады және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес іс-әрекет жасайды. Сарапшылық бөлімшелері басшыларының тәуелсіз- дігі қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және жергілікті атқарушы органдар

бекіткен, оларды тағайындау және босату тәртібі мен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шарттарды қамтитын солар туралы ережелермен қамтамасыз етіледі.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның жанынан консультациялық-кеңесші органдар болып табылатын және өздері туралы ережелерге сәйкес әрекет ететін мемлекеттік экологиялық сараптаманың сарапшылық кеңестері құрылады. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік экологиялық сараптамасының сарапшылық кеңестері туралы ережелерді және олардың жеке құрамдарын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның басшысы бекітеді. Қоршаған ортаны қорғаумен байланысты мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары, ғылыми - зерттеу мекемелерінің, жоғары оқу орындарының ғалымдары, практик - мамандар мен жұртшылық өкілдері мемлекеттік экологиялық сараптаманың сарапшылық кеңестеріне мүше бола алады.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың сарапшылық кеңестерінің қарауына жататындар:

1) экологиялық сараптама жүргізу кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің, қоршаған ортаны қорғаудың, табиғи ресурстарды пайдалану мен молықтырудың күрделі проблемаларын талқылау;

2) мемлекеттік экологиялық сараптаманың экологиялық қауіптілігі жоғары объектілерге қатысты қорытындыларын қарау жатады. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру кезіндегі келіспеушіліктер туындаған жағдайда келіссөздер жолымен не сот тәртібімен қаралады. Мемлекеттік экологиялық сараптама мәселелері бойынша келіспеушіліктерді кез келген мүдделі тараптың, оның ішінде белгіленіп отырған қызметке тапсырыс берушінің, жергілікті атқарушы органның өтініші бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган келіссөздер арқылы қарайды. Бұл ретте мемлекеттік экологиялық сараптаманың теріс қорытындысы келіспеушіліктердің нысанасы бола алмайды. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы қаржыландыру бюджет қаражаты есебінде немесе тапсырыс берушілердің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Қоғамдық экологиялық сараптама. Қоғамдық экологиялық сараптама - қоғамдық бірлестіктер құратын сараптама ко-

миссиялары ерікті негізде жүзеге асыратын қызмет түрі болып табылады. Қоғамдық экологиялық сараптама кез - келген шаруашылық және өзге де, қызметті азаматтардың өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны сақтау жөніндегі қоғамдық мүдделердің сақталуы тұрғысынан қарайды. Ал, қоғамдық экологиялық сараптама объектісі іске асырылған жағдайда мүдделері қозғалатын жеке тұлғалар немесе қоғамдық бірлестіктер қоғамдық экологиялық сараптаманың бастамашысы болуы мүмкін. Қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушы - қоғамдық бірлестіктер, олардың атынан экологиялық сараптама жүргізу туралы өтініш беріледі және сараптама комиссиясының қызметін ұйымдастыру жөнінде шаралар қолданылады. Қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушының құқықтары болып мыналар табылады:

- қоғамдық экологиялық сараптама объектісінің тапсырыс берушісінен қоғамдық экологиялық сараптама жүргізуге қажетті құжаттар мен материалдар сұратуға;

- сараптама жүргізу үшін сарапшылық комиссия құруға;

- оң нәтижелері туралы жұртшылықтың хабардар етілуін және қоғамдық экологиялық сараптама қорытындысын әзірлеу-де қоғамдық пікірдің есепке алынуын қамтамасыз етуге;

- қоғамдық экологиялық сараптама қорытындысының бар-лық мүдделі тараптар үшін ашық болуын қамтамасыз етуге құқылы.

Қоғамдық экологиялық сараптаманың сарапшысы бола алмайтын жағдайларға мыналар жатады:

- қоғамдық экологиялық сараптама объектісінің тапсырыс берушісінің өкілі;

- қоғамдық экологиялық сараптама объектісін әзірлеуші-нің өкілі;

- қоғамдық экологиялық сараптама, объектісінің аталған тапсырыс берушісімен немесе оны әзірлеушімен еңбек немесе өзгеде шарттық қатынаста тұрған жеке тұлға;

- қоғамдық экологиялық сараптама объектісінің аталған
- тапсырыс берушісімен немесе оны әзірлеушімен шарт-тық қатынаста тұрған заңды тұлғаның өкілі.

Қоғамдық экологиялық сараптаманың сарапшысы оны жүргізуге Қазақстан Республикасының заңнамасына және қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушы берген тапсырмаға сәйкес қатысады. Сондай-ақ, қоғамдық экологиялық сараптама сарапшысының қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу кезінде қоғамдық экологиялық сараптама объектісі жөнінде қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысына қоса тіркелетін ерекше пікір білдіруге құқығы бар. Қоғамдық экологиялық сараптама сарапшысының міндеттері болып мыналар қарастырылған: Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарын сақтауға; экологиялық сараптама объектісі бойынша өз қорытындысы тұжырымдарының объективтілігі мен негізділігін, қоғамдық экологиялық сараптаманың атына мүдделі жеке тұлғалар мен қоғамдық бірлестіктерден келіп түскен ескертпелер мен ұсыныстардың ескерілуін қамтамасыз етуге; материалдардың сақталуын және қоғамдық экологиялық сараптамаға ұсынылған мәліметтердің құпиялылығын, зияткерлік меншіктің қорғалуын қамтамасыз етуге міндетті болып табылады. Қоғамдық экологиялық сараптама объектісіне тапсырыс берушісі болып табылады, жоспарланып отырған басқару, шаруашылық, инвестициялық және өзге де қызметтің жеке немесе заңды тұлғасы.

Қоғамдық экологиялық сараптама объектісі тапсырыс берушісінің құқықтары мен міндеттері:

- 1) белгіленіп отырған қызмет бойынша құжаттамада қам-тылған заңмен қорғалатын құпия мәліметтердің қорғалуына міндетті;
- 2) қоғамдық экологиялық сараптама жүргізудің барысы мен нәтижелері туралы ақпарат алуға және ақпаратқа қол жеткізуге құқылы;
- 3) қоғамдық экологиялық сараптама аясында өткізілетін қоғамдық тыңдауға және өзге де іс-шараларға қатысуға міндетті;

4) мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыратын органға, жергілікті атқарушы органдарға қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысына өз түсіндірмелері мен түсініктемелерін беруге құқылы.

Қоғамдық экологиялық сараптаманы тіркеу тәртібі төмендегі жағдайларда жүзеге асырылады .

- қоғамдық экологиялық сараптама, сараптаманы ұйым-дастырушының оны жүргізу туралы өтініші тіркелген жағдайда;

- қоғамдық экологиялық сараптаманы тіркеу туралы өтінішті оның ұйымдастырушысы аумағында сараптама объектісі-нің қызметі жоспарланып отырған жергілікті атқарушы органдарға беруі жағдайында;

- қоғамдық экологиялық сараптаманың нәтижелері ұсынымдық сипатта болатын қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысы түрінде ресімделеуі кезінде.

Қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысы мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезінде қаралуға тиіс. Қарау нәтижелері қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастырушыға және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға жіберілуге тиіс. Сонымен бірге, қоғамдық экологиялық сараптаманың қорытындысы жергілікті атқарушы органдар, қаржы ұйымдары және белгіленіп отырған қызметтің тапсырыс берушісі шешімдер қабылдаған кезде де ескерілуі мүмкін.

Тексеруге арналаган сұрақтар:

- 1. Экологиялық сараптама аясында жүргізілетін іс-шаралар?.*
- 2. Экологиялық сараптаманың түрлеріндегі айырмашылықты анықтаңыз?*
- 3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның сараптаудағы қызмет түрлері қалай жүзеге асырылады?*

7-тақырып. Экологиялық аудит

1. *Экологиялық аудиттің түсінігі және мақсаттары.*
2. *Экологиялық аудиттердің құқықтары мен міндеттері.*
3. *Экологиялық аудиттің түрлері және оларды жүргізу тәртіптері.*

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензия алған жеке тұлға, экологиялық аудитор болып табылады. Экологиялық аудитор экологиялық аудиторлық қызметі дара кәсіпкер немесе экологиялық аудиторлық ұйымның қызметкері ретінде жүзеге асыруға құқылы болады. Экологиялық аудиторлық ұйым жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензия алған коммерциялық ұйым болып табылады. Шетелдік экологиялық аудиторлық ұйымдар Қазақстан Республикасында экологиялық аудиторлық қызметті тиісті экологиялық аудиторлық ұйымдардың - Қазақстан Республикасының резиденттерін құрған кезде ғана жүзеге асыра алады. Экологиялық аудиторлық ұйымның құрамындағы экологиялық аудиторлардың саны үш адамнан кем болмауға тиіс. Экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдардың құқықтарын жекелей көрсететін болсақ. Олар төмендегідей болып табылады:

- 1) экологиялық аудитті жүргізудің әдістерін дербес айқындауға;
- 2) экологиялық аудитті жүргізуге арналған шарттың талаптарын орындау үшін қажетті құжаттаманы алуға және тексеруге;
- 3) экологиялық аудитті жүргізуге қатысуға мамандарын шарттық негізде тартуға;
- 4) аудиттелетін субъект экологиялық аудитті жүргізуге арналған шарттың талаптарын бұзған жағдайда, экологиялық аудитті жүргізуден не экологиялық аудиторлық есепті беруден бас тартуға құқылы.

Экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдардың міндеттері қарастырылады:

- 1) экологиялық аудитті жүргізудің мүмкін еместігі жөнінде хабарлауға;
- 2) аудиттелетін субъектіден алынған, сондай-ақ экологиялық аудитті жүргізу процесінде жасалған құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге;
- 3) аудиттелетін субъектіге экологиялық аудит нәтижесінде құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сай келмеуінің анықталғаны туралы хабарлауға;
- 4) экологиялық аудиторлық есептердің, сондай-ақ экологиялық аудитті жүргізу кезінде алынған және коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын мәліметтердің құпиялығын сақтауға;
- 5) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға міндетті экологиялық аудит нәтижесінде анықталған Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының бұзылуы жөнінде хабарлауға;
- 6) экологиялық аудитті жүргізуге арналған шарт бойынша міндеттемелерден туындайтын өзге де талаптарды орындауға міндетті.

Экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдардың құқықтарын қорғау мен мемлекеттік органдарда олардың заңды мүдделерін білдіру үшін экологиялық аудиторлық палатасы құрылады. Бұл экологиялық аудиторлар палатасы өз мүшелерінің жалпы жиналысында бекітілген жарғының негізінде жұмыс істейтін және мүшелік жарналар мен Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де, көздер есебінен қаржыландырылатын коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіби және өзін-өзі басқаратын ұйым болып табылады. Экологиялық аудиторлар палатасы экологиялық аудиторлар мен экологиялық аудиторлық ұйымдардың қызметін реттейді, халықаралық тәжірибе негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экологиялық аудит стандарттарын әзірлейді. Сонымен бірге, экологиялық аудитті жүргізу құқығын шектеуде қарастырылған. Олар мыналар экологиялық аудит жүргізу жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда, экологиялық аудиторлық

ұйымның немесе экологиялық аудитордың аудиттелетін субъекті алдында немесе аудиттелетін субъектінің олардың алдында ақшалай міндеттемелері болса, экологиялық аудит жүргізуіне тыйым салынады. Экологиялық аудитормен немесе экологиялық аудиторлық ұйыммен экологиялық аудит жүргізуге шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға аудиттелетін субъект болып табылады. Экологиялық аудит аудиттелетін субъектілердің қоршаған ортаға әсер ету туралы есептілігіне талдау жасаудың негізгі жолымен жүргізіледі. Сондай-ақ, экологиялық аудитті жүргізу кезінде мынандай заңдылықтарда кездеседі:

1) қоршаған ортаға әсер туралы ұсынылған есептіліктің дұрыстығын тексеру;

2) өндірістік-технологиялық процестің экологиялық талаптарға сәйкес келуін бағалау;

3) өндірістік мониторинг пен бақылау жүйесінің экологиялық талаптарға сәйкес келуін бағалау;

4) қызметкерлердің біліктілік деңгейін бағалау мақсатында арнайы зерттеулер мен өлшемдер жасалуы мүмкіндігінің болуы.

Экологиялық аудиторлар, экологиялық аудиторлық ұйымдар және аудиттелетін субъектілер арасындағы қарым-қатынастар, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес экологиялық аудит жүргізуге арналған шарттың негізінде туындайды. *Аудиттелетін субъектінің құқықтары болып табылады:* 1) экологиялық аудиторды немесе экологиялық аудиторлық ұйымды таңдау туралы шешімді дербес қабылдауға; 2) экологиялық аудитордан немесе экологиялық аудиторлық ұйымнан экологиялық аудитті жүргізуге қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары туралы егжей-тегжейлі ақпарат алуға; 3) экологиялық аудитордың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның ескертпелері мен қорытындыларына негіз болған нормативтік құқықтық актілермен танысуға; 4) экологиялық аудитордан немесе экологиялық аудиторлық ұйымнан экологиялық есептіліктің және өзге де құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкессіздігі анықталған жайлар туралы ұсыныстар, ақпарат алуға; 5) экологиялық аудитор немесе экологиялық аудиторлық ұйым экологиялық аудитті жүргізу шартының талаптарын бұзған жағдайда

олардың қызмет көрсетуінен бас тартуға құқылы. *Аудиттелетін субъектінің міндетті болып:* 1) міндетті экологиялық аудиттің жүргізілуін ұйымдастыруға; 2) экологиялық аудитті уақтылы, әрі сапалы жүргізу үшін экологиялық аудиторға немесе экологиялық аудиторлық ұйымға жағдай жасауға; 3) экологиялық аудитті жүргізу үшін экологиялық аудиторға немесе экологиялық аудиторлық ұйымға қажетті толық әрі дұрыс құжаттаманы және өзге де ақпаратты ұсынуға, ауызша немесе жазбаша түрде түсініктемелер беруге; 4) қоршаған ортаға әсер ету туралы дұрыс есептілікті және экологиялық аудитті жүргізуге қажетті өзге де құжаттарды табыс етуге; 5) егер экологиялық аудитті жүргізу шартында өзгеше көзделмесе, экологиялық аудитордың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның қызметін шектемеуге; 6) экологиялық аудитордың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның талабы бойынша қажетті ақпарат алу үшін өз атынан үшінші тұлғаларға жазбаша сауал жіберуге; 7) экологиялық аудиторлардың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның қызметтер көрсетуіне ақы төленуін қамтамасыз етуге; 8) экологиялық аудитті жүргізу шарты бойынша міндеттемелерден туындайтын өзге де талаптарды орындауға міндетті.

Экологиялық аудит түрлері мен оны жүргізу үшін негіздер болып мыналар табылады: Міндетті аудит және бастамашылық аудит экологиялық аудиттің түрлері болып табылады. Жеке және заңды тұлғаларға қатысты міндетті экологиялық аудит жүргізуге негіз болып табылады:

1) жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық және өзге де қызметінен қоршаған ортаға келтірілген, құжат бойынша расталған елеулі залал;

2) шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын табиғат пайдаланушыны заңды тұлғаны қосу, бөлу және бөліп шығару түрінде қайта ұйымдастыру;

3) шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыратын табиғат пайдаланушы - заңды тұлғалардың банкроттыққа ұшырауы.

Бастамашылық экологиялық аудит бастамашының және экологиялық аудитордың немесе экологиялық аудиторлық ұйымның арасындағы экологиялық аудитті жүргізуге арналған

шартта көзделген экологиялық аудиттің нақты міндеттері, мерзімдері мен көлемі ескеріле отырып, аудиттелетін субъектінің не оған қатысушының бастамасы бойынша жүргізіледі. Мүдделі жеке және (немесе) заңды тұлғалар, сақтандыру ұйымдары, инвесторлар, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдар экологиялық аудитке тапсырыс берушілер болуы мүмкін.

Экологиялық аудитті жүргізу тәртібі. Бұл экологиялық аудит экологиялық аудитті жүргізу жоспарына сәйкес жүргізіледі. Экологиялық аудит жүргізуді жоспарлау кезінде тараптар экологиялық аудиторлар палатасы бекіткен, ұсынымдық сипатта болатын экологиялық аудитті жүргізу жоспарының үлгілік нысанын басшылыққа алады. Экологиялық аудитті жүргізудің сапалары болып:

- 1) аудиттелетін субъектімен алдын ала танысу;
- 2) аудит жүргізу жоспарын әзірлеу;
- 3) қажетті ақпаратты жинау және жүйелеу;
- 4) аудиттелетін субъектіні қарап тексеру және оның қызметкерлеріне сауал жүргізу;
- 5) арнайы зерттеулер көлемін айқындау;
- 6) арнайы зерттеулер жүргізу;
- 7) экологиялық тәуекелдерді айқындау;
- 8) экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- 9) экологиялық аудиторлық есеп жасау болып табылады.

Экологиялық аудит жүргізудің жоспарын әзірлеу үшін экологиялық аудитор аудиттелетін субъектінің ерекшеліктерімен алдын ала танысады. Қажетті ақпаратты жинау мен жүйелеу аудиттелетін субъектіде және өзге де ұйымдарда жүргізіледі. Ақпарат құрамына жататындар:

- 1) қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің аудиттелетін субъектінің қызметіне қатысты талаптары;
- 2) аудиттелетін субъект орналасқан ауданның картасы және карта-схемасы;
- 3) аэрофотосуреттердің нәтижелері;
- 4) аудиттелетін субъектіні басқарудың әкімшілік құрылымы;

- 5) аудиттелетін субъектідегі қоршаған ортаны қорғау қызметі туралы ереже;
- 6) экологиялық рұқсат;
- 7) аудиттелетін субъектінің қоршаған ортаны қорғау бойынша соңғы бес жылдағы есебі;
- 8) өндірістік экологиялық бақылауды жүргізу жөніндегі есептілік;
- 9) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның соңғы үш жылда тексерулер жүргізуі туралы хаттамалардың көшірмелері;
- 10) аудиттелетін субъектінің қоршаған ортаны қорғау саласындағы бағдарламасы;
- 11) апатты жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою жөніндегі іс-шаралар жоспары;
- 12) қабылданған толықтырулармен қоса, аудиттелетін субъектінің қоршаған ортаға әсер етуін бағалау;
- 13) шығарындыларды, төгінділерді түгендеу жөніндегі ағымдағы кезеңдегі есеп;
- 14) жол берілетін шекті шығарындылар мен төгінділердің, қалдықтарды орналастырудың ағымдағы кезеңде қолданыста болатын нормативтерінің жобалары;
- 15) субъект қызметінің экологиялық-экономикалық аспектілері туралы деректер;
- 16) бұған дейінгі экологиялық аудиторлық есептердің көшірмелері;
- 17) аудиттелетін субъектінің әсері болатын аудандағы мемлекеттік экологиялық мониторингтің деректері;
- 18) аудиттелетін субъектінің қызметіне байланысты азаматтардың және қоғамдық бірлестіктердің өтініштері туралы мәліметтер кіреді.

Міндетті экологиялық аудитті жүргізу туралы шешімді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мәнжайлар белгіленген кезден бастап бір ай мерзім ішінде қабылдайды. Міндетті аудит жүргізу туралы шешім міндетті экологиялық аудит туралы қорытынды түрінде ресімделеді. Міндетті экологиялық аудит туралы қорытындының нысанын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді. Міндетті экологиялық аудитті жүргізу тәртібіне мыналар жатады: 1) мін-

детті экологиялық аудит аудиттелетін субъект міндетті экологиялық аудит туралы қорытындыны алған кезден бастап алты айдан аспайтын мерзімде жүргізілуі; 2) экологиялық аудитор немесе экологиялық аудиторлық ұйым аудит жүргізудің жоспарын әзірлеу үшін міндетті экологиялық аудит туралы қорытындымен, аудитті жүргізу негіздемесімен, аудиттелетін субъектіге тән экологиялық проблемалармен және өзге де аспектілермен танысуы. *Экологиялық аудиторлық есептерге қойылатын талаптар*: Бұл экологиялық аудиторлық есеп міндетті экологиялық аудиттің нәтижелері бойынша қарастырылады. Оларға жата- тындар: 1) экологиялық аудитордың және экологиялық аудитор- лық ұйымның құқықтылығын растайтын мәліметтерді; 2) ау- диттелетін субъект туралы жалпы ақпаратты; 3) экологиялық аудитті жүргізу негіздемесін; 4) экологиялық аудитті жүргізудің жоспарын; 5) жинақталған ақпарат тізбесін және оған шолуды; 6) аудиттелетін субъектіні қарап тексеру және оның қызметкер- леріне сауал қою нәтижелерін; 7) арнайы зерттеулердің нәтиже- лерін; 8) экологиялық тәуекелдерді бағалауды (сандық және са- палық тұрғыдан); 9) экологиялық қауіпсіздікті арттыру жөнін- дегі ұсынымдар тізбесін; 10) аудиттелетін субъектінің қоршаған орта үшін қауіпсіздік дәрежесі, анықталған жолсыздықтар, қор- шаған ортаны қорғау жөніндегі құжаттама мен есептілікті жүр- гізудің дұрыстығы туралы тұжырымдарды қамтуға тиіс. Сондай- ақ, бастамашылық экологиялық аудит есебінің нысаны эколо- гиялық аудитті жүргізуге арналған шартта белгіленеді. Бастама- шылық экологиялық аудиттің есебі құпия болып табылады. Бас- тамашыл экологиялық аудиттің есебіндегі мәліметтерді жария ету құқығына аудиттелетін субъект ғана ие болады.

Міндетті экологиялық аудит есебін қарау тәртібі жү- зеге асырылады, міндетті экологиялық аудиттің нәтижелері бойынша экологиялық аудиторлық есепті экологиялық аудитор немесе экологиялық аудиторлық ұйым бір мезгілде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға және аудиттелетін субъектінің басшысына аудит есебін жіберу негізінде жүзеге асырылуы. Міндетті экологиялық аудиттің нәтижелерін аудит- телетін субъект Қазақстан Республикасы экологиялық заңнама- сының талаптарын сақтау, қоршаған ортаға қызметтің теріс сал- дарларын азайту және қоршаған ортаға залал келтірудің алдын

алу, экологиялық есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау үшін пайдаланады. Міндетті экологиялық аудит барысында аудиттелетін субъектілердің экологиялық есептілігінде дұрыс емес фактілер анықталған жағдайда, аудиттелетін субъект экологиялық аудиторлық есепті алған күннен бастап бір айдан кешіктірмей өзінің есептілігін экологиялық аудит ұсынымдарына сәйкес келтіру тиіс. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын сақтау жөніндегі өзге де шараларды қолдануға және бұл туралы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды хабардар етуге тиіс. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган міндетті экологиялық аудиттің нәтижелері бойынша экологиялық аудиторлық есепті алған күннен бастап бір ай мерзімде оны қарауға міндетті. Бұл міндетті экологиялық аудиттің нәтижелерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган аудиттелетін субъектінің экологиялық талаптарды және қоршаған орта сапасының нормативтерін сақтауы туралы дұрыс ақпарат алу үшін пайдаланады.

Міндетті экологиялық аудиттің экологиялық аудиторлық есебін қараудың нәтижелері бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдардың қызмет ережелеріне жа-тады:

- аудиттелетін субъектінің қызметін тоқтата тұру туралы талап қою арқылы сотқа жүгінуі;
- экологиялық рұқсат талаптарына өзгерістер енгізуге немесе табиғи ресурстарды пайдалану және алып қою шартта-рының (келісім шарттардың) және табиғат пайдалануға өзге де рұқсаттардың талаптарын өзгерту туралы ұсыныспен арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінуі;
- өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасына өзге-рістер енгізу ұсынымдарын беруге құқылы.

Міндетті экологиялық аудиттің экологиялық аудиторлық есебі бойынша туындайтын даулар, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша шешіледі.

Тексеруге арналаған сұрақтар:

- 1. Қоршаған ортаны тексеру барысында экологиялық аудит қалай жүзеге асырылады?*
- 2. Экологиялық аудит түрлерінің айырмашылықтары мен құқықтық ерекшеліктері қалай?*
- 3. Экологиялық аудиторлық ұйымдардың қызмет түрлеріндегі айырмашылықтарға түсінігіңіз?*

8-тақырып. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік

- 1. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкер-шіліктің жалпы сипаттамасы.*
- 2. Экологиялық құқық бұзушылықтың түсінігі мен құрылымы.*
- 3. Табиғи қоршаған ортаның сапасына экологиялық жүйенің әсері.*

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасында түрлі жауаптылық қолданылатыны жайлы білу және оның ауырлығына қарай бөлінетінін ескеру керек. Жауаптылық бұл, жүріп - тұру нормаларын орындау міндеттілігі сияқты оларды бұзғаны үшін қолайсыз салдарды алып жүру міндеттілігінен көрініс болып табылады. Ал жауаптылық институты болып, біздің қоғамдық өміріміздің барлық аясынан өтуін айтамыз. Бұл экология мәселесі бойынша мемлекеттің, адамның, қоғамның, болашақ ұрпақ және табиғи пайдаланушы алдындағы жауапкершілігі болып табылады.

Экологиялық жауаптылық - бұл кешенді әлеуметтік-экономикалық және құқықтық институт. Экономикалық жауаптылықтың жалпы түсінігінен басқа, алдағы уақытта, экологиялық қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершіліктің ерекшеліктерін, экологиялық құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылықтың ерекшеліктерін алып көрсетеміз. Экологиялық жауаптылықтың екі түрлі нысаны бар. Олар экономикалық және заңды. Мұндай нысанға бөлу, оның қатынасының сипатымен реттеу әдістеріне байланысты. Экономикалық немесе экологиялық – экономикалық жауаптылық ластанушының материалдық мүддесінің құ-

қықтық қызметіне негізделеді және экономикалық әдістермен реттелінеді. Ол қоғам мен табиғат арасындағы қарым-қатынастың «ластаушы-өтейді» деген қағидасынан шығады. Заңды жауапкершілік құқыққа қайшы әрекеттерден туындайды және әкімшілік құқықтық әдістермен реттеледі. Бұл нысандар қолсұғушылық болып, жалпы экологиялық жауапкершілік институтын құрайды. Заңдылық жауапкершілік табиғатты құқықтық қорғаудағы маңызды құралы болып табылады, оның тағайындалуы табиғатты қорғауға байланысты заңдарды дұрыс орындалуын қамтамасыз етуден тұрады. Құқықтық тәртіпті сақтаумен қатар заңды жауаптылық адамдарды табиғат ресурстарына, жерді, суды, жер қойнауын, орманды, өсімдіктер әлемін, жануарлар дүниесін, ауаны қорғауға байланысты шаруашылық қатынасқа тәрбиелеуді мақсат тұтады. Заңдылық жауапкершілікті-құқықтық нормада көрсетілген негіздері бұзғанда пайда болатын қолайсыз салдар деп анықтауға болады. Табиғатты қорғауға байланысты заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық заңды жауапкершіліктің жалпы қағидаларына сүйенеді. Бұндай қағидаларға, құқыққа қайшы әрекет немесе әрекетсіздік үшін жауаптылық, кінәсі үшін жауаптылық, заңдылық, жауаптылықтан бас тарту принциптері жатады. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі бойынша реттілініп отырады. Қазіргі кездегі құқықтық тұжырымдамалық негізінде табиғатты қорғау мемлекеттің арнайы функциясы болып табылады. Экологиялық - экономикалық жауапкершіліктің құқықтық жауапкершіліктен басты айырмашылығы, біріншіден, келтірілген зиянның құқықтық шарасы арқылы құрылады, екіншіден, құқық бұзушылық айғақтар болып табылады. Ең алдымен экологиялық құқықтық жауапкершілік – едәуір, ауқымды шартты түрі болып, қоршаған ортаны қорғауға байланысты кең кешенді, заңды жауапкершіліктің түрі болатын әкімшілік, қылмыстық, азаматтық – құқықтық, материалдық және тәртіптік жауапкершіліктер жатады. Келтірген зиян туралы факті анықталса, онда экологиялық жауаптылықтың туындауының жалпылама негізі болып табылады. Оның қоғамға қауіптілігінің ауырлығына байланысты қылмыстық және әкімшілік жаза шараларын айырып көрсетуге болады. Сондықтан, ол оның нормативті дәрежесі келтірілген зиянға байланысты құқықтық және құқықтық

немесе экономикалық жауаптылықтың арасындағы шектеуліктерді анықтаушы құрал ретінде қолданылады. Келтірілген зиян мен шығын жағдайлар бұл экологиялық - экономикалық құбылысты құқықтық реттеу арқылы арнайы қарау қажеттілігін туғызады. Зиян – арнайы ұғым. Зиян экономикалық, экологиялық, құлықтық (моралдық), мемлекеттік, мемлекет аралық халықаралық т.б. болады. Бұған қарамастан зиянның жалпы ұғымның негізінде экономикалық факторлар жатады. Осының негізінде зиянның ұғымы мен келтірілген шығын экономикалық қатынастарды реттеуші азаматтық заңдармен реттелуі тиіс. Азаматтық заңдар бойынша зиян біртекті ұғым, ал «залал» және «шығын» оның құрамдас бөліктері болып табылады. «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңының 1-бабында «қоршаған ортаның сапасы - қоршаған ортаның құрамы мен қасиеттерінің сипаттамасы», деп көрсетілген.

Табиғи қоршаған ортаның сапасына экологиялық жүйенің үнемі және тұрақты, табиғат пен адам арасындағы зат және энергия алмасу процесін қамтамасыз етуді және өмірді қалпына келтіруді жатқызамыз. Табиғат сапасы табиғаттың өзімен өзін реттеу және өзін зиянды заттардан тазарту арқылы қамтамасыз етіледі. Табиғаттың өндірістік циклі ауытқымайтын процесс принципінде құрылады. Ол бойынша соңғы берілген өнім, келесі айналмадағы өнімнің шикізаты ретінде қолданылады. Адам өндірісі табиғат өндірісіне қарағанда қалдық технологиясында құрылған. Аздаған мөлшерде өндірілетін соңғы өнім, келесі циклге шығуына қызмет етпей қалдыққа жіберіледі. Табиғи ортаға адамзат өндірісінің әсері, адамның өзі тұратын ортаның сапасын реттеу туралы көптеген сұрақ қойылады. Қоршаған ортаның сапасын нормалау экологиялық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығын қорғауға кепілдік беретін, қоршаған ортаның ластануына жол берілмеуін табиғи ресурстардың толықтырылуы мен ұтымды пайдалануын қамтамасыз ететін қоршаған ортаға ықпал етудің ғылыми негізделген шекті жол берілетін нормаларының мақсатын көздейді. Қоршаған табиғи ортаға әсер ету шаралары норма болып табылады. Шекті мөлшердегі норма деп қоршаған табиғи ортаға әсер етудің шекті мөлшердегі нормасын айтамыз. Әсер ету дегеніміз – ортаға физикалық, химиялық, биологиялық өзгерістер енгізетін адамның экономика-

лық, мәдени мүдделерін жүзеге асырумен байланысты антропогендік қызмет. Табиғи ортаға теріс әсердің ең көп тараған түрі – қоршаған табиғи ортаны ластау болып табылады. «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңда қоршаған ортаны нормалаудың негізгі міндеттері көрсетілген, олар: қоршаған орта сапасын өлшемдерін белгілеу және оның адам денсаулығына, табиғи ресурстарды қорғауға, толықтыруға және ұтымды пайдалануға ықпалын анықтау; қоршаған ортаға зиянды әсердің жол берілетін шекті шамалары мен деңгейлері белгілей кіреді. Сондай-ақ, қоршаған орта сапасының белгіленген нормативтерін асыра көрсетуге немесе уақытша және төмендетілген нормалармен алмастыруға жол берілмейді.

Тексеруге арналған сұрақтар:

- 1. Экологиялық жауапкершілікке жалпы түсінік беріңіз?*
- 2. Экологиялық құқық бұзушылық заңнамалар негізінде қалай қарастырылған?*
- 3. Келтірілген шығын мен зиянның ауыр зардаптарын атаңыз ?*

9 - тақырып. Қоршаған ортаның сапасын нормалау, стандарттау мен сертификаттаудың құқықтық негіздері

- 1. Экологиялық нормалау, стандарттау және сертификаттау, табиғат ресурстарын және қоршаған ортаның негізгі шаралары.*
- 2. Экологиялық нормалардың және стандарттардың жүйесі.*
- 3. Қоршаған ортада зиянды заттардың жол беруге болатын шекті мөлшерде шоғырлану нормативтері.*

Қазіргі кезеңде экологиялық стандарттау құқықтық техникалық реттеудің біртұтас процесінде реттеледі.

Экологиялық стандарттау деп экологиялық ережелер мен талаптарды көп рет ерікті түрде пайдалану мақсатымен белгілеу бойынша өнімді өндіру және айналымға салу салаларында реттілікке қол жеткізуге және өнімнің, жұмыстардың немесе қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін экологиялық сипаттамалары бойынша арттыруға бағытталған қызметі.

Техникалық реттеу туралы 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603 Қазақстан Республикасының заңға сәйкес стандарттау төмендегі мақсаттарда жүзеге асырылады:

- азаматтардың өмір сүру қауіпсіздігі немесе денсаулығы деңгейін, жеке немесе заңды тұлғалар мүлкін, мемлекеттік немесе муниципалды мүлікті, экологиялық қауіпсіздік деңгейін, жануарлар өмірі немесе денсаулығы қауіпсіздігінің деңгейін, техникалық регламенттер талаптарының сақталуына қолдау көрсету деңгейін арттыру;

- табиғи және техногендік төтенше жағдайлардың пайда болу қаупін ескере отырып, объектілердің қауіпсіздік деңгейін арттыру;

- ғылыми-техникалық прогресті қамтамасыз ету;

- өнімнің, жұмыстардың, қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату;

- ресурстарды ұтымды пайдалану;

- техникалық және ақпараттық үйлесімділік;

- зерттеулер (сынақтар) мен өлшеулер нәтижелерінің, техникалық және экономикалық-статистикалық мәліметтердің сәйкестілігі;

- өнімнің өзара алмастырылуы.

Стандарттау принциптері жаңаша тұжырымдалған. Стандарттау төмендегі принциптерге сәйкес жүзеге асырылады:

- стандарттарды ерікті пайдалану;

- стандарттарды әзірлеу кезінде мүдделі тұлғалардың заңды мүдделерін барынша ескеру;

- халықаралық стандартты ұлттық стандартты әзірлеу негізі ретінде қолдану. Алайда кейбір жағдайларда халықаралық стандарттар талаптарының Қазақстан Республикасының климаттық және географиялық ерекшеліктеріне, техникалық және технологиялық ерекшеліктеріне сәйкессіздігінің салдарынан немесе басқа негіздер бойынша, болмаса Қазақстан Республикасының белгіленген процедураларға сәйкес халықаралық стандарттың немесе оның жеке ережесінің қабылдануына қарсы болған жағдайларда қолданылуы мүмкін емес;

- өнімнің өндірілуіне және айналуына, жұмыстардың орындалуына және қызметтердің көрсетілуіне жоғарыда аталған

стандарттау мақсаттарына қол жеткізу үшін ең қажеттісінен артық дәрежеде кедергі жасауға жол берілмейтіндігі;

- техникалық регламенттерге қайшы келетін стандарттарды белгілеуге рұқсат етілмейтіндігі;

- стандарттардың біркелкі қолданылуы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету.

Стандарттарды ерікті пайдалану принципі жаңа принцип болып табылады. Стандарт – бұл көп рет ерікті түрде пайдалану мақсатында өнімнің сипаттамалары, өндіру, пайдалану, сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату процестерін жүзеге асыру және сипаттау ережелері белгіленетін құжат. Сонымен қатар стандартта терминологияға, орауышқа, таңбалануына немесе заттық белгіге және оларды салу ережелеріне талап қойылуы мүмкін.

«Техникалық реттеу туралы» мемлекеттік заң қабылданғанға дейін стандарттардың басым бөлігіне қолданылуы міндетті талаптар енгізілген болатын. Сөйтіп, қазіргі уақытта міндетті талаптарды техникалық регламенттер белгілейді, ал стандарттар регламенттер ережелерін нақтылауға бағытталған, орындалуы міндетті емес және ерікті түрде орындалады.

Заңда стандарттау саласында бірқатар құжаттар қарастырылған. Оларға мыналар жатады:

- ұлттық стандарттар;

- стандарттау ережелері, стандарттау саласындағы нормалар мен ұсыныстар;

- белгіленген тәртіппен қолданылатын жіктемелер, жалпы мемлекеттік техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпарат;

- ұйымдар стандарттары.

Стандарттау жөніндегі жұмысты арнайы уәкілдік берілген орган жүзеге асырады. Қазіргі кезде ондай орган ҚР Мемлекеттік стандарттау жөніндегі комитеті болып табылады. Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі мемлекеттік орган:

- ұлттық стандарттарды бекітеді;

- ұлттық стандарттарды әзірлеу бағдарламасын қабылдайды;

- ұлттық стандарттар жобаларының сараптамасын ұйымдастырады;

- ұлттық стандарттау жүйесінің ұлттық экономика мүдделеріне, материалдық-техниканың жағдайына және ғылыми-техникалық прогреске сәйкес болуын қамтамасыз етеді;

- осы салада ұлттық стандарттардың, стандарттау ережелерінің, нормалар мен ұсыныстардың есебінің жүргізілуін жүзеге асырады және олардың мүдделі адамдарға қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

- стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді құрады және олардың қызметін үйлестіреді;

- ұлттық стандарттардың жариялануын және таратылуын ұйымдастырады;

- халықаралық ұйымдар жарғыларына сәйкес халықаралық стандарттардың әзірленуіне қатысады және оларды қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының мүдделерінің ескерілуін қамтамасыз етеді;

- ұлттық стандарттарға сәйкестік белгісінің бейнесін бекітеді;

- Қазақстан Республикасын стандарттау саласында қызмет жасайтын халықаралық ұйымдарда білдіреді.

«Техникалық реттеу туралы» мемлекеттік заңда сондай-ақ ұйымдар стандарттары да қарастырылған. Жоғарыда айтылған стандарттау мақсаттарына қол жеткізу үшін, сонымен қатар өндірісті жетілдіру және өнімнің, жұмыстардың орындалуының, қызметтердің көрсетілуінің сапасын қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ әр түрлі білім салаларында алынған зерттеулер (сынақтар), өлшеулер және әзірлемелер нәтижелерін тарату және пайдалану үшін ұйымдар, оның ішінде коммерциялық, қоғамдық, ғылыми ұйымдар, өзін-өзі реттейтін ұйымдар, заңды тұлғалар бірлестіктері өз стандарттарын әзірлеуге және бекітуге құқылы. Бұл жағдайда ұйымдар стандарттарын әзірлеу, бекіту, есептеу, өзгерту және жою тәртібін олардың өздері белгілейді.

Ұйым стандартының жобасын әзірлеуші оны стандарттау жөніндегі техникалық комитетке сараптау үшін беруі мүмкін. Ұйымдар стандарттары өнімнің шыққан еліне және (немесе) жеріне, өндіру, пайдалану, сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату процестеріне, жұмыстардың орындалуына және қызметтердің көрсетілуіне, мәмілелер түрлеріне және ерекшеліктеріне және(немесе) дайындаушы, орындаушы, сатушы, сатып алушы

болып табылатын тұлғаларға қарамастан тең көлемде және бірдей амалмен қолданылады.

Экологиялық сертификаттау экологиялық құқық механизмінде ең маңызды орын алады. Табиғатты және азаматтардың экологиялық құқықтары қорғау өлшемі ретінде экологиялық сертификаттау мақсаты сараптама нысанының экологиялық талаптарға сәйкестігін анықтау болып табылатын мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұқсас. Олардың арасындағы түбегейлі айырмашылық – нысанында. Мысалы, міндетті мемлекеттік экологиялық сараптама нысандарының бірі – экологиялық сараптау саласындағы арнайы уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін тізімге кіретін жаңа техникаға, технологияға, материалдарға, заттектерге, сертификатталатын тауарлар мен қызметтерге, оның ішінде шетелде сатып алынатын тауарларға техникалық құжаттама жобалары болып табылады. Сараптау нысандары – әрдайым жоба алды, жобалық және жоспар алды құжаттар болса, экологиялық сертификаттаудың нысандары – дайын өнім болып табылады. Сәйкесінше, экологиялық сертификаттау нысандары жаңа техника, материалдар, заттектер болып табылады. Тауарлар мен қызметтердің міндетті экологиялық сертификаттау тізіміне «Экологиялық сараптау туралы» заңға сәйкес енгізілуі оларды міндетті мемлекеттік экологиялық сараптау нысандарына жатқызуға негіз болады.

Экологиялық сертификаттаудың көмегімен табиғат байлақтарының ұтымды пайдаланылуын, қоршаған орта мен адам денсаулығының экологиялық қауіпті өнімнің немесе қызметтердің зиянды әсерінен қорғалуын қамтамасыз етуге қатысты бірқатар өте маңызды мәселелер шешіледі. Ол төмендегілерге себеп болады:

- экологиялық қауіпті өнімдер мен қызметтердің нарықта пайда болуы мен сатылуының, сәйкесінше экологиялық және экогенді зиянның алдының алынуына;

- экологиялық қауіпсіз технологиялық процестер мен жабдықтардың енгізілуіне;

- барлық даму циклдарында экологиялық қауіпсіз өнімнің өндірілуіне, оның сапасы мен бәсекеге қабілеттілігінің артуына;

- өндірісті ұйымдастыру үшін белгіленген экологиялық талаптарға сай жағдайлардың жасалуына;

- шаруашылық және басқа да қызметтің басқарылуының жетілдірілуіне;

- мемлекетке экологиялық қауіпті өнімнің, технологиялардың, қалдықтардың, қызметтердің әкелінуінің алдын алуға;

- мемлекет экономикасының әлемдік нарыққа интеграциялануына және халықаралық міндеттемелердің орындалуына.

«Техникалық реттеу туралы» мемлекеттік заңға сәйкес сертификаттау – бұл сертификаттау жөніндегі органның нысандардың техникалық регламенттер талаптарына, стандарттар ережелеріне немесе шарттар талаптарына сәйкестігін растауының түрі. Экологиялық сертификаттауды уәкілетті орган нысандардың экологиялық объектілерге сәйкестігін растау үшін жүргізеді.

Экологиялық сертификаттауды құқықтық реттеудің ерекшелігі, оның ең соңғы экологиялық заңнамада ол туралы талаптардың бірқатар актілерде қарастырылғандығында. Мысалы, кейбір нысандарына қатысты қолданылатын міндетті экологиялық немесе экологиялық маңызы бар сертификаттау талаптарын заңнама белгілеген. «Тұтынушылар құқықтары қорғау туралы» мемлекеттік заңға сәйкес заңдарда немесе стандарттарда тұтынушының өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін, қоршаған ортаның қорғалуын және тұтынушы мүлкіне зиянның келтірілуін қамтамасыз ететін талап қойылған тауарлар (жұмыстар, қызметтер), сондай-ақ тұтынушының өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құралдар міндетті түрде сертификаттауға жатады.

Қазақстан Республикасының аумағында сертификаттау немесе сәйкестікті растау ерікті немесе міндетті түрде жүргізілуі мүмкін.

Сәйкестікті міндетті түрде растау төмендегі формаларда жүзеге асырылады:

- сәйкестік туралы декларация қабылдау;

- міндетті сертификаттау.

Сәйкестік төмендегі жағдайларда міндетті түрде жүзеге асырылады:

- тиісті техникалық регламентте белгіленсе және техникалық регламент талаптарына сәйкестігін ғана растау қажет болса;

- сәйкестікті міндетті түрде растау нысаны Қазақстан Республикасының аумағында ғана айналымға түсетін өнім болып табылады. Бұл жағдайда міндетті растаудың формалары мен сызбаларын тек қана техникалық регламент техникалық регламент мақсаттарына қол жеткізілмеу қауіпінің дәрежесін ескере отырып белгіленуі мүмкін.

Сәйкестік туралы декларациясы мен сәйкестік сертификатының заңды күші сәйкестікті міндетті түрде растау сызбаларына қарамастан бірдей болады және Қазақстан Республикасының аумағында әрекет етеді.

Мәлімдеушілер шеңберін тиісті техникалық регламент белгілейді.

Міндетті сертификаттауды сертификаттау жөніндегі орган жүзеге асырады. Ол мәлімдеушімен жасалған шарттың негізінде жүргізіледі. Белгілі бір өнім түрлерін сертификаттау үшін қолданылатын сертификаттау сызбалары тиісті техникалық регламентте белгіленеді. Өнімнің техникалық регламенттер талаптарына сәйкестігі мәлімдеушіге сертификаттау жөніндегі орган беретін сәйкестік сертификатымен расталады.

Сәйкестік сертификатына төмендегі мәліметтер енгізіледі:

- мәлімдеушінің аталуы және орналасқан жері;
- сертификаттаудан өткен өнімді дайындаушының аталуы және орналасқан жері;
- сәйкестік сертификатын берген сертификаттау жөніндегі органның аталуы және орналасқан жері;
- осы нысанды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін сертификаттау нысаны туралы ақпарат;
- сертификаттау кезінде сәйкестігін анықтау талап етілетін техникалық регламенттің аталуы;
- өткізілген зерттеулер (сынақтар) және өлшеулер туралы ақпарат;
- мәлімдеушінің сертификаттау жөніндегі органға өнімнің техникалық регламент талаптарына сәйкестігінің дәлелі ретінде ұсынған құжаттары туралы ақпарат;
- сәйкестік сертификатының әрекет ету мерзімі.

Сәйкестік сертификатының әрекет ету мерзімі тиісті техникалық регламентте анықталады.

Міндетті сертификаттауды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен аккредитацияланған сертификаттау жөніндегі орган жүзеге асырады. Сертификаттау жөніндегі орган сертификаттауды өткізумен қатар басқа да бірқатар функцияларды атқарады:

- зерттеулер (сынақтар) мен өлшеулерді өткізу үшін шарттық негізде ҚР Үкіметі белгілеген тәртіппен аккредитацияланған сынақ зертханаларын (орталықтарын) тартады;

- міндетті сертификаттаудың тиісті сызбасында және шартта қарастырылған болса, сертификаттау нысандарын бақылайды;

- оларға берілген сәйкестік сертификаттарының тізілімін жүргізеді;

- техникалық регламенттер талаптарының сақталуын қадағалайтын (бақылайтын) тиісті мемлекеттік органдарға сертификаттауға келіп түскен, бірақ одан өтпеген өнім туралы ақпарат береді;

- өзі берген сәйкестік сертификатының әрекетін тоқтатады немесе оның күшін жояды;

- мәлімдеушілерге міндетті сертификаттауды өткізу тәртібі туралы ақпараттың берілуін қамтамасыз етеді;

- ҚР Үкіметі бекіткен жұмыстардың құнын анықтау әдістемесінің негізінде сертификаттау жұмыстарының құнын белгілейді.

Өнімнің өндірілуіне, пайдаланылуына, сақталуына, тасымалдануына, өткізілуіне және кәдеге жаратылуына қатысты техникалық регламент талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау (қадағалау) жүргізіледі. Оның үстіне, өнімнің техникалық регламент талаптарына сәйкестігін мемлекеттік бақылау (қадағалау) өнім айналымда жүрген кезеңде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдарының құқықтары:

- дайындаушыдан (сатушыдан, шетелдік дайындаушы қызмет атқаратын тұлғадан) өнімнің техникалық регламенттер талаптарына сәйкестігін растайтын сәйкестік туралы декларацияны немесе сәйкестік сертификатын, болмаса, егер тиісті техникалық регламентте қарастырылған болса, олардың көшірмелерін тапсыруын талап ету;

- техникалық регламенттер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау (қадағалау) шараларын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жүзеге асыру;

- техникалық регламенттер талаптарының бұзылғандығы туралы өкімдерді талаптың бұзылу сипаты ескерілген мерзімде беру;

- техникалық регламенттер талаптарын бұзушылықтарды басқа шаралармен жою мүмкіндігі болмаса, өнім беруге тыйым салу туралы, сондай-ақ өндіру, пайдалану, сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату процестерін толық немесе ішінара тоқтату туралы уәждеделген шешім қабылдау;

- сәйкестік туралы декларацияның немесе сәйкестік декларациясының әрекетін тоқтата тұру немесе күшін жою;

- дайындаушыны (орындаушыны, сатушыны, шетелдік дайындаушы қызметтерін атқаратын тұлғаны) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жауапкершілікке тарту;

- зиян келтіруге жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да шараларды қабылдау.

Мемлекеттік бақылау (қадағалау органдары) сондай-ақ төмендегілерді жүзеге асыруға міндетті:

- техникалық регламент талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау (қадағалау) шараларының нәтижелері бойынша техникалық регламенттер талаптарының бұзылу салдарын жою шараларын қабылдауға;

- өнімнің техникалық регламенттер талаптарына сәйкессіздігі туралы ақпаратты жауапкершілік шараларын қабылдау үшін тиісті органдарға жіберуге.

Техникалық регламенттер талаптарын бұзғаны үшін, сондай-ақ мемлекеттік бақылау (қадағалау) органының өкімдері мен шешімдерін орындамаған жағдайда дайындаушы (орындаушы, сатушы, шетелдік дайындаушы қызметтерін атқаратын тұлға) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады. Егер өндіру, пайдалану, сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату процестерін жүзеге асыру кезінде өнімнің техникалық регламенттер талаптарына сәйкессіздігінің, техникалық регламенттер талаптарының бұзылуының нәтиже-

сінде азаматтар денсаулығына, жеке және заңды тұлғалар мүлкіне, мемлекеттік немесе муниципалды мүлікке, қоршаған ортаға, жануарлар мен өсімдіктер өміріне немесе денсаулығына зиян келтірілсе немесе осындай зиянның келтірілу қауіпі туындаса, аталған тұлғалар келтірілген зиянның орнын толтыруға және басқа тұлғаларға, олардың мүлкіне, қоршаған ортаға зиянның келтірілуіне жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шара қабылдауға міндетті.

Дайындаушы (сатушы, шетелдік дайындаушы қызметтерін атқаратын тұлға) кемшіліктерді жою, сондай-ақ өнімді кемшіліктерді жою орнына жеткізу және оны тұтынушыларға қайтару кезінде қажетті қаражатты өз есебінен жұмсайды.

Өнімнің техникалық регламенттер талаптарына сәйкессіздігі туралы ақпарат келіп түскен және расталған жағдайда дайындаушы (сатушы, шетелдік дайындаушы қызметтерін атқаратын тұлға) осындай ақпараттың дұрыстығы расталған сәттен бастап он күннің ішінде зиян келтірудің алдын алу бойынша шаралар бағдарламасын әзірлеуге және оны мемлекеттік бақылау (қадағалау) органымен оның құзыретіне сәйкес ұйғаруға міндетті.

«Техникалық реттеу туралы» мемлекеттік заңда зиянды өтеу және оның алдын алу міндеттілігі баса айтылған. Алуан түрлі экологиялық өнімдерге (қозғалтқыштарға, автомобильдерге, өндірістік техникалық нысандарға және т.б.) қатысты осы салада, мысалға, экологиялық нормативтердің сақталуын қамтамасыз етпегені үшін жауапкершілікті реттеу маңызды болды. Әдетте, көлік құралдарына байланысты зиян келтіру туралы емес, олар үшін белгіленген қалдықтар, шуылдар нормативтерінің шектен асуы туралы мәселе қойылып отыр. Және ол үшін жауапкершілік ең алдымен өнімді өндірушіге жүктелуі керек. Сонымен қатар, аталған Заңда дайындаушының өзі технологиялық регламенттердің экологиялық талаптарына сәйкес өндірген, мысалы, автомобилінің немесе басқа көлік құралының белгілі бір мерзім немесе жүріс ішінде дұрыс қолданылған жағдайда сәйкес болатындығына беретін кепілдігін қарастыру керек. Өндірілген немесе сатылған автомобильдің зиян келтіруі ғана емес, техникалық регламент талаптарына сай болмауы көлік құралын

дайындаушыға қайтару және техникалық мүмкіндік бар болса зиянды соның есебінен жою үшін негіз болуға тиіс.

Заңға сәйкес, егер зиян келтіру қауіпі бағдарламада қарастырылған шараларды өткізу арқылы жойылуы мүмкін болмаса, дайындаушы (сатушы, шетелдік дайындаушы қызметтерін атқаратын тұлға) өнімді өндіруді және өткізуді дереу тоқтатып, өнімді қайтарып алуға және сатып алушыларға өнімнің кері қайтарылуына байланысты туындаған шығындарын өтеуге міндетті.

Заңда өнімді мәжбүрлеп кері қайтару қарастырылған. Мемлекеттік бақылау (қадағалау) органының өкімін орындамаған немесе зиян келтірудің алдын алу шараларын орындамаған жағдайда мемлекеттік бақылау (қадағалау) органы өз құзыретіне сәйкес, сондай-ақ дайындаушының (сатушының, шетелдік дайындаушы қызметтерін атқаратын тұлғаның) зиян келтірудің алдын алу шаралары бағдарламасын орындамағаны туралы мәлім болған басқа да тұлғалар, өнімді мәжбүрлеп кері қайтару туралы талап-арызбен сотқа жүгінуі мүмкін.

Талқылауға арналған сұрақтар:

- 1. Қоршаған ортаға ластайтын заттардың жол беруге бола-тын шекті мөлшерін нормативін анықтаңыз?*
- 2. Күзетілетін, санитарлық-қорғану және өзге де қорғаныс өңірлерін анықтаңыз?*
- 3. Қоршаған ортаны стандарттаудың жүзеге асуы қалай?*

ЕРЕКШЕ БӨЛІМ

10-тақырып. Жердің құқықтық негіздері

- 1. Жер құқығының түсінігі мен міндеттері, жүйесі, қағидаттары.*
- 2. Жерге меншік құқығының мазмұны.*
- 3. Жерді пайдалану құқығы.*

Жер адам үшін ғана емес қоғам үшін тек экономикалық қажеттілік емес, ол табиғаттың басқа да объектілерімен байланысқа түсе отырып экологиялық мәнге ие болады. Жер барлық табиғи ресурстарды біріктіре отырып, оларға табиғи ортаны

пайдануда, иеленуде басты жасау болып табылады. Бұл оның меншік объектісі ретіндегі, сонымен қатар, пайдалану және қорғау объектісі, яғни, табиғи ресурс ретіндегі құқықтық жағдайына әсер етеді. Зандармен жерді табиғи ресурс, Қазақстан Республикасы халқының өмірі мен қызметінің негізі ретінде сақтау және оны ұтымды әрі нысаналы пайдалану қағидалары бекітілген. Ол үшін жерлерді экологиялық пайдаланудың маңызы экономикалық пайдаланудан кем еместігі. Жер, жер қойнауы, жер үсті және жер асты сулары, атмосфералық ауа; ормандар мен өзге де өсімдіктер; жануарлар дүниесі, тірі организмдердің гендік қоры; табиғи экологиялық жүйелер, климат және жердің озон қабаты жойылудан, тозудан, зақымдалудан, ластанудан және өзгеде зиянды әсерден қорғалуға тиіс. Жер құқығының негіздері болып, жерді пайдалану, қорғау, қорларын басқару, меншіктік құқықтарды бекіту барысында туындайтын қоғамдық қатынастар. Жер жүйесі бойынша жалпы және ерекше бөлімнен тұрады. Жалпы-бұл жер құқығының жалпы ережелерін, қағидаттарын: жерге меншік құқығы, жер қорын мемлекеттік басқару, жерге деген меншік және басқа мүліктік құқықтарды қорғайды, жерге байланысты құқық бұзушылық және жауаптылық, жер үрдісі жатады. Ерекше бөлім - бұл, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер; елді мекендердің жері; өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жері және өзгеде ауылшаруашылығы мақсатында арналмаған жер; орман қорының жері; су қорының жері; босалқы жер осылардың құқықтық тәртібін реттейді. ҚР-ның аумағында табиғи жағдайлары бойынша мынадай аймақтар ерекшеленеді: орманды дала; дала; қуаң дала; шөлейтті; шөлді; тау етегі шөлді далалық; субтропикалық шөлді; субтропикалық тау етегі шөлді; орта азиялық таулы; оңтүстік сібір таулы аймақтар.

Жер құқығының негізгі қағидаттары: 1) ҚР-сы аумағының тұтастығы, қол сұғылмаушылығы және бөлінбейтіндігі; 2) жерді табиғи ресурс, ҚР-сы халқының өмірі мен қызметінің ретінде сақтау; 3) жерды қорғау және ұтымды пайдалану; 4) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; 5) жерді нысаналы пайдалану; 6) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің басымдығы; 7) жердің жәй - күйі және оған қолжетімділік туралы ақпаратпен қамтамасыз ету; 8) жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі іс-ша-

раларды мемлекеттік қолдау; 9) жерге залал келтірмеуін болдырмау немесе оның зардаптарын жою; 10) жерді ақылы пайдалану.

Жер құқығының негізгі міндеттері болып табылады. Оған ҚР-сы жер заңдарының міндеттері жатады. Бұған жатады, жер учаскесіне меншік құқығы мен жер пайдалану құқығы туындауының өзгертілуі мен тоқтатылуының негіздерін, шарты мен шектері; жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру тәртібін белгілеуі; жерді ұтымды пайдаланумен қорғауды, топырақ құнарлылығын ұдайы қалпына келтіріп отыруы; табиғи ортаны сақтау мен жақсартуды қамтамасыз ету мақсатында жер қатынастарын реттеуі; шаруашылық жүргізудің барлық нысандарын тең құқықпен дамыту үшін жағдайлар жасауы; жеке және заңды тұлғалар мен мемлекеттің жерге құқықтарын қорғауы; жылжымайтын мүлік рыногын жасау мен дамытуы; жер қатынастары саласында заңдылықты нығайту болып табылады.

Жер – ҚР-ның егемендігі белгіленетін шектегі аумақтық кеңістік, табиғи ресурс, жалпыға ортақ өндіріс құралы және кез келген еңбек процесінің аумақтық негізі бола алады. ҚР-да жер мемлекеттік меншікте болады. Жер учаскелері Жер кодексінде белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншіктеде болуы мүмкін. Жер иелену құқығы - жерді іс жүзінде иеленуді жүзеге асырудың заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі. Жеке меншіктегі жер учаскесін уақытша пайдалану құқығы - жер учаскесінің меншік иесі мен уақытша пайдаланушы арасындағы жер учаскесін уақытша пайдалану туралы шарт негізінде туындайтын, субъектінің жер учаскесін иелену және пайдалану құқығы. *Жер пайдалану құқығы* - тұлғаның мемлекеттік меншіктегі жер учаскесін өтеулі және өтеусіз негізде шектеусіз мерзімге немесе белгілі бір мерзім ішінде иелену және пайдалану құқығы. *Жерге билік ету құқығы* - мемлекеттің ҚР-сы аумағындағы жердің заңдық тағдырын айқындаудағы заңмен қамтамасыз етілген құқығы, сондай-ақ жердің жеке меншік иесінің өз жер учаскесіне қатысты ҚР-ның заң актілерінде тыйым салынбаған мәліметтер жасауға құқығы.

Жерге меншік құқығын және өзге де құқықтарды жүзеге асыра отырып, жер ресурстарын басқаруға жекелеген субъекті-

лерге жер учаскелерін бекітіп беруге байланысты жерді пайдаланумен қорғау жөніндегі құқықтық қатынастар *жер құқығы қатынастары* деп аталады. Қоғамның материалдық, мәдени және басқада қажеттерін қанағаттандыру үшін шаруашылық және өзге де қызмет процесінде пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін жер, жер ресурстарын құрайды. Ал жер туралы мәліметтер жүйесі, мемлекеттік кадастрлардың құрамдас бөлігі *жер кадастры* деп аталады. *Сервитут* дегеніміз бөтен жер учаскелерін шектеулі мақсатта пайдалану, оның ішінде жаяу өту, көлікпен өту, қажетті коммуникацияларды тарту мен пайдалану, аң аулау шаруашылығы және өзге де қажеттер үшін пайдалану құқығы. *Кондоминиум* - жылжымайтын мүлікке меншіктің ерекше нысаны, бұл ретте жылжымайтын мүліктің жекелеген бөліктері жеке және (немесе) заңды тұлғалардың бөлек меншігінде болады. Ал жылжымайтын мүліктің бөлек меншікке жатпайтын бөліктері, оның ішінде жер учаскесі де, оларға ортақ үлестік меншік құқығымен тиеселі болады және бөлек (дербес) меншігіндегі жылжымайтын мүлік бөліктеріне құқықтардан ажыратылмайды. Мұндай ереженің нақты мысалы ретінде ҚР Жер кодексінің 26-бабының 5-тармағындағы нормаларды атауға болады. Оған сәйкес, мемлекеттік меншіктегі жер учаскелері жеке меншікте бола алатын жағдайда, оларды азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың меншігіне беруден бас тартуға жол берілмейді. Мемлекеттің жердің меншік иесі ретіндегі міндеттері ҚР Конституциясымен; мемлекеттік басқару органдарының міндеттері Жер кодексімен, 2001 жылғы 23-қаңтардағы «ҚР Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» заңымен және ҚР Үкіметінің 1999 жылғы 23-қарашадағы №1776 «ҚР Жер ресурстарын басқару агенттігі туралы» арнайы қаулысымен реттеледі. Мемлекеттің жерге меншік иесі ретіндегі құқықтарын Жер кодексінде және ҚР өзге заң актілерінде бекітілген құзыреттіліктеріне сәйкес мемлекеттік органдар жүзеге асырады (ҚР ЖК 13-19 баптары).

Уәкілетті мемлекеттік органдар мемлекеттік биліктік функциясын келесі нысандарда жүзеге асырады:

- 1) жер учаскесін беру (табыстау, сату-сатып алу) (ҚР ЖК 27 бабы);

2) жер учаскесін мемлекеттік қажеттіктер үшін алып қою, оның ішінде сатып алу жолымен алып қою (ҚР ЖК 84-бабы);

3) мақсаты бойынша пайдаланылмаған немесе Қазақстан Республикасының заңдарын бұза отырып пайдаланылған жер учаскесін меншік иесінен және жер пайдаланушыдан алып қою (ҚР ЖК 92, 93-баптар);

4) төтенше жағдайлар кезінде жер учаскесін уақытша алып қою (ҚР ЖК 94-бабы);

5) радиоактивтік ластануға ұшыраған жерді меншік иесі-не құны тең басқа жер учаскесін бере отырып алып қою (ҚР ЖК 81-бабының 4-тармағы);

6) тәркілеу (ҚР ЖК 95-бабы).

Жер, оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер және жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттік меншікте болады. Қазақстан Республикасында жер мемлекеттік меншікте болады. Жер учаскелері ҚР Жер кодексінде белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін. Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 21-бабының 1-тармағы меншік құқығының мазмұнын ашады, ол жерге мемлекеттік меншіктің мазмұнының түсінігі мен жерге жеке меншік құқығының мазмұнын қамтиды және меншік иесіне өз учаскесіне қатысты иелену, пайдалану және билік ету құқықтары тиесілі екендігін көздейді. ҚР Жер кодексіне сәйкес, жер учаскесінің меншік иесі Жер кодексінде және ҚР өзге де заң актілерінде көзделген негіздерде, шарттар мен шектерде меншік құқығын жүзеге асыра алады. Жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жеке меншік құқығындағы жер учаскесін иелену, пайдалану және оған билік етудің түсінігі ҚР ЖК 12-бабының 28, 31, 32-тармақтарында көзделген жер учаскесін иелену, пайдалану және билік етудің түсінігімен ашылады. Және де айта кететін бір жайт, бұлар жер учаскесіне жеке меншік құқығының түсінігімен тығыз байланысты. Жерді иелену, нақтырақ айтқанда, жер учаскесін иелену құқығы бұл жерді (жер учаскесін) меншік иесінің жерді іс жүзінде иеленуді жүзеге асырудың заңмен қамтамасыз етілген мүмкіндігі. Жеке меншігі құқығындағы жер учаскесін жер пайдалану құқығын жер учаскесін ныса-

налы мақсаты бойынша пайдалану іс жүзінде пайдалану деп түсінген жөн (ҚР ЖК 64-бабы). ҚР Жер кодексінің 12-бабының 30-тармағында берілген анықтама жер учаскелеріне жеке меншік құқығына қатысы жоқ, себебі, бұл анықтама мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін көздейді. Жеке меншіктегі жер учаскесіне билік ету бұл жердің жеке меншік иесінің өз жер учаскесіне қатысты Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынбаған мәмілелер жасауға құқығы. Жер кодексінде меншік иесінің жер учаскесіне қатысты құқықтарының үш түрі көзделген:

- жеке меншік құқығын іске асыру құқығы;
- жер учаскесіне құқық шектері;
- жер учаскелерінің меншік иелерінің құқықтары.

Жеке меншік құқығын іске асыру құқығы болып табылады, егер Жер кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде өзгеше көзделмесе, жер учаскесінің меншік иесі мемлекеттік органдардың қандай да бір рұқсатын алмай, жер учаскесін өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асырады. Меншік иесі өзінің жер учаскесіне қатысты оның нысаналы мақсатын өзгертпей, Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынбаған кез келген мәмілелерді жасасуға құқылы болып табылады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің меншік иелері аталған құқықтарды ҚР Жер кодексінің ережелерін ескере отырып жүзеге асырады.

Жер учаскесіне меншік құқығы басқа адамға мәміле жасалған кездегі барлық ауыртпалықтарымен беріледі. Жер учаскесінің меншік иесі оның нысаналы мақсатын өзгертпей, жер учаскесін уақытша пайдалану туралы шарттың негізінде оны уақытша пайдалануға беруге құқылы. Жер учаскесін уақытша пайдалану туралы шарт жалдау шарты (жалға алушымен) немесе ақысыз пайдалану туралы шарт (ақысыз пайдаланушымен) нысанында жасалады (ҚР ЖК 25-бабы).

Жер учаскесіне құқық шектері деп, егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, жер учаскесіне құқық осы учаске шекарасындағы топырақтың үстіңгі қабатына, тұйық су айдындарына, екпелерге қолданылады. Жер

учаскесі меншік иесінің топырақ астындағы жер қойнауын пайдалануы жер учаскесінің нысаналы мақсатына сәйкес және жер қойнауы саласындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жүзеге асырылады. Кең тараған пайдалы қазбаларды өндіруге және жеке қажетке жер асты суларын алуға жер қойнауын пайдалану құқығын табыстау қойнауында кең тараған пайдалы қазбалар және жер асты сулары бар жер учаскелерін жеке меншікке немесе жер пайдалануға берумен бір мезгілде жүргізіледі (ҚРЖК42-бабы).

Жер учаскелерінің меншік иелерінің құқықтары ҚР Жер кодексінің 64-65-баптарында қарастырылған жер учаскелері меншік иелерінің құқықтары жер учаскелері меншік иелері мен жер пайдаланушылардың кешенді құқықтары болып табылады. Олар «Жер учаскелері меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелерін пайдалану кезіндегі құқықтары мен міндеттері» тарауында қарастырылады. Бұл ретте әкімшілік-аумақтық бірліктер бойынша жер учаскелеріне жеңілдікті бағының нақты мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Жер учаскесіне жеке меншік құқығын сатып алу ақысын толық төлеген тұлғаның ҚР ЖК 24-бабының 2-тармағының 1-тармақшасына сәйкес жер учаскесімен ҚР заңдарында тыйым салынбаған мәмілелердің кез келген түрін жасауға; аталған баптың 2-тармағының 2-тармақшасына сәйкес жер учаскесіне жеке меншік құқығы мемлекеттік тіркелген кезден 10 жыл өткеннен кейін, жер учаскесімен ҚР заңдарында тыйым салынбаған мәмілелердің кез келген түрін жасасуға құқығы бар. Бұл шектеу жер учаскесін кепілге салуға таралмайды. Жер учаскелерін сатып алған кезде сатып алу сомасын төлеу жер учаскесіне жеке меншік құқығын сатып алатын тұлғаның жазбаша өтініші бойынша он жылға дейін төлеу мерзімін ұзарту арқылы жүргізілуі мүмкін. Жер учаскелерін төлеу мерзімін ұзарту арқылы алған тұлғаларға учаскенің бағасын толық төлегенге дейін мәміле (сату, жалға немесе ақысыз пайдалануға беру, шаруашылық жүргізуші субъектілердің жарғылық капиталына салым немесе жарна ретінде беру) жасасуға тыйым салынады. Жеңілдікті бағамен төлеу мерзімі ұзартылып сатылған жер учаскесімен мәміле жасасуға, оның сатып алу бағасы толық төленгеннен кейін он жыл өткен соң құқық беріледі.

Жерге меншік құқығының түрлеріне - ҚР-да жерге мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады.

Меншік құқығының субъектілеріне: 1) республика аумағындағы жерге мемлекеттік меншік құқығының субъектісі - Қазақстан Республикасы; ҚР Жер кодексінде белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жер учаскелеріне жеке меншік құқығының субъектісі - азаматтар және мемлекеттік емес заңды тұлғалар. Бұл ретте, егер жер кодексінде өзгеше белгіленбесе, азаматтар деп ҚР-ның азаматтары, сондай-ақ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар ұғынылады.

Меншік иесінің өзіне тиесілі жер учаскесін иеленуге, пайдалануға және оған билік етуге құқығы бар. Жердің меншік иесі ретіндегі мемлекеттің құқықтарын өз құзіретіне сәйкес мемлекеттік органдар жүзеге асырылады. (Жер комитеттері).

Жер учаскесіне меншік құқығы:

- 1) меншік құқығын табыстау;
- 2) меншік құқығын беру;
- 3) меншік құқығының әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен (мұраға қалдыру, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы) ауысуы арқылы туындайды.

Меншік құқығын табыстау, беру және оның ауысуы жер учаскесінің нысаналы мақсаты ескеріле отырып, жүзеге асырылуы тиіс. (Мысалы: үй салу, егін егу).

Жер учаскесіне меншік құқығы мына негіздерде туындайды:

- 1) мемлекеттік органдар актілерін;
- 2) азаматтық-құқықтық мәмілелердің негізінде.

Азаматтармен заңды тұлғалардың жер учаскелеріне меншігі, жеке меншікте болмайтын жер учаскелерін қоспағанда, мемлекеттік меншіктегі жер учаскелері азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жеке меншікке берілуі мүмкін.

ҚР-сы азаматтардың жеке меншігінде шаруа (фермер) қожалығын, өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу, орман өсіру, бағбандық, жеке тұрғын үй және саяжай құрылысы үшін, сондай-ақ үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) олардың мақсатына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса алғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлер (құрылыстарды, ғимараттарды) мен олардың кешендерін салуға берілген (бе-

рілетін) немесе олар салған жер учаскелері болуы мүмкін. Шаруа (фермер) қожалығын, өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу, орман өсіру, бағбандық, жеке тұрғын үй және саяжай құрылысы үшін берілген жер учаскесінің меншік иесі болып табылатын азамат Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан кезде меншік құқығы иеліктен алынуға қайта рәсімдеуге тиіс.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларының жеке меншігінде тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу, орман өсіру үшін, үйлер (құрылыстарды, ғимараттарды) олардың мақсатына сәйкес қызмет көрсетуге арналған жерді қоса алғанда, өндірістік және өндірістік емес, оның ішінде тұрғын үйлер (құрылыстар, ғимараттар) мен олардың кешендерін салу үшін берілген (берілетін) немесе олар салған жер учаскелері болуы мүмкін. Тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге және орман өсіруге арналған жерді қоспағанда, жер учаскелері шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың және шетелдік заңды (мемлекеттік емес) тұлғалардың жеке меншігінде болуы мүмкін.

Жер учаскесінің меншік иесі мемлекеттік органдардың қандай да бір рұқсатын алмай, жер учаскесін өз қалауынша иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асырады. Меншік иесі өзінің жер учаскесіне қатысты оның нысаналы мақсатын өзгертпей, ҚР-ның заң актілерінде тиым салынбаған кез келген мәмлелерді жасауға құқылы. Жер учаскесіне меншік құқығы басқа адамға мәмле жасалған кездегі барлық ауыртпалықтарымен беріледі. Жер учаскесінің меншік иесі оның нысаналы мақсатын өзгертпей, жер учаскесін уақытша пайдалану туралы шарттың негізінде оны уақытша пайдалануға беруге құқылы. Жер учаскесін уақытша пайдалану шарт жалдау шарты (жалға алушымен) немесе өтеусіз пайдалану туралы шарт (өтеусіз пайдаланушымен) нысанында жасалады.

Жерге мемлекеттік меншік, мемлекеттік билік органдарына, мемлекеттік ұйымдар мен мекемелерге берілген, қорғаныс қажеттеріне пайдаланылатын, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар алып жатқан, сауықтыру және тарихи-мәдени мақсаттағы, орман және су қорларының, елді мекендер жеріндегі ортақ пайдаланудағы, босалқы жер, оның ішінде арнайы жер қорының учаскелері, кенттер мен ауылдық елді мекендердің маңындағы

жайылымдық және шабындық алқаптар, сондай-ақ жеке меншікке берілмеген шалғайдағы жайылымдар мен басқа да жерлер мемлекеттік меншікте болады. Мынадай жер учаскелері: қорғаныс және мемлекеттік қауіпсіздік, мемлекеттік меншіктегі қорғаныс өнеркәсібі қажеттеріне; ҚР-ның Мемлекеттік шекарасын қорғау және күзету үшін тұрғызылған инженерлік-техникалық құрылыстар, коммуникациялар орналасқан; кеден қажеттіктеріне арналған жер учаскелері; ерекше қорғалатын табиғи аумақтар; орман қорының жері; су қорының жері; магистралдық темір жол желілері мен ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдары; жеке меншік құқығындағы үйлер мен ғимараттардың және оларға қызмет көрсетуге қажетті жер учаскелерін қоспағанда, елді мекендердегі ортақ пайдаланудағы аумақтар орналасқан жер учаскелері жеке меншікте бола алмайды.

Азаматтар және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың бөлек меншігіне: тұрғын халықтың қажетіне арнап пайдаланылатын және соған арналған жайылымдық және шабындық алқаптар; ортақ пайдаланудағы жолдар, оның ішінде шаруашылықаралық және мекенаралық маңызы бар, сондай-ақ ортақ пайдаланудағы жер учаскелеріне өтуге арналған жолдар; жер учаскелерінің екі немесе одан көп меншік иелері немесе жер пайдаланушылар бірлесіп пайдаланылатын суландыру құрылыстары (суландыру каналдары, суағарлар, құдықтар, суат пункттері) орналасқан жер учаскелері берілмейді. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, магистралды темір жолдарды, ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдарын және магистральды құбырларды кеңейте түсу үшін белгіленген тәртіппен резервке қойылған, сондай-ақ сәулет-қала құрылысының және құрылыстың бекітілген құжаттамасына сәйкес әкімшілік және әлеуметтік маңызы бар объектілер (әуежайлар, әуеайлақтар, мектептер мемлекеттік тұрғын үй қоры, вокзалдар, станциялар, ортақ пайдаланудағы жолдар, мемлекеттік органдардың әкімшілік ғимараттары, ауруханалар, парктер, бульварлар, гулзарлар және қоғамдық пайдаланудағы басқа объектілер) құрылысына арналған жер учаскелері олардың жобалық игерілуіне дейін жер пайдаланушыларға басқа мақсаттар үшін уақытша пайдалану құқығымен берілуі мүмкін.

Мемлекеттік меншіктегі жерден жер учаскелері: 1) жеке меншікке сатылуы немесе өтеусіз берілуі; 2) тұрақты немесе уақытша жер пайдалануға берілуі мүмкін.

Жер пайдалану құқығы заттық құқық болып табылады. Жер пайдалану құқығы тұрақты немесе уақытша, иеліктен шығарылатын немесе шығарылмайтын, өтеулі немесе өтеусіз, алынатын болуы мүмкін. Ешкімді де жер пайдалану құқығынан айыруға болмайды.

Жер пайдаланушылар: мемлекеттік және мемлекеттік емес; ұлттық және шетелдік; жеке және заңды тұлғалар; тұрақты және уақытша; бастапқы және кейінгі болып бөлінеді.

Жер пайдалану құқығы: 1) жер пайдалану құқығын табыстау; 2) жер пайдалану құқығын беру; 3) жер пайдалану құқығының әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен ауысуы (мұраға қалдыру, заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы) арқылы туындайды. Жер пайдалану құқығын табыстау, беру және оның ауысуы жер учаскесінің нысаналы мақсаты ескеріле отырып жүзеге асырылуы тиіс.

Жер пайдалану құқығы: 1) мемлекеттік органдар актілерінің; 2) азаматтық-құқықтық мәселелерінің негізінде; 3) ҚР-ның заңдарында көзделген өзге де негіздерде туындайды. Жер пайдалану құқығын табыстау тұлғаға жер пайдалану құқығын тікелей мемлекеттің беретінін білдіреді. Азаматтарға және заңды тұлғаларға жер пайдалану құқығын табыстау облыстың (облыстық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқаруші органының жер учаскесіне құқық табыстау жөніндегі құзіретіне сәйкес оның шешімі негізінде жүргізіледі.

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқаруші органы, мемлекеттік емес жер пайдаланушыларға уақытша жер пайдалану құқығын табыстаған кезде уақытша жер пайдалану құқығын табыстау туралы шешім негізінде, жер пайдаланушылармен жер учаскесін жалға беру шарттары немесе уақытша өтеусіз жер пайдалану шарттары жасалады. Егер жер учаскесі жер қойнауын пайдалануға лицензия немесе келісім шарт жасасуды талап ететін қызметті жүзеге асыруға немесе ісқимыл жасауға арналса, осы учаскеге жер пайдалану құқығын

табыстау жер қойнауын пайдалануға тиісті лицензия алынған немесе келісім шарт жасалғаннан кейін жүргізіледі.

Жер пайдалану құқығын беру тұлғаға жер пайдалану құқығын басқа жер пайдаланушының беретінін білдіреді. Жер пайдалану құқығын беру азаматтық-құқықтық мәмілелер негізінде, сондай-ақ ҚР-ның заңдарында көзделген өзге де негіздер бойынша жүргізіледі. Жер пайдалану құқығын иеліктен шығару азаматтық-құқықтық мәмілілер (сатып алу-сату, сыйға тарту, айырбастау және басқалар) негізінде жүргізеді. Жер пайдалану құқығын белгілі бір мерзімге басқа тұлғаға беру жалдау немесе жер учаскесін уақытша өтеусіз пайдалану шартының негізінде жүргізеді. Жер пайдалану құқығын беру мен оны иеліктен шығаруды уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын сатып алған тұлғалар ғана жүргізе алады.

Тексеруге арналған сұрақтар:

- 1. Жердің субъектілерінің құқықтық ерекшеліктерін көрсетіңіз?*
- 2. Жерді пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін атаңыз?*
- 3. Жерді пайдаланудың құқықтық жолдары қалай?*

11-тақырып. Жер қойнауының құқықтық жағдайы

- 1. Жер қойнауының жалпы құқықтық сипаттамасының ұғымы мен түсінігінің қағидаттары.*
- 2. Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану мен жер қойнауын қорғау саласындағы құқықтық талаптар.*
- 3. Жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізудің экологиялық негізінде жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылау.*
- 4. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің шарттары.*

Жер қойнауы ұғымы кен байлығы ұғымынан кең. Кен байлығы – жер қойнауының ең маңызды құрамдас бір бөлігі. Бағалы кен байлығы, пайдалы қазбалар мемлекеттің әлеуметтік экономикалық жағдайында өнеркәсіп өндірісін ұлғайтуда көрнекті орын алады. Республиканың кен байлықтарын неғұрлым халқымыздың игілігі үшін толығырақ пайдалану барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының мүдделі ісі. Ол үшін

қолда бар мүмкіндіктерді, соның ішінде шет елдік заңды ұйымдар мен жеке тұлғалардың қатысуымен жер қойнауының байлығын пайдалану керек. Бұл салада туындайтын барлық қатынастарды «Жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен реттеледі.

Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану жағдайындағы заңның міндеттері болып табылады:

- Қазақстан Республикасының мүдделерін және оның та-биғи ресурстарын қорғау;
- Қазақстан Республикасының жер қойнауын тиімді пайдалану және қорғау;
- Жер қойнауын пайдаланушылар мүдделерін қорғау;
- Шаруашылық жүргізудің барлық нысандарының бірдей дамуына жағдай жасау;
- Жер қойнауын пайдалану жөніндегі қатынастар сала-сында заңдылықты күшейту мақсатында жүргізуді реттеу.

Жер қойнауымен және жер қойнауын пайдаланумен байланысты құқықтық қатынастар мынадай қағидаттарға негізделеді:

- жер қойнауын ұтымды, кешенді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету;
- жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету;
- республикалық және аймақтық мүдделердің үйлесуін қамтамасыз ету;
- минералдық шикізат базасын толықтыруды қамтамасыз ету;
- жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жариялы түрде жүргізу;
- жер қойнауын пайдаланудың ақылы болуы;
- жер қойнауын пайдалану жөнінде операцияларды жүргізуге инвестицияларды тарту үшін қолайлы жағдайлар туғызу.

Жер қойнауы және оның құрамындағы пайдалы қазбалар Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес мемлекет

меншігі болып табылады. Егер контрактіде өзгеше көзделмеген болса, минералды шикізат меншік құқығымен жер қойнауын пайдаланушының меншігіне жатады (Қазақстан Республикасының мемлекеттік кәсіпорнына - шаруашылық жүргізу немесе басқару құқығымен). Техногендік минералдық түзілімдер мен техногендік сулар жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады. Мемлекет меншігіндегі техногендік минералды түзілімдерден алынатын пайдалы қазбаларға иелік ету құқығы контрактіде айқындалады. Минералды шикізат, техногендік минералдық түзілімдер мен техногендік сулар немесе пайдалы қазбалар меншік құқығымен жер қойнауын пайдаланушының иелігінде болса, ол минералды шикізатқа, техногендік минералдық түзілімдерге, техногендік суларға немесе пайдалы қазбаларға иелік етуге, олар жөнінде Қазақстан Республикасының заңдарында тиым салынбаған кез-келген азаматтық құқықтық мәмлелер жасауға құқылы.

Жер қойнауын пайдаланушының құқықтары мыналар болып табылады:

- өзіне берілген контракт аумағы шегінде келісім шартта бекітілген шарттарға сәйкес жер қойнауын пайдаланудың кез келген заңды әрекеттерін өз еркімен жүргізуге;
 - келісім шартта басқа жағдай ескерілмеген болса, өзінің әрекетінің нәтижелерін, соның ішінде минералдық шикізатты өз қалауынша пайдалануға;
 - келісім шартта аумағында, қажет болған жағдайларда, жер қойнауын пайдаланушыға белгіленген тәртіп бойынша бөлініп берілген басқа жер учаскелерінде, жұмысты жүргізуге қажет өндірістік және әлеуметтік мақсаттағы объектілер салуға, сондай-ақ контракт аумағы шегінде және одан тыс аумақтарда жалпы пайдаланатын коммуникациялар және объектілерді келісу арқылы пайдалануға;
 - жер қойнауын пайдалану операцияларымен байланысты жекелеген жұмыс түрлерін жүргізу үшін мердігерлерді тартуға.
- Жер қойнауын пайдаланушының міндеттеріне жататындар:

- жер қойнауын пайдаланудың оң тәжірибесіне негізделген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің неғұрлым тиімді әдістері мен технологияларын таңдауға;

- жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде адам өмірінің, денсаулығының және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

- жер қойнауын пайдалану операцияларын

- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізуге;

- жер асты сулары мен кең таралған пайдалы қазбалар жөніндегі келісім шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасындағы Өндіруші салалар қызметі ашықтығының бастамасын іске асыруға қатысты өзара түсіністік туралы меморандумның талаптарын сақтауға;

- қызметкерлердің және халықтың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен келісілген жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің технологиялық схемалары мен жобаларын сақтауға;

- келісім шарт аумағы шегінде басқа адамдардың еркін жүруіне, ортақ пайдаланылатын коммуникациялар мен объектілерді пайдалану немесе егер жер қойнауын пайдалану операциясына кедергі келтірмесе және олар қауіпсіздіктің ерекше жағдайларымен байланысты болмаса, онда жұмыстың барлық түрлерін, соның ішінде табиғи ресурстардың басқа түрлерін барлауға және өндіруге кедергі жасамауға;

- Қазақстан Республикасында өндірілген жабдықтарды, материалдарды және дайын өнімді, олар Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келген жағдайда, міндетті түрде пайдалануға;

- жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізгенде казахстандық мамандарға басымдық беруге;

- Келісім шарт бойынша жұмыс істейтін Қазақстан Респуб-ликасының азаматтарын даярлау мен қайта даярлауды қаржы-ландыру ісін келісім шартқа сәйкес жүзеге асыруға;

- құзыретті органға кадрлардағы казахстандық қамту жө-ніндегі міндеттемелерді орындауы туралы есеп беруге;

- Қазақстан Республикасының бақылау органдарына олар-дың қызметтік функцияларын атқару кезінде қажет құжаттарды, мәліметтерді кедергісіз беру мен жұмыс орындарына өтуге мүм-кіндік жасауға және олар айқындаған кемшіліктерді уақтылы жоюға;

- салықтарды, жер қойнауын ұтымсыз пайдаланғаны үшін айыппұлдарды және өзге міндетті төлемдерді уақтылы тө-леуге;

- жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу әсері-нен бүлінген жер учаскелерін және басқа табиғи объектілерді заңдарға сәйкес оны әрі қарай пайдалануға жарамды қалыпқа келтіруге;

- өз қызметінің экологиялық салдарын жобалау сатысында болжауға;

- қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін азаматтық-құқық-тық жауапкершілікті сақтандыруға;

- тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде бес жұмыс күні ішінде құзыретті органға осы өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат беруге;

- акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы ұлттық басқарушы холдингке тікелей не-месе жанама тиесілі жер қойнауын пайдаланушыларды қоспа-ғанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүр-гізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізілімінде тіркелуге міндетті.

Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану мен жер қойнауын қорғау саласындағы талаптар болып мыналар табылады:

1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін, соның ішінде өндіруге қатысы жоқ мақсаттарға пайдалану үшін берілетін пайдалы қазбалар, кен орындары жер қойнауы учаскелері қорының ауқымы мен құрылымын нақтылы бағалау үшін жер қойнауын ілгерілей геологиялық зерттеудің толымдылығын қамтамасыз ету;

2) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің барлық сатыларында жер қойнауы ресурстарын ұтымды және кешенді пайдалануды қамтамасыз ету;

3) бай учаскелерді таңдап игеруге жол бермей пайдалы қазбаларды жер қойнауынан бөліп алудың толымдылығын қамтамасыз ету;

4) кен орнын игеру кезінде айырып алынған және жер қойнауында қалдырылатын негізгі және онымен бірге орналасқан пайдалы қазбаларды және қосалқы компоненттерді, соның ішінде минералдық шикізатты, өңдеу өнімдері мен өндіріс қалдықтарын нақты есепке алу;

5) су жинау алаңдарында және жер асты сулары жинақталған жерлерде ауыз сумен немесе өнеркәсіптік сумен қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың жиналуын болғызбау;

6) жер қойнауын кен орындарының сапасын төмендететін немесе оларды пайдалануды және игеруді күрделілендіретін су басудан, өрттен және басқа сұрапыл факторлардан қорғау;

7) жер қойнауын пайдалану, әсіресе мұнайды, газды және басқа заттар мен материалдарды жер астында сақтау, зиянды заттар мен қалдықтарды көму, қалдық суларды ағызу жөніндегі операцияларды жүргізуде жер қойнауын ластанудан сақтау;

8) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтата тұру, доғару, кен орнын игеру объектілерін тоқтатып қою мен жою жөніндегі белгіленген тәртіпті сақтау;

9) өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды үю мен орналастыру кезінде олардың су ағызатын алаңдарда және жер асты

сулары орналасқан жерлерде жиналуын болдырмау мақсатында экологиялық талаптарды қамтамасыз ету болып табылады.

Жер қойнауын қорғаудың негізін жер қойнауын пайдалану объектілерін геологиялық, гидрогеологиялық, экологиялық, инженерлік-геологиялық және технологиялық зерделеудің толымдылығы мен дәлдігі құрайды. Жер қойнауын қорғау саласындағы талаптарды бұзу салдарынан зиян келтірген тұлғалар, егер зиян еңсерілмейтін күштің салдарынан болғандығын дәлелдей алмаса, онда келтірілген зиянды нақты залал көлемінде өтеуге міндетті. Жер қойнауын ұтымды пайдалану саласындағы талаптарды бұзудың салдарынан келтірілген зиянның көлемін жер қойнауын пайдаланушылармен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жер қойнауын зерделеу және пайдалану саласындағы уәкілетті орган айқындайды. Жер қойнауын қорғау саласындағы талаптарды бұзудың салдарынан келтірілген зиянның көлемін Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды. Зиянның көлемін анықтауға байланысты туындайтын дауларды Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңдарында айқындатын тәртіппен сот шешеді.

Жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізудің экологиялық негізі. Жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу үшін осы операцияларды жүргізуге мемлекеттік экологиялық сараптама берген оңды қорытынды және соның негізінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның міндетті шарт ретінде келісімшартқа тиісті экологиялық талаптарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес берген экологиялық рұқсаты, қажетті экологиялық негіз болып табылады. Жер қойнауын пайдаланушы мемлекеттік экологиялық сараптамаға жоспарланған іс-қимылдардың қоршаған ортаға тигізетін әсеріне баға берген барлық жобалау алдындағы және жобалық құжаттарды және барлау мен өндіру, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтату, немесе кен орнын игеруді тоқтатып қою кезеңдеріндегі шараларды қоса "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімін тапсыруды қамтамасыз етуге міндетті.

Жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру болып, жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады. Жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылаудың міндеті жер қойнауын пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасының жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген кезде жер қойнауының ластануын болғызбау және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың қоршаған ортаға зиянды әсерін азайту бөлігінде сақталуын бақылауды қамтамасыз ету болып табылады.

Жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылауға жатқызылады:

- жер қойнауын қорғаудың мемлекеттік мониторингін;
- жер қойнауын қорғау саласына жататын лицензиялық-келісім шарттық талаптардың сақталуын бақылауды;
- жер қойнауына зиянды заттарды, радиоактивтік қалдықтарды көмуді және қалдық суларды ағызуды бақылауды;
- жер қойнауының кен орны мен қоршаған ортаның бүлінуіне әкеп соғатын ластанудан, су басудан, өрттен және техногендік процестерден сақталуын бақылауды;
- жер қойнауын пайдалану объектілерінің консервация-лануын және жойылуын бақылауды;
- жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде авариялар мен өзге де қауіпті жағдайларды болғызбау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды қамтиды.

Жер қойнауын зерттеуді және пайдалануды мемлекеттік бақылауды жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады. Жер қойнауын зерттеуді және пайдалануды мемлекеттік бақылау міндеті жер қойнауын пайдаланушылардың кен орындарын іздестіру және бағалау, өндіру кезінде минералды шикізатты ұтымды және кешенді пайдалану, өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және пайдалану үшін геологиялық зерттеу және жер қойнауы учаскелерін бағалау кезінде Қазақстан Республикасының жер қойнауы

және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасын сақтауын бақылауды қамтамасыз ету болып табылады.

Жер қойнауын зерттеуді және пайдалануды мемлекеттік бақылау:

- 1) қорларды ашуды, дайындауды және қазып алуды қамтамасыз ететін, кен орындарының бай учаскелерін таңдап игеруді болғызбайтын жер қойнауын геологиялық зерттеу мен пайдалануды, кен орындарын игерудің техникалық жобалары шешімдерінің сақталуын бақылауды;
- 2) пайдалы қазбалардың сыртқа шығарылатын және жер қойнауында қалдырылатын қорлары мен оларды өндіру кезіндегі ысырапты есепке алудың дұрыстығын бақылауды қамтиды.

Ерекше экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды жер қойнауы учаскелері ерекше күзетілетін құқықтық режимі болатын не мемлекеттік табиғи-қорық қорының дағдылы, бірегей және сирек кездесетін геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілерін сақтауға арналған шаруашылық қызметі реттелетін режимдегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтар болып табылады. Экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды жер қойнауы учаскелеріне мыналар жатады: геологиялық объектілер - тіректі немесе сипатты тілімдер, сипатты тектоникалық құрылымдар, сирек кездесетін тау жыныстары мен минералдар, метеориттер, сақталынып қалған фауна мен флора қалдықтары бар табиғи және жасанды түрде аршылған жерлер; геоморфологиялық объектілер - жер бедерінің жасалу процесін айқын көрсететін және туризм мен рекреация үшін ерекше құнды террастар, жайылмалар, үңгірлер, сайлар, каньондар, сарқырамалар мен жер бедерінің басқа да нысандары; гидрогеологиялық объектілер - бірегей және сирек кездесетін қасиеттерімен ерекшеленетін жер асты сулары және олардың жер бетіне шығатын тұстары; жартастардағы суреттері, ертедегі кен орындары, тарихи, археологиялық және этнографиялық жағынан маңызды жер қойнауын пайдалану жөніндегі басқа да объектілері бар жер қойнауы учаскелері.

Экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды жер қойнауы учаскелері жергілікті және республика-

лық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санатына жатады. Экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды жер қойнауы учаскелерін өзге қажеттер үшін алып қоюға жол берілмейді. Экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды жер қойнауы учаскелерін қорғау мен пайдаланудың ерекшеліктері. Экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды жер қойнауы учаскелерін қорғау мен пайдаланудың ерекшеліктері Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдарымен белгіленеді. Экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге де жағынан ерекше құнды геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілер табылған жағдайда жер қойнауын пайдаланушылар тиісті учаскеде жұмысты тоқтатуға және бұл туралы жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізудің шарттары, пайдалы қазбалардың кен орындарын игеру және пайдалы қазбаларды өндіруге байланысты емес мақсаттарда жер қойнауын пайдалану бекітілген техникалық жобаларға сәйкес жүзеге асырылады. Барлауды жүзеге асыратын мердігердің кен орнының қорларын сынамалы пайдалануды жүргізуге, егер бұл келісім-шартта және жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен, келісілген жылдық жұмыс бағдарламасында көзделген жағдайда ғана құқығы бар. Барлау, өндіру не бірлескен барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды жүргізетін жер қойнауын пайдаланушы жылдық жұмыс бағдарламасын жыл сайын жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен, егер келісім-шартта мұндай келісу үшін өзгеше мерзім белгіленбесе, бірінші жылы - келісім-шарт жасалған айдан кейінгі айдың 30-нан кешіктірмей, ал одан кейінгі жылдары жоспар жасалып отырған жылдың алдындағы жылдың 30 желтоқсанынан кешіктірмей келісуге міндетті. Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган мердігердің техникалық жобаның шешімдерін және кен орындарын игерудің оң тәжірибесін қолдану жөніндегі міндеттемелерді сақтамауынан басқа ешқандай өзге негіздер бойынша жылдық жұмыс бағдарламасымен келіспеуге құқылы

емес. Жылдық жұмыс бағдарламасын қарау және келісу мерзімі жеті күннен аспауға тиіс. Жер қойнауын пайдаланушы жылдық бағдарламаны жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша қайта қарауы мүмкін. Жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу туралы есептерді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін шарттарда және тәртіппен табыс етуге міндетті. Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган жылдық жұмыс бағдарламаларының келісу хаттамаларының көшірмелерін олардың келісілген күнінен бастап бір айдан кешіктірмей құзыретті органға табыс етеді. Даулы мәселелер туындаған жағдайда ҚР-ның басқа заңдарында өзгеше көрсетілмесе, сот шешімімен шешіледі.

Талқылауға арналған сұрақтар:

- 1. Жер қойнауын пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттер айырмашылығы қандай?*
- 2. Пайдалы қазбаларды сыртқа шығарудағы құқықтық мақсатын көрсетіңіз?*
- 3. Жер қойнауын бақылау қалай жүзеге асырылады?*

12- тақырып. Су қорының құқықтық жағдайы

- 1. Су қоры және оның ұғымы, маңызы және жалпы сипаттамасы.*
- 2. Суды пайдаланудың ұғымы мен түрлері.*
- 3. Су пайдаланушылардың құқықтыры мен міндеттері.*

«Судың» заңды ұғымының су туралы сутек пен оттегінің химиялық қосылысы ретіндегі жаратылыстық ғылыми және күнделікті түсіндірмесінен айырмашылығы бар. Яғни, суға – су объектілерінде жинақталған барлық сулардың жиынтығы жатады. Су қорының жерлері – су айдындары (өзендер, көлдер, су қоймалары, тоғандар, мұздықтар, батпақтар) су шаруашылығы құрылыстары алып жатқан жерлер, сондай-ақ су қорғау аймақтары мен осы құрылыстардың белдеулеріне және ауыз сумен жабдықтаудың су тарту жүйелерінің санитарлық қорғау аймақтарына бөлініп берілген жерлер.

Қазақстан Республикасының су қоры ҚР Конституциясымен және 2003 жылы қабылданған Су кодексінде сулар – Қазақстан мемлекеттік шекарасының шеңберінде орналасқан жер беті су объектілеріндегі, яғни жер беті су ағындарындағы және су айдындарындағы (өзендердегі және олардағы су қоймаларындағы, бұлақтардағы, арналардағы, көлдердегі, батпақтардағы, тоғандардағы), мұздықтар мен қар жұрнақтарындағы, ішкі теңіздердегі, Қазақстан Республикасының аумақтық теңізіндегі және жер асты су объектілеріндегі табиғи су қорлары ретінде анықталған. Бұл суларға берілген заңды түсіндірме. Қазақстан Республикасы су заңдарының мақсаттары халықтың және қоршаған ортаның тіршілік жағдайларын сақтау мен жақсарту үшін су пайдалану мен су қорын қорғаудың экологиялық қауіпсіз және экономикалық оңтайлы деңгейіне қол жеткізу және жолдау болып табылады.

Қазақстан Республикасы су заңдарының міндеттері:

- 1) су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу;
- 2) су қатынастарын реттеу;
- 3) тұрақты су пайдалану және су қорын қорғауды қолдау мен дамытудың құқықтық негіздерін қамтамасыз ету;
- 4) су қорын пайдаланудың және қорғаудың негізгі принциптері мен бағыттарын айқындау;
- 5) су ресурстарын зерттеу, барлау және осы ресурстар мен су шаруашылығы құрылыстарын ұтымды және кешенді пайдалану саласындағы қатынастарды басқару.

Қазақстан Республикасының су қоры айрықша мемлекеттік меншікте болады. Су қорын иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын Қазақстан Республикасының

Үкіметі жүзеге асырады. Су объектілеріне мемлекеттік меншік құқығын бұзған жеке және заңды тұлғалардың іс-әрекеттерінің күші болмайды және ол Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке әкеп соқтырады.

Қазақстан Республикасының су заңдары мынадай принциптерге негізделеді:

- 1) Халықтың өмірі мен қызметінің негізі болып табылатын сулардың қажетті мөлшерімен және кепілді сапасымен бірінші кезекте қамтамасыз ету;

- 2) Халықты ауыз судың қажетті мөлшерімен және кепілді сапасымен бірінші кезекте қамтамасыз ету;
- 3) Халықтың суға әділ және теңдей қол жеткізуі;
- 4) Су алуды азайтуға және судың зиянды әсерін кемітуге мүмкіндік беретін қазіргі заманғы технологияларды игеріп, кешенді және ұтымды су пайдалану;
- 5) Су объектілерін оларды қорғаумен қоса кешенді пайдалану;
- 6) Арнайы су пайдаланудың ақылдылығы;
- 7) Қазақстан Республикасының су заңдарын бұзудан келтірілген залалды өтеу;
- 8) Қазақстан Республикасының су заңдарын бұзғандық үшін жауапкершіліктің бұлтарпастығы;
- 9) Су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі міндеттерді шешудің жариялылық және оларға жұртшылықты тарту;
- 10) Қазақстан Республикасы су қорының жай-күйі туралы ақпараттың қолжетімділігі;
- 11) Халықаралық нормалар мен Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардың негізінде транс-шекаралық суларды пайдалану;

Суды пайдалану дегеніміз бұл су айдындардың мемлекеттік-құқықтық жолмен реттелуі. Су айдындарына мемлекет иелігіндегі ағын сулар мен іркінді сулардың табиғи немесе жасанды жолмен жиналуы (өзен, көл, бөген, теңіз сулары т.б.) жатады. Су ресурстары жер беті және жер асты суларының жиынтығы жатады. Судың құқықтық ережелері мен оны қорғаудың түсінігін анықтап, оларға жалпы сипаттама беру үшін су заңдарының мақсатын анықтап алу қажет.

Ол мыналардан тұрады:

- суға мемлекеттік меншік құқығын сақтау;
 - халықтың, экономика салалары мен айналадағы табиғи ортаның мұқтаждары үшін суды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету;
 - су қорларын ластанудан, сарқылудан қорғау;
 - судың, зиянды ықпалын болдырмау және оны жою мақсатында су қатынастарын реттеу;
 - су қатынастары саласындағы заңдылықты нығайту.
- су объектілерін ең маңызды меншіктену, су пайдалану және су ресурстарын қорғау қатынастары ҚР Су кодексі-мен реттеледі.

Сонымен бірге осы салада алуан түрлі заңға сәйкес актілер бар. Сулардың ұтымды пайдаланылуын және қорғалуын қамтамасыз етудің негізгі ұйымдастыру-құқықтық құралдары және осы саладағы мемлекеттік басқару функциялары төмендегілер болып табылады:

- су объектілерінің ұтымды пайдаланылуын жоспарлау;
- суға рұқсат етілген көлемде әсер етуді нормалау;
- су объектілерінің мемлекеттік мониторингі;
- мемлекеттік су ресурстары;
 - су объектілерінің пайдаланылуын және қорғалуын мемлекеттік бақылау және қадағалау.

Судың құқықтық ережелері мен оны құқықтық қорғау негіздеріне Қазақстан Республикасының су кодексі, айналадағы табиғи ортаны қорғау туралы, басқа да құқықтық актілері жатады. Су қоймаларын халықтың ауызсу, тұрмыстық және өзге де мұқтаждары үшін орталықтандырылмаған сумен жабдықтау тәртібін су ресурстарын басқаратын мемлекеттік органмен келісім бойынша сол жердегі жергілікті өкілді немесе атқарушы органдар нақтылаған ережелерге сәйкес белгілейді (52-бап). Осы сияқты сілтемелерге сәйкес жергілікті өкілді органдарының және Министрлер Кабинеті бекіткен суды пайдалану, қорғау ережелері, тәртіптері, санаттары, төлемдер тәртібі Су кодексінің жалғасы және су құқығының негіздерін толықтырады. Соған орай, Жоғарғы Кеңестің 1993 жылғы 31 наурызда қабылдаған. Су ресурстарының жағдайы, оны пайдалану және қорғау статистикасының негізгі мақсаты өзендерден, көлдерден, су қоймаларынан, каналдардан, жерасты көкжиектерден суды жинау бойынша; суды өндірістік, шаруашылық қажеттіліктерге, әртүрлі суғару жүйелерінде, ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыз етуде пайдалану бойынша ақпаратты жинау, жалпылау және жариялау болып табылады; суды қайта және айналмалы пайдалану есебінен суды ысырап қылу және суды үнемдеу; жер үсті су объектілері мен жерасты көкжиектерге ағынды сулардың төгінділері; ағынды сулармен бірге төгілетін ластайтын заттардың мөлшері.

Су ресурстарын қорғау және жағдайы туралы қоғамды ақпараттандыру үшін келесі негізгі көрсеткіштерді қадағалау және жариялау қажет:

- тұщы судың жаңғыртылмалы ресурстары;
- тұщы суды алу;
- халықтың жан басына есептегендегі тұрмыстық тұтыну; су ысырабы;
- тұщы суды қайта және айналмалы пайдалану;
- ауыз судың сапасы;
- оттегіні биохимиялық тұтыну (ОБТ) және аммоний азо-тының концентрациясы;
- тұщы судағы биогенді заттар; жағалауға жақын теңіз суларындағы биогенді заттар;
- ластанған ағынды сулар.

Суларға салуға рұқсат етілген жүктемені жер асты және жер үсті суларын заңнама талаптарына сай келетін күйде ұстау мақсатымен нормалайды. Су объектілеріне құйылатын ағынды сулар және (немесе) дренажды сулар құрамындағы заттектер мен микроорганизмдер мөлшері су объектілеріне тигізуге рұқсат етілген әсердің белгіленген нормативтерінен аспау керек. Су объектілерінің мемлекеттік мониторингі бұл мемлекеттік меншіктегі, ҚР субъектілерінің, муниципалды құрылымдардың, жеке және заңды тұлғалардың меншігіндегі су объектілері жағдайын бақылау, бағалау және болжау жүйесі болып табылады. Мұндай мониторингтің мақсаты келесідей: су объектілеріндегі судың сапасына және олардың күмәніне әсер ететін жағымсыз процестерді дер кезінде анықтау және болжау, осы процестердің жағымсыз салдарын болдырмау шараларын әзірлеу және жүзеге асыру; жүзеге асырылып жатқан су объектілерін қорғау шараларының тиімділігін бағалау; су объектілерін пайдалану және қорғау саласында, оның ішінде су объектілерінің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау және қадағалау үшін ақпараттық қамтамасыз ету. Мемлекеттік су тізімдемесі су объектілерінің кешенді пайдаланылуын, су объектілерінің мақсатқа сай пайдаланылуын, олардың қорғалуын ақпаратпен қамтамасыз ету, сондай-ақ сулардың жағымсыз әсерін болдырмау шараларын жоспарлау және әзірлеу және олардың салдарын жою мақсатында құрастырылады. Мемлекеттік тізімдемеге, негізінен, құжатталған мәліметтер енгізіледі: су объектілері туралы; су объектілерінің пайдаланылуы, оның ішінде су тұтыну және су бұру туралы; су қорғау аймақтары және жағалай маңы қорғау

сызықтары, басқа да пайдалану шарттары ерекше аймақтар; су объектілерін пайдалануға беру туралы шешімдер; су пайдалану шарттары жөнінде. ҚР Су кодексіне сәйкес барлық сулар (су объектілері) ластанудан, қоқыстанудан және құрғаудан сақталу керек. Су объектілерін пайдалану кезінде азаматтар мен заңды тұлғалар су объектілерінің сақталуын қамтамасыз ететін өндірістік-технологиялық, мелиорациялық, агротехникалық, гидротехникалық, санитарлық және басқа да шараларды жүзеге асыруға міндетті. «Ластану» деп құрамында рұқсат етілген нормалардан жоғары химиялық заттектері бар ағынды сулардың төгілуін ғана емес, сонымен қатар судың құрамында қоюлығы шектен шыққан микроорганизмдердің пайда болуын айтады. Судың ластану критерийі оның сапасының физикалық (температурасының жоғарылауы), химиялық, биологиялық, органолептикалық қасиеттерінің (дәмінің, иісінің, түстілігінің, тазалығының) өзгеруі салдарынан нашарлауы және адамға, жануарларға және өсімдіктер әлеміне зиянды заттектердің пайда болуы болып табылады. ҚР атқару билігі органдары мен оның субъектілеріне су объектілерін барлық ластану түрлерінен, оған қоса диффузиялық ластанудан (жер беті және ауа арқылы ластанудан) қорғау міндеті жүктелген. Су айдындарындағы су сапасының ластануынан басқа, ластану деп су айдындарына судың сапасын өзгертпейтін бөгде ерімейтін заттардың (ағаштың, қождардың, металл сынықтарының, құрылыс қоқысының және т.б.) түсуін айтады. Заңдарда сулардың ластануын анықтаудың критерийлері белгіленбеген, сондықтан да сулардың пайдаланылуы мен қорғалуын реттеу жөніндегі органдарға әрбір нақты жағдайда су объектісінің ластануы туралы мәселені жергілікті жағдайларды ескере отырып шешуге мүмкіндік беріледі. Құрғау деп адам қызметінің әсерінен орын алатын және тұрақты болып табылатын су айдынындағы су мөлшерінің азаюын айтады. Ол өзендердегі су ағынының маусымдық өзгерулеріне немесе теңіздер мен көлдердегі су қорының табиғи өзгерістеріне жатпайды. Су объектілерінің ластанудан және қоқыстанудан қорғалуын реттеу мақсатында ҚР Су кодексі бірқатар нақты, оның ішінде тыйым салынған шараларлы белгілеген. Мысалы, мыналарға тыйым салынған:

- су объектілерінде ядролық материалдардың, радиоактивті заттектердің көмілуі;

- су объектілеріне құрамындағы радиоактивті заттектер, пестицидтер, агрохимикаттар және басқа да адам денсаулығы үшін қауіпті заттектер мен қосылыстар мөлшерлерінің су объектілеріне рұқсат етілген әсер етулер нормативтерінен жоғары ағынды суларды төгуге;

- ядролық және басқа да өнеркәсіптік технологиялар түр-лерінің негізінде радиоактивті және (немесе) уытты заттектер шығатын қопару жұмыстарын су объектілерінде жүргізуге;

- ағынды суларды мұздақтарға, қар жұрнақтарына рұқсатсыз төгуге, сондай-ақ мұздақтарды, қар жұрнақтарын өндіріспен тұтыну қалдықтарымен қоқыстауға, оларды мұнай өнімдерімен, улы химикаттармен және басқа да зиянды заттектермен ластануға. Аталған су объектілерінің ластануына, қоқыстануына, лайлануына және олардың суларының құрғауына жол бермеу, сондай-ақ биологиялық су ресурстарының және басқа да жануарлар және өсімдік әлемі объектілерінің мекендеу ортасын сақтау мақсатында су объектілерімен шектескен аумақтарда су қорғау аймақтары және жағалау маңы қорғау сызықтары құрылуына.

Су қорғау аймақтарының шеңберінде мыналарға тыйым салынады: ағынды суларды топырақ тыңайту үшін пайдалануға; зираттарды, мал қорымдарын, өндіріс және тұтыну қалдықтарын, радиоактивті, химиялық, жарылыстық, уытты, уландыратын заттектерді көму орындарын орналастыруға; өсімдіктер зиянкестерімен және ауруларымен күресу бойынша авиациялық шараларды жүзеге асыруға; жолдардың бойымен қозғалуын және жолдарда және төсемі қатты арнайы жабдықталған жерлерде тұруын қоспағанда, көлік құралдарының қозғалуына және тұруына.

Талқылауға арналған сұрақтар:

1. Су қорының мақсатта жұмсалыу көзі қалай нақтыланады?

2. Суды пайдалану құқығының негіздерінің жүзеге асу жолдары қандай?

3. Су қорларын пайдалану және қорғау туралы заңдарды бұз-ғаны үшін жауапкершілікке тарту жолын анықтаңыз?

13-тақырып. Орман қорының құқықтық тәртібі

1. Орман және орман қорының ұғымы, маңызы және жалпы сипаттамасы.

2. Орман қорының пайдалану негіздері және тәртібі.

3. Орман қорын пайдалану туралы заңдар.

Орман – жер бетіндегі табиғи қорлардың, оның ішіндегі өсімдіктер жамылғысының басты бір типі. Орманда ағаш, бұта, шөптесін өсімдіктер, мүк, қына, т.б. өседі. Орман қорлары бүкіл биосферадағы тіршілік үшін, оның ішінде адамзат қоғамы үшін аса маңызды. Орман ұғымы - оның заңнамасының әсер ету саласына және орманды пайдалану құқығы институтына негізделген барлық өсімдік организмдерінің жиынтығы ретінде анықталады. Бұл арада Қазақстан Республикасының орман қоры жерлерінде және басқа да категориялы жерлерде өсетін аталған өсімдіктер түрлерінің жиынтығы туралы айтылған. Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық орман, сондай-ақ орман өсімдіктері өспеген, бірақ орман шаруашылығының қажеттеріне арналған орман қоры жерлері, Қазақстан Республикасының орман қорын (бұдан әрі - орман қоры) құрайды. Орман қоры мемлекеттік және жекеше орман қорларынан тұрады.

Мемлекеттік орман қорына:

- 1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлеріндегі (орманды және ағаш өспеген алқаптарды қоса алғанда) табиғи және қолдан өсірілген ормандар;
- 2) табиғи және қолдан өсірілген ормандар, сондай-ақ мемлекеттік орман қоры жерлеріндегі орман шаруашылығының қажеттері үшін берілген, орман өсімдіктері өспеген жер учаскелері;
- 3) халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдарының, каналдардың, магистральды құбырлардың және басқа желілік құрылыстардың белдеулеріндегі ені он метр және одан көбірек, алаңы 0,05 гектардан астам қорғаныштық екпелері жатады.

Жекеше орман қорына Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға жеке меншікке немесе ұзақ мерзімді жер пайдалануға орман өсіру үшін нысаналы мақсатпен берілген жерлерде, солардың қаражаты есебінен жасалған:

- 1) қолдан өсірілген екпелер;
- 2) табиғи тұқымдық және (немесе) вегетативтік жолмен пайда болған екпелер;
- 3) жекеше орман питомниктері;
- 4) арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер;
- 5) агроорман-мелиорациялық екпелер;
- 6) жеке меншіктегі шаруашылық автомобиль;
- 7) жолдарына бөлінген белдеулердегі қорғаныштық екпелер жатады.

Орман қорына жатпайтындар:

- 1) мемлекеттік орман қорының жерінен тыс орналасқан жеке-леген ағаштар және көлемі 0,05 гектардан кем шоқ ағаштар, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердегі бұта өсімдіктер;
- 2) қала ормандарын қоспағанда, елді мекендер шекарасы шегіндегі жасыл желектер;
- 3) үй маңындағы, саяжайлар мен бау-бақша учаскелеріндегі ағаштар мен бұталар. (ҚР ОК 6 б.)

Орман қоры жерлерінде орналасқан ормандар өзінің мақсаты бойынша қорғаныс ормандарына, пайдаланылатын ормандарға және резервтік ормандарға бөлінеді. Басқа категориялы жерлерде орналасқан ормандар қорғаныс ормандарына жатқызылуы мүмкін. Мақсатына қарай ҚР Орман кодексі оларды пайдалану, қорғау, сақтау, қорғаныс ормандарын өсіп-өндіру ерекшеліктерін анықтайды. Атап айтқанда, қорғаныс ормандарына мыналар жатады:

- ерекше қорғалатын табиғи аймақтарда орналасқан ормандар;
- су қорғау аймақтарында орналасқан ормандар;
- табиғи және басқа объектілерді қорғау қызметін атқаратын ормандар (ауыз сумен және шаруашылық-тұрмыстық сумен қамту көздерін санитарлық қорғау аймақтарының бірінші және екінші белдеулерінде орналасқан ормандар; ормандардың көпшілік пайдаланатын теміржолдар, көпшілік пайдаланатын авто-

мобиль жолдарының, Қазақстан Республикасы субъектілерінің меншігіндегі көпшілік пайдаланатын автомобиль жолдарының бойында орналасқан қорғаныс сызықтары; жасыл аймақтар; орман саябақтары; емдік-сауықтыру орындары мен курорттарын санитарлық (тау-санитарлық) қорғау округтарының бірінші, екінші және үшінші аймақтарында орналасқан ормандар).

Кодексте жекелеген ормандар категорияларының құқықтық режимі анықталған. Мысалы, табиғи және басқа да объектілерді қорғау функциясын орындайтын ормандарда Кодекстің өзінде қарастырылған жағдайлардан басқа кездерде орман көшеттерін жаппай шауып алуға тыйым салынған. Табиғи және басқа да объектілерді қорғау функциясын орындайтын ормандарда орман көшеттерін іріктеп шауып алу қураған және зақымдалған орман көшеттерін шауып алу, мақсатында жүзеге асырылады.

Жасыл аймақтарда, орман-бақтарда төмендегілерге тыйым салынады:

- улы химиялық дәрі-дәрмектерді ормандарды қорғау және сақтау үшін, оның ішінде ғылыми мақсатта пайдалану;
- аң аулау шаруашылығын жүргізу;
- ауыл шаруашылығын жүргізу;
- пайдалы қазбалар кен орындарын өңдеу;
- орман соқпақтарын, гидротехникалық құрылыстардан басқа күрделі құрылыс объектілерін орнату.

Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын лауазымды адамға және мемлекеттік органдар жүйесіне Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ Конституцияда және Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде айқындалған өз құзыреті шегінде облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары жатады (ҚР ОК 11 б.). Ормандар орман учаскелерін беру немесе бермеу, орман ресурстарын алу немесе алмау мақсатымен жүзеге асырылады. Ормандарды пайдаланудың төмендегідей түрлері бар:

- ағаш дайындау;
- шайыр дайындау;
- ағаш емес орман ресурстарын дайындау және жинау;
- азықтық орман ресурстарын дайындау және дәрілік өсімдіктерді жинау;
- аң аулау шаруашылығын жүргізу және аң аулау;
- ауыл шаруашылық қызметін жүргізу;
- ғылыми-зерттеу қызметін, білім беру қызметін жүргізу;
- рекреациялық қызметті жүргізу;
- орман екпежерлерін құру және оларды пайдалану;
- орман жемісті, жидекті, сәндік өсімдіктерді, дәрілік өсімдіктерді өсіру;
- мұнайларды геологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу, пайдалы қазбалар кен орындарын өңдеу;
- су қоймаларын және басқа да жасанды су объектілерін, сондай-ақ гидротехникалық құрылыстарды және мамандандырылған порттарды салу және пайдалану;
- электр беріліс, байланыс, жолдар, құбырлар және басқа да сызқтық объектілер желілерін салу, қалпына келтіру, пайдалану;
- ағаштарды және басқа да орман ресурстарын өңдеу.

Ормандарды күзетуді, қорғауды, молықтыруды, орман өсіру мен (немесе) орман пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекеттік органдар орман құқығы қатынастарының субъектілері болып табылады.

Қазақстан Республикасының орман заңдары:

- 1) ормандардың климатты реттейтін, орта түзетін, егіс-топырақ қорғау, су сақтау және санитарлық-гигиеналық функцияларды орындайтын жалпымемлекеттік мәнін мойындау;
- 2) ормандарды тұрақты дамыту (Қазақстан Республикасының орманды аумақтарын тұрақты ұлғайту);
- 3) ормандардың, мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің, мәдени және табиғи мұраның биологиялық әралуандығын сақтау;
- 4) ормандарды көп мақсатқа пайдалану;
- 5) орман ресурстарын ұтымды, үздіксіз, сарқылмайтындай етіп пайдалану;
- 6) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды

молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау;

- 7) басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу мен алынған сүректі қайта өңдеуді жүзеге асыру функцияларынан орман пайдалануды реттеу функцияларының ара жігін ажырату;
- 8) Қазақстан Республикасының орман заңдарын бұзуда келтірілген залалдың орнын толтыру;
- 9) орман ресурстарын ақылы пайдалану;
- 10) орман қорының жай-күйі туралы ақпараттың қол жетімділігі;
- 11) халықтық және қоғамдық.

Ормандарды ғылыми негізде орналастыру және онын өндіріс тиімділігін арттыру жұмысымен Қазақстан Республикасы орман шаруашылығы, сондай-ақ орман мелиорациясы ғылыми-зерттеу институты айналысады. Қазақстандағы Тянь-Шань тауында шыршалы, Алтайда қылқан жапырақты, Көкшетауда, Баянауылда, Қарқаралыда, Аманқарағайда қайың, карағайлы ормандар, Батыс Қазақстанда емен, терек, Оңтүстік Қазақстанда жаңғақ, арша ормандары кездеседі. Орман ағаштарынан (діңінен, сүрегінен) 30 мыннан астам түрлі зат алынады, жеміс-жидек, жаңғақ жиналады. Жапырақ, тамыр, сабақ, қылқандары иіс су, химия өнеркәсібінде, медицинада дәрі-дәрмек жасауға пайдаланылады. Оларда курорт, жасөспірімдер лагерлері орналастырылады, орман қорғау, тал-терек отырғызу, оны өсіру және басқа орманға қатысты жұмыстар жүргізіледі. Орманда тіршілік етуге бейімделген жануарлар бар. Олардың, өсіп-өнуі және сақталуы сол ормандарды қорғауға байланысты.

Талқылауға арналған сұрақтар:

- 1) *Орман пайдалану құқығының негіздері және тәртібін көрсетіңіз?*
- 2) *Орман пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттер айырмашылығын анықтаңыз?*
- 3) *Орман қорын пайдалану және қорғау туралы заңдарды атаңыз?*

14-тақырып. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдаланудың құқықтық тәртібі

1.Жануарлар дүниесінің ұғымы, маңызы және жалпы сипаттамасы.

2.Жануарлар дүниесін пайдаланудың ұғымы және түрлері.

3.Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және қорғау.

Жануарлар әлемінің заңды ұғымы мемлекетіміздің аумағын тұрақты немесе уақытша мекендейтін және табиғи еркіндік күйінде болатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының континенттік қайраң және ерекше экономикалық аймақ табиғи ресурстарына жататын барлық жабайы аңдар түрлерінің тірі организмдер жиынтығын құрайды. Жануарлар – тірі организмдер дүниесіндегі негізгі екі топтың бірі (екіншісі – өсімдіктер); жүруге және сезінуге бейім тіршілік иесі; негізінен, дайын органикалық қосылыстармен қоректенетін гетеротрофты организмдер. Жануарлар құрылысына қарай бір клеткалы организмдер және көп клеткалылар болып екі топқа бөлінеді. Жер бетінде жануарлар прокариоттар (ядросыз организмдер), балдырлар, саңырауқұлақтардан кейін пайда болған.

1974 жылы Балтық теңізі жағасындағы 7 мемлекет жануарларды қорғау жөніндегі конвенцияға қол қойды. Жапония мен Ресей – корольдік шаянды, АҚШ, Канада. Жапония мен Ресей – Тынық мұхиттың Солтүстік жағасындағы су мысықтарын қорғау туралы шарт жасасты. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1993 жылы қазан айында Қазақстан республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Заңын» қабылдады. Онда Қазақстанның жануарлар дүниесі мемлекеттік меншік деп жарияланып, республика халқының игілігінде болатыны көрсетілген. «Жануарлар әлемін қолдану, өндіру және қорғау туралы» заң тек қана аң аулау және балық аулау объектілеріне жататын жануарларды ғана емес, сонымен қатар табиғи еркіндік күйіндегі басқа да барлық жануарларды қорғайды. Жартылай еркін жағдайдағы немесе жасанды құрылған мекендеу ортасындағы жануарлар әлемі объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы қатынастар жануарлар әлемі объектілерінің ресурсы мен генетикалық қорын сақтау және басқа да ғылыми және тәрбиелеу мақ-

саттарында аталған заңмен, басқа да уәкілетті заңдармен және ҚР өзге нормативтік құқықтық актілермен, сондай-ақ ҚР субъектілерінің заңды және нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі. Үй жануарлары, сондай-ақ еріксіздегі (жануарлар бағы, аквариумдар және т.б.) жабайы аңдар қоршаған орта туралы заңнама мазмұны бойынша жануарлар әлемінің объектілері болып табылмайды. Бұндай жануарларға қатысты қатынастар аграрлық, азаматтық және басқа да заңнамамен реттеледі.

Жануарлар әлемі о бастан адамдар үшін азық, өнеркәсіптік және дәрілік шикізат, адамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға қажетті басқа да материалдық құндылықтар көзі болып табылады. «Жануарлар әлемін қолдану, өндіру және қорғау туралы» заң косымшасында жануарлар әлемі Қазақстан Республикасы халықтарының игілігі, Жердің табиғи ортасының және биологиялық алуан түрлілігінің ажырамас элементі, қайта жаңғыратын табиғи ресурс, биосфераның жан-жақты қорғалатын және Қазақстан азаматтарының рухани және материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұтымды пайдаланылатын, реттейтін және тұрақтандыратын құрамдауышы болып жарияланған. Басқа табиғи ресурстарға қарағанда, Жануарлар әлемін қолдану, өндіру және қорғау туралы заңнамада жануарлар әлемі, объектілеріне жеке меншік құқығы қарастырылмаған. Қазақстан аумағы шеңберіндегі жануарлар әлемі мемлекеттің меншігі болып табылады. Бұндай меншік субъектілері Қазақстан Республикасы және оның субъектілері болып есептеледі. Жануарлар әлемінің өзіне тән ерекшеліктерінің бірі оның объектілерінің ҚР субъектілерінің шекаралары және мемлекеттік шекара арқылы миграциялануы болып табылады. Халықаралық-құқықтық биологиялық алуан түрлілікті сақтау тұжырымдамасына сүйенсек, қалыптасып жатқан жануарлар әлемін қолдану, өндіру және қорғау туралы Қазақстан заңнамасы жануарлар әлемінің тұрақты тіршілік ету және тұрақты пайдалану принципіне негізделеді. «Жануарлар әлемін қолдану, өндіру және қорғау туралы» заңда жануарлар әлемінің тұрақты тіршілік етуі деп жануарлар әлемі объектілерінің белгісіз ұзақ мерзім бойы өмір сүруі аталған.

ҚР «Жануарлар әлемін қолдану, өндіру және қорғау туралы» Заңына сәйкес жануарлар әлемінің қорғалуын және пайдаланылуын реттеудің негізгі ұйымдастыру-құқықтық құрал-

дарына жануарлар әлемі объектілерінің мемлекеттік есебі, мемлекеттік кадастры, мемлекетті мониторингі, жануарлар әлемін және оның мекендеу ортасын пайдалану және қорғау саласындағы нормалау, жануарлар әлемін және оның мекендеу ортасын қорғау бойынша мемлекеттік бағдарламалар, экологиялық сараптама, осы саладағы мемлекеттік бақылау жатады.

Жануарлар әлемін қорғау және пайдалану бойынша негізгі талаптар мыналар:

- жануарлар әлемінің алуан түрлі объектілерін сақтауға;
- жануарлардың мекендеу ортасын, көбею жағдайларын және миграциялау жолдарын қорғауға;
- жануарлардың табиғи қауымдастықтарының бүтіндігін сақтауға;
- жануарлар әлемін ғылымға негіздеп ұтымды пайдалануға және ұдайы өндіруге;
- қоршаған орта мен халық шаруашылығына келтірілетін зияндың алдын алу мақсатында жануарлар әлемінің санын реттеуге бағытталған.

Жануарлар әлемі объектілерінің пайдаланылуын және қорғалуын құқықтық реттеу, жануарлар әлемін пайдалану түрлері мен тәсілдерін белгілеу, жануарлар әлемі объектілерін пайдалануға шектеулер мен тыйым салуларды белгілеу, жануарлар әлемі объектілерінің мекендеу орталарын қорғау арқылы жүзеге асырылады. Жануарлар әлемінің қорғалуын қамтамасыз етуде Заңның аэродромдарды, теміржол, құбыр және басқа да көліктік магистральдарды, электр беріліс және байланыс желілерін, сондай-ақ арналарды, бөгеттерді және басқа да гидротехникалық құрылыстарды орнату, жобалау және салу кезінде жануарлар әлемі объектілерінің миграциялау жолдарының және олардың тұрақты шоғырлану орындарының, оның ішінде көбею және қыстау кезеңінде сақталуын қамтамасыз ететін шаралардың әзірленіп, жүзеге асырылу талабы маңызды болып табылады.

Жануарлар әлемі объектілерінің қырылуына жол бермеу мақсатында төмендегілерге тыйым салынады:

- жануарлар әлемі объектілерінің ауруларға шалдығуы мен қырылуына, олардың мекендеу ортасының нашарлауына жол берілмейтіндігіне кепілдік беретін шараларды жүзеге асырмай

өсімдіктерді өртеуге, улы химикаттарды, тыңайтқыштарды, химиялық реагенттерді, жанар-жағармай материалдарын және жануарлар әлемі объектілері мен олардың мекендеу ортасы басқа да қауіпті материалдарды, өндіріс шикізаттары мен қалдықтарын сақтауға және пайдалануға;

- жануарлардың жаппай миграциялау орындарында жаппай, арнайы өтпелері жоқ қоршаулар мен құрылыстарды орнатуға;

- өзендерде немесе тармақтарда тұзақ құруға немесе көлемі су ағыны енінің үштен екі бөлігін құрайтын аулау құралдарын орнатуға;

- жануарлардың көбею кезеңіне байланысты ағаш-бұтақты өсімдіктерден тазарту керек.

Зиянды әсерлердің ерекшеліктерін ескере отырып, аталған қаулыда ауыл шаруашылық, орман шаруашылық және орман-өнеркәсіптік, өнеркәсіптік және су шаруашылық өндірістік процестерді жүзеге асыру, көліктік магистральдар мен объектілерді, құбырларды пайдалану, байланыс және электр беріліс желілерін жобалау, салу және пайдалану кезінде жануарлар әлемін қорғау талаптары толық орындалу қажет. Мысалы, ауыл шаруашылық өндірістік процестерді жүзеге асыру кезінде жануарлар әлемі объектілерінің жаппай қырылуын немесе олардың мекендеу орталарының өзгеруін туындататын технологиялар мен механизмдердің қолданылуына рұқсат берілмейді. Далалық ауыл шаруашылық жұмыстарды жүргізу кезінде жануарлардың қырылуына жол бермейтін технологияны, арнайы жабдықталған ауыл шаруашылық техниканы, жұмыстар тәртібін пайдалану қажет.

Жануарлар әлемі объектілерінің табиғи мекендеу орындарында, олардың миграциялау жолдарында және маусымдық шоғырлану орындарында мелиорациялық құрылыстарды салу және пайдалану кезінде олардың аталған құрылыстар арқылы еркін және қауіпсіз жылжуына жағдай жасау, су алу құрылыстары мен гидромелиорациялық жүйелер арналарын арнайы қорғаныс құрылғыларымен жабдықтау қажет. Жануарлар әлемі мен қоршаған орта үшін жағымсыз жағдайлардың туындауына жол бермеу үшін заңнамада жануарлар әлемі объектілерін өзі үшін жаңа экожүйелерге интродуциялау қатынастары реттелген. ҚР фаунасы үшін жаңа жануарлар әлемі объектілерін жерсіндіру,

жануарлар әлемі объектілерін жаңа мекендеу орталарына көшіру, сондай-ақ жануарлар әлемі объектілерін гибридтеу шараларын жануарлар әлемі объектілерін және олардың мекендеу орталарын қорғау, пайдаланылуын бақылау және реттеу жөніндегі тиісті арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органдардың рұқсаты бойынша құзыретті ғылыми ұйымдардың қоршаған ортаны қорғау талаптарын ескере отырып берген қорытындысы бар болған жағдайда жүзеге асыруға рұқсат етіледі.

Экологиялық және экономикалық түсініктері бойынша қоғам да жануарлар әлемі объектілерінің санының реттелуіне мүдделі. «Жануарлар әлемін қолдану, өндіру және қорғау туралы» Заңда саны реттелуге жататын жануарлар әлемі объектілерін, сондай-ақ реттеу тәртібін жануарлар әлемі объектілерінің пайдаланылуын және олардың мекендеу орталарын қорғау, бақылау және реттеу жөніндегі арнайы уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді делінген. Жекелеген жануарлар әлемінің объектілері басқа жануарлар әлемі объектілеріне зиян келтірмейтін және осы саладағы проблемаларды шешетін ғылыми ұйымдардың қорытындыларын ескере отырып оларды мекендеу орталарының сақталуын қамтамасыз ететін тәсілдермен және жер, су және орман ресурстарын қорғайтын арнайы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісе отырып реттеледі.

Жануарлар дүниесін, әсіресе балық пен теңіз жануарларын қорғау мемлекет Заңдарына, халықаралық шарттар мен конвенцияларға сәйкес жүргізіледі. Халықаралық шарттарда аулау тәртібі, теңіздерді ластаудан сақтау жолдары, балықты және теңіз жануарларын аулау мөлшері (квотасы), уақыты, ау торының кеңдігі, тағы басқа да шаралар көрсетіледі. Мемлекетаралық 150-ден астам шарттар мен конвенцияларға қол қойылды. 1946 жылы келісілген халықаралық конвенция кит аулау жөнінде арнаулы комиссия құрылып, ауланатын киттердің түрі, аулауға рұқсат етілген теңіз алқаптары, аулау уақыты мен мөлшері (квотасы) бекітілді. Заң жабайы жануарларды пайдалану және қорғау жөніндегі қоғамдық арақатынасты реттеуді көздеп, олардың ұстауға, қамауға, табиғи бірлестігін бұзуға жол бермей, ұтымды пайдаланып, заңдылықты қатаң сақтауды талап етеді.

Кәсіпорындар, ұжымдар, мекемелер, жеке азаматтар жануарлар дүниесі мен олардың өмір сүретін ортасына зияндарын тигізбес үшін мыналарды қамтамасыз етулері керек:

- жануарлардың барлық түрлерін табиғи бостандығынан (ұстамай, қамамай) айырмау;

- жануарлардың өмір сүретін ортасын, өсіп-өну жағдайын, жүретін жолдарын қалыптасқан қалпында сақтау;

- жануарлардың табиғи топтастығын бұзбай сақтау;

- жануарлардың өсіп-өнуі, оларды ұтымды пайдалану мәселелерін ғылыми негізде жүргізу;

- адамдардың денсаулығына, халық шаруашылығы мүддесіне зиян келмеуін көздеп жануарлардың санын реттеу.

Занда жануарларды мынадай қажетке пайдалану көзделген:

- аң аулау;

- балық ұстау;

- ауланбайтын аңдар мен балықтарды ұстау;

- жануарлар дүниесін ғылыми зерттеулерге, мәдениет пен тәрбие, оқыту - үйрету қажеттеріне пайдалану;

- жануарларды олардан өнім алу үшін пайдалану;

- жануарлардың пайдалы қасиеттерін (топырақты қопыстыру, табиғи ортаны тазарту, өсімдіктерді тозаңдату үшін т.б) пайдалану.

Жануарлар дүниесін қорғау үшін мынадай шаралар алынады:

- жануарларды қорғау, ұтымды пайдалану, өсіру, өндіру ережелері мен нормаларын бекіту;

- жануарлар дүниесін пайдалануға тыйым салу немесе кештеулерді белгілеу;

- өндірістік жұмыстар жүргізгенде жануарлардың өсуіне, қырылуына жол бермеу;

- қорықтар, басқа да ерекше қозғалатын территориялар ашу;

- сирек кездесетін, жойылу қаупі төнген жануарларды қолдан өсіріп көбейту;

- жануарларды зоологиялық парктерде, бұрыштарда, музейлерде көрсету үшін ұстауды азайту;

- адамдарды жануарлар дүниесіне аяныш, адамгершілік көз қарасқа тәрбиелеу;

- жануарлар дүниесін қорғау мәселелерін үнемі ақпарат құралдары арқылы насихаттап отыру.

Жаңа елді мекен, кәсіпорын, басқа да құрылыстар салғанда, жануарлар өмір сүруіне қажетті жерлеріне қол тигізбей, сол қалпында сақтау қажет. Темір, тас жолдар, құбырлар салғанда, электр тоғы жүретін сымдар тартқанда, канал, су қоймаларын қазып, бөгеттер жасағанда жануарлардың дағдалы жүретін жолдарын бұзбай, сол қалпында қалдыру қажет. Жаңа салынатын кәсіпорындар мен құрылыстар жануарлардың өмір сүру ортасына, өсіп-өнуіне, жүретін жолына зиянды болса, ондай құрылыстарды жүргізуге тыйым салынады. Ондай құрылыстарды салу, уытты химикаттар мен минералды тыңайтқыштар қолдану үшін жануарлар дүниесін қорғайтын келісімін алу керек.

Заңда төмендегі жат әрекет қылмыстар үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік белгіленген:

- пайдалануға берілген жануарларды рұқсатсыз басқаға беріп мемлекеттік меншік құқығын бұзғаны үшін;

- жануарлар өмір сүретін орта және жүретін жолдары туралы ережені бұзғаны үшін;

- аң аулау және балық ұстау ережелерін бұзғаны үшін;

- жануарларды рұқсатсыз көшіргені, басқа климатқа үйреткені және будандастырғаны үшін;

- уытты химикаттар мен минералды тыңайтқыштарды қолдану ережесін бұзып, жануарлар дүниесіне зиян тигізгені үшін;

- зоология парктеріндегі, бұрыштарындағы, музейлеріндегі немесе жабайы жануарларды ұстап шетелдерге алып кету немесе беріп жіберу ережелерін бұзғаны үшін.

Кәсіпорындар, мекемелер, жеке азаматтар ережелерді бұзып, жануарлар дүниесіне тигізген зиянының орнын толтыруға, ол үшін жұмсалған шығынды қайтаруға міндетті.

Жануарлар дүниесіне келтірілген шығын, зиян - залалдарды өтеуде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 26 наурыздағы № 281 қаулысының ролі зор. Онда бізде аз кездесетін, қырылып-жойылып кету қауіпі төнген жабайы аңдар, құстар, балықтар, тағы басқа да жануарлар дүниесінің өкілдері – түрлерінің тізбесі мен оларға келтірілген залал-

дарды өтеу мол жерлері нақтылы түрде берілген. Сондықтан да аталған өкімет қаулысының жануарлар дүниесін қорғай, көбейтуге тиетін, келтіретін ықпалы мол. Алдағы міндет – сол қаулыны барлық жерде біркелкі, бұлжытпай қолдану керек. Сирек кездесетін немесе жойылу қаупі төнген жануарлар, құстар мен балықтар түрлері халықаралық табиғат қорғау Одағының (МСОП) «Қызыл кітабына» жазылған.

Қазақстанда осындай «Қызыл кітап» 1978 жылы жарық көрді. Онда жойылу қаупі төнген омыртқалы жануарлардың 18 түрі енген, олардың 7 – сүтқоректілер, 8 – құстар, 3 – балық. Олар: Жұпар тышқан, құндыз, қарақал, барыс, гепард, құлан, қарақұйрық, қызыл жемсау қарашакөз, алтай улары, ақтырна, жорға дуадақ, орақтұмсық, жұқатұмсық жылқышы, реликт шағала, сақалта, сырдария тасбекіресі, арал албырты, шортан тәрізді ақ марқа. Мұнан басқа «Қызыл кітапта» Сирек кездесетін жануарлардың 69 түрі бар.

Қазақстан Республикасында жануарлар дүниесін қорғау, пайдалану және өніп - өсу туралы Заңның орындалуын Республиканың экология және биоресурстар министрлігі бақылайды. Оның құрамында реттеу жөнінде, аң аулау мен қорықтар жөнінде бас басқармалар құрылған. Олар жануарларды қорғау мәселесімен қатар, аң аулау, балық ұстау мөлшерін, мерзімдерін белгілейді, заңды бұзушыларды ұстап, қылмыстары жөнінде тиісті құжаттар жасап, құқық қорғау орындарына тапсырады.

Талқылауға арналған сұрақтар:

- 1. Жануарлар дүниесін қорғау және басқару органдардың қызметін атаңыз?*
- 2. Жануарлар дүниесін пайдаланушылардың ерекшеліктері қандай, түсіндіріңіз?*
- 3. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік түрлері қандай?*

15-тақырып. Атмосфералық ауаны құқықтық қорғау

- 1. Атмосфералық ауаның ұғымы, маңызы және жалпы сипаттамасы.*

2. Атмосфералық ауаны қорғаудың құқықтық негіздері және құқықтық шаралары.

4. Атмосфералық ауаны пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері

Қоршаған орта құқығының шеңберінде реттеу объектісі, жалпы ауа емес, атмосфералық ауа болып табылады. Атмосфералық ауа – бұл атмосфера газдарынан тұратын, өндірістік және басқа да үй-жайларының табиғи қоспасы болып табылатын қоршаған табиғи ортаның өмірлік маңызы бар маңызды құрамдас бөлігі. Атмосфералық ауаға сондай-ақ сығымдағыштардағы, баллондардағы және т.б. ауа жатпайды. Үй-жайлар және сыйымдылықтар ішіндегі ауаға қатысты қатынастар санитарлық, оның ішінде азаматтық, тұрғын үй заңнамасымен реттеледі. Атмосфералық ауаны басқа ауалардан айрықшалау критерийі біріншісінің табиғи ортамен байланысы болып табылады. Атмосфералық ауа табиғаттың ең негізгі өмірлік маңызы бар элементтерінің бірі болып табылады. Ең алдымен ол Жер бетінде тіршілік ету үшін қажетті оттегінің жалғыз көзі болып табылады. Ауаның адам өміріндегі ерекше маңыздылығын сипаттау кезінде адамның ауасыз бірнеше минут қана өмір сүре алатындығы баса айтылған. Атмосфералық ауа мен атмосферада жалпы басқа да экологиялық және әлеуметтік пайдалы қасиеттері көп. Ол Күн энергиясын өткізуші болып табылады, жойқын ғарыш сәулелерінен қорғайды, Жер бетіндегі климаттық және ауа-райы жағдайларының негізін құрайды. Қоғамның экономикалық қызметінде атмосфера көлік коммуникациясы ретінде қарқынды қолданылуда. Қорытындыласак, ауа – бұл адам қызметінің газ тәрізді және шаң тәрізді қалдықтарын жоюға арналған орта.

Атмосфералық ауаның құқықтық режимінің ерекшелігі оның физикалық қасиеттерінің арқасында меншік құқығының объектісі бола алмайтындығы. Бұның себебі, оған қатысты меншік иесінің дәстүрлі өкілеттіктерін қолдану мүмкін емес. Оны меншік құқығының объектісіне айналу үшін даралауға болмайды. Нақты уақытта мемлекет аумағының үстіндегі атмосфералық ауаның меншікті иесі болмаған соң, оның оған қатысты тәуелсіз құқықтары жоқ. Бұл құқықтар мемлекетке оның табиғи

табиғат ортасына жататындығынан туындайды. Кез-келген мемлекет өзінің ауа кеңістігінің шеңберінде аумақтық үстінен караушылық, мемлекеттік тәуелсіздік құқықтарының барлығын, атмосфераны пайдалануға ерекше құқықтарды пайдаланады. Атмосфералық ауа әуе кеңістігін іс жүзінде пайдалану мүмкіндігі немесе атмосфера жағдайына іс жүзінде әсер етуі шеңберінде қамтамасыз етілу керек. Белгілі-бір мөлшерде заңнаманың әрекет ету шеңбері ұшақтар және басқа да ұшатын құрылғылар жете алатын биіктік шегімен анықталады. Алайда Жердің озон қабатының жағдайына зиянды әсер жерде орналасқан объектілердегі озон бұзатын заттектерді пайдалану кезінде тигізілетіні белгілі. Антропогендік қызмет барысында атмосфералық ауаның жағдайына химиялық, физикалық және биологиялық әсерлер тигізілетіндіктен, заңнама оны қорғау бойынша тиісті қатынастарды реттейді. Қоршаған ортаның жағдайына әсер ететін физикалық (шуыл, электромагниттік) әсерлер ауа қорғау құқығының шеңберінде реттеледі.

Атмосфералық ауаны қорғаудың негізгі құқықтық құралдары төмендегілер болып табылады:

- атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі бағдарламалар;
- атмосфералық ауаның сапасын, жекелеген қайнар көз-дері жағынан рұқсат етілген шекті әсерлерді нормалау;
- атмосфераға зиянды әсерлер көздерінің орналасуын рет-теу;
- кәсіпорындардың және пайдаланылуы атмосфераның ластануына алып келетін басқа да объектілердің жобаларын экологиялық сараптау;
- атмосфералық ауаның жағдайына зиянды әсерлердің рұқсат етілген тәртібі;
- зиянды (ластайтын) заттектерді және қауіптілігі бар заттектерді мемлекеттік тіркеу;
- атмосфералық ауаға және оның қайнар көздеріне зиянды әсерлерді мемлекеттік есепке алу;
- атмосфералық ауаға зиянды (ластайтын) заттектердің шығуын, атмосфералық ауа мен оның қайнар көздеріне зиянды физикалық әсерлерді түгендеу;

- атмосфералық ауаға мониторинг жүргізу;
- атмосфералық ауаны мемлекеттік, өндірістік және қоғамдық бақылау;
- атмосфералық ауаны қорғаудың экономикалық меха-низмі;
- ҚР-н атмосфералық ауаны қорғау саласындағы заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік.

Кәсіпорындар немесе көлік құралдары атмосфераға шығаратын ластайтын заттектер, сонымен қатар адамға және басқа да объектілерге, атап айтқанда өсімдіктер және жануарлар әлеміне зиянды әсер тигізеді. Бұл жағдай адам денсаулығын және өсімдіктер мен жануарлар әлемін қорғау мүдделеріне қатысты қолданылатын атмосфералық ауа сапасын бөлек нормалаудың мағынасынан айырады. Бұндай нормалаудың мақсаттарына атмосфералық ауа сапасының ғылыми негізделген экологиялық нормативтерін белгілеу арқылы қол жеткізіледі. Атмосфералық ауаның қорғалуын нормалау мән мәтінінде ластайтын заттектер қалдықтарының техникалық нормативтерін және шекті рұқсат етілген қалдықтар нормативтерінің белгіленуі туралы талап ерекше болып табылады. Қалдықтардың техникалық нормативі – бұл атмосфералық ауаға шығарылатын зиянды (ластайтын) заттар қалдығының жылжымалы және атмосфералық ауаға шығарылатын қалдықтардың стационарлық қалдықтар көздері, технологиялық процестер, құрал-жабдықтар үшін белгіленетін және өнім, көлік немесе басқа да жылжымалы құралдар қуаты, жорығы және басқа да көрсеткіштер бірлігіне шаққандағы ең жоғарғы рұқсат етілген салмағын көрсететін нормативі. Қалдықтардың техникалық нормативтерін атмосфералық ауаны қорғау саласындағы атқару билігінің арнайы өкілді органы немесе басқа ҚР Үкіметі арнайы уәкілдік берген атқару билігі уәкілетті органы атмосфералық ауаны қорғау саласындағы атқару билігі өкілді органымен келісе отырып, атмосфералық ауаға зиянды (ластанған) қалдық шығару көздері, сондай-ақ атмосфералық ауаны ластау көзі болып табылатын көліктік немесе басқа да әр түрлі жылжымалы құралдар үшін белгілейді. Атмосфераға ластайтын заттектерді шекті рұқсат етілген шығару нормативтері қалдықтардың техникалық нормативтері мен атмосфералық ауа ортасының ластануы ескерілуі белгіленеді. Бұл жағдайда атал-

ған қалдық шығару көзі атмосфералық ауа сапасының гигиеналық және экологиялық нормативтерін, экологиялық жүйелерге салынатын шекті рұқсат етілген жүктемелерін, басқа да экологиялық нормативтерді асырмау керек. Бұндай нормативтерді атмосфералық ауаға зиянды (ластайтын) заттар қалдықтарын нақты шығару көзі және олардың жиынтығы (жалпы ұйым) үшін атмосфералық ауаны қорғау саласындағы атқару билігінің арнайы уәкілдік бекіткен өкілді органының аумақтық органы белгілейді.

Атмосфералық ауаны қорғаудың жаңа шарасы сертификаттау болып табылады. Қазақстан Республикасы аумағында отын өндіруге және пайдалануға, сондай-ақ техникалық, технологиялық қондырғыларды, қозғалтқыштарды, көліктік және басқа да жылжымалы құралдар мен құрылғыларды өндіруге және пайдалануға атмосфералық ауаны қорғау талаптарына сәйкестігін растайтын сертификат бар болған жағдайда, ғана рұқсат етіледі. Заңнамада атмосфералық ауада адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін өзгеріс пайда болған жағдайда халықты қорғау шаралары қарастырылған. Қалалық және басқа да елді мекендерде Қазақстан Республикасы субъектілерінің мемлекеттік билік органдары және жергілікті өзін өзі басқару органдары жағымсыз метеорологиялық жағдайлар кезеңінде атмосфералық ауаға шығарылатын зиянды (ластайтын) заттар пайда болғанда реттеу жұмыстарын ұйымдастырады. Жағымсыз метеорологиялық жағдайдың орын алатындығы туралы болжам жасалған жағдайда атмосфералық ауаға зиянды (ластайтын) заттектер қалдықтарын шығару көздері бар заңды тұлғалар атмосфералық ауаға шығарылатын зиянды (ластайтын) заттектер қалдықтарын азайтуға бағытталған атмосфералық ауаны қорғау саласындағы атқару билігінің арнайы уәкілдік берілген өкілді органының аумақтық органдарымен келісілген шараларын өткізуге міндетті. Аумақтық органдар аталған шаралардың өткізілуі мен тиімділігін бақылайды.

Атмосфералық ауаның жағдайы атмосфералық ауаға зиянды (ластайтын) заттектер қалдықтарының атмосфералық ауаға апаттық шығарылуынан өзгерген және адам өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда, халықты Қазақстан Республикасының халық пен аумақтарды табиғи және техногендік төтенше

жағдайлардан қорғау туралы заңнамасына сәйкес шұғыл шаралар қабылданады.

Заңнамада атмосфералық ауаны қорғаумен байланысты бірқатар тыйым салу шаралары қарастырылған: атап айтқанда, мыналарға тыйым салынған:

- атмосфералық ауаға адам денсаулығы және қоршаған табиғи орта үшін қауіптілік дәрежесі анықталмаған қалдықтар-ды тастауға;

- атмосфералық ауаны қорғаудың белгіленген заң талап-тарына сай келмейтін жаңа техниканы, технологияларды, ма-териалдарды, заттектерді және басқа да өнімдерді енгізуге, сон-дай-ақ технологиялық жабдықтарды және басқа да техникалық құралдарды пайдалануға;

- жұмыс істеуі климат пен жердің азон қабатының жағым-сыз өзгерістеріне, адамдар денсаулығының нашарлауына, өсім-діктер мен жануарлардың генетикалық қорының жойылуына, адамдар мен қоршаған табиғи орта үшін қайтымсыз салдардың орын алуына алып келуі мүмкін шаруашылық және басқа да қызметті жобалауға, орналастыруға және салуға;

- газдарды тазарту қондырғылары және атмосфералық ауаға шығарылатын зиянды (ластайтын) заттектер қалдықтарын бақылау құралдары жоқ шаруашылық және басқа да қызметтер объектілерін орналастыруға және пайдалануға;

- қалдықтарының құрамындағы зиянды (ластайтын) зат-тектер мөлшері белгіленген техникалық қалдықтар норматив-терінен асатын көліктік және басқа да жылжымалы құралдарды өндіруге және пайдалануға. Іс жүзінде аталған тыйым салулар әрдайым сақтала бермейді. Қолда бар мәліметтер бойынша тіпті қайта пайдалануға енгізілетін кәсіпорындардың өздері белгілен-ген талаптардың сақталуын қамтамасыз етпейді. Олар уақытша келісілген ластайтын заттектер қалдықтарының нормативтері негізінде жұмыс істейді, яғни атмосфера құрамындағы ластай-тын заттектердің

шекті рұқсат етілген концентрациялар норма-тивтерін біле тұра бұзуға рұқсат етіледі.

Талқылауға арналған сұрақтар:

- 1. Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы байқау және бақылау жолдарын анықтаңыз?*
- 2. Атмосфералық ауаны қорғау органдарының құқықтары мен міндеттері қалай жүзеге асады?*
- 3. Ауа -райына, климатқа ықпалды реттеу және озон қабатын қорғау жолдарын анықтаңыз?*

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нормативтік құқықтық актілер

1. ҚР-ның Конституциясы. Алматы: Юрист, 2007.- 46 б.
2. ҚР-дағы сайлау туралы ҚР-ның 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық Заңы. -Алматы: Юрист, 2005.-140 б.
3. ҚР-ның Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы ҚР-ның 1995жылғы 16 қазандағы №2529 Конституция-лық Заңы.- Алматы 2005.-136 б.

4. Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы. ҚР-ның 1996 жылғы 10 маусымдағы №6-1 Заңы. - Алматы: Юрист, 2005.-140 б.
5. ҚР-ның Азаматтық кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсан № 269-13 . -Алматы: Юрист,2005.-420 б.
6. ҚР-ның Азаматтық кодексі 1999 жылғы 1 шілдедегі №409-1 (ерекше бөлім) Алматы:Юрист,2005.-460 б.
7. ҚР-ның Азаматтық іс жүргізу кодексі(Астана,1999 жылғы 13шілде №411-1) Алматы:Юрист,2005.-230 б.
- 8."Патент заңы"1999 жылғы 16 шілдедегі №427-1 ҚР-ның Заңы. Алматы:Юрист,2005.-123 б.
9. "Неке және отбасы туралы" ҚР-ның 1998 жылғы17 желтоқсандағы №321-1 Заңы.Алматы:Юрист,2005.-230 б.
10. ҚР-ның Бюджет кодексі 2004 жылғы 24 сәуірде №548-2. - Алматы : Юрист,2005.-123 б.
11. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау туралы. Заңы 1997 жыл 15 шілде // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы.-1997 ж. №17.- №18, 213 құжаттар // Егемен Қазақстан.-2001. - 4 маусым.
12. Қазақстан Республикасының экологиялық сараптамасы туралы. Заңы // Егемен Қазақстан.- 1997.- 18 наурыз.
13. Қазақстан Республикасы Азаматтарының денсаулығын сақтау туралы. Заңы 1997 жылғы 19 мамыр //Егемен Қазақстан. -1997.-17 маусым.
14. Қазақстан Республикасы халқының Санитарлық - эпидемиологиялық саулығы туралы Заңы 1994 жыл 8 шілде // Егемен Қазақстан.-1994.- 21 шілде.
- 15.Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқару туралы Заңы. 2001 жылғы 15 сәуір.
16. Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы. Заңы, 1992 жыл 18 желтоқсан // Халық Кеңесі.-1992.-7 қаңтар.
17. Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 шілдедегі Заңы. // Халық Кеңесі.-

1992.- 15 тамыз.

18. Табиғи және техногендік сипатты төтенше жағдайлар туралы. Қазақстан Республикасының Заңы. 1996 жыл 5 шілде // Егемен Қазақстан.-1996.-12 шілде өзгерістер мен толықтырулар; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы.-1999.- 19 наурыз, №4, 101 құжат.

19. Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы. Қазақстан Республикасының Заңы. 1998 жыл 23 сәуір // Егемен Қазақстан.- 1998.- 25 сәуірі.

20. Қазақстан Республикасының Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Заңы (Салық кодексі). 2001 жыл 12 маусымы. // Егемен Қазақстан.-2001.-20 маусым.

21. Қазақстан Республикасының Стандарттау туралы, Сертификаттау туралы Заңы. 1999 жыл 16 шілде. // Егемен Қазақстан, 1999.-13 тамыз.

22. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексі, - 2001 жылдың 30 қаңтарында қабылданған.- Алматы: «Жеті-Жарғы», 2001.- 672 б.

23. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы туралы Заңы. 1997 жыл 14 сәуір. // Егемен Қазақстан.- 1997.- 17 сәуір.

24. Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар айналадағы табиғи ортаны сақтандыру жөнінде экологиялық шараларды жүргізу туралы". Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1994 жылғы сәуірдегі 16 қаулысы. // Қазақстан Республикасының ПУАЖ.-1994.-№ 1,4,134 құжат.

25. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 2000 жылдың 22 желтоқсанындағы «Соттардың қоршаған ортаны қорғау заңдарын қолдағы тәжірибесі туралы» қаулысы. // Егемен Қазақстан.- 2001.- 12 қаңтар.

26. Аудиторлық қызметі туралы. Қазақстан Республикасының Заңы // Егемен Қазақстан.-1998.-20 қараша.

27. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі. Заң күші бар "Лицензиялау туралы" Жарлығы // Халық Кеңесі.- 1995.- 29 сәуір.

28. Өрт қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 1996 ж. 22 қараша // Егемен Қазақстан.- 1996.- 29 қараша.

29. Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы Қазақстан Республика Президентінің 1991 жылғы 29 тамыздағы № 409

Жарлығы //ҚССР Жоғарғы Советінің ведомостары, 1991.-№ 33, № 35 құжат.

30. Салауатты өмір салты және дұрыс тамақтану тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің, 1999 жылғы 7 маусымдағы №710 қаулысымен мақұлданған //ҚР ПУАЖ-ы 1999.- № 26, 432 құжат.

31. Қазақстан Республикасында әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық іс-қимылдар жоспары туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 шілдедегі қаулысы. //ҚР ПУАЖ-Ы.-1999.-№35, 311 құжат.

32. Қазақстан Республикасының "Жер туралы" Кодекі.-Алматы, 2005.

33. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі туралы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 қарашадағы заңы № 7 қаулысымен бекітілген //ҚР ПУАЖ.- 1999.- №50, 480.

34. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік карантині жөніндегі комитеті туралы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 сәуірдегі №476 қаулысымен бекітілген //ҚРПУАЖ.-1999.-№15, 152 құжат.

35. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агентігі туралы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі № 481 қаулысымен бекітілген //ҚР ПУАЖ. -№15,154 құжат.

36. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті туралы Ереже. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 2 наурызындағы №347 қаулысымен бекітілген.// Қазақстан Республикасының ПУАЖ.-2000. -№ 13-14, 134 құжат.

37. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Қоршаған ортаны қорғау комитеті туралы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 ақпандағы № 260 қаулысымен бекітілген//Қазақстан Республикасының ПУАЖ.-2000.- №9-10, 100 құжат.

38. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитеті туралы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 ақпандағы №198 қаулысына қо-

сымша // Қазақстан Республикасының ПУАЖ.- 2000 ж., №5-6,47 құжат.

39. Республикалық қоршаған ортаны қорғау қоры мемлекеттік қоры туралы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 сәуірдегі №280 қаулысымен бекітілген. // Қазақстан Республикасының ПУАЖ.-1998 .-№10, 74 құжат.

40. Облыстық. (қалалық) қоршаған ортаны қорғау туралы қоры, жергілікті мемлекеттік қоры туралы үлгі. Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы сәуірдегі №-280 қаулысымен бекітілген. // Қазақстан Республикасының ПУАЖ.- 1998.- № 10, 74 құжат.

41. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 5 тамыздағы Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің Гидрометеорология және табиғи орта мониторингі агентігі туралы. Ережені бекіту туралы қаулысы. // Қазақстан Республикасының ПУАЖ.- 1997.-№36.

42. Қазақстан Республикасында Айналадағы табиғи ортаны пайдалану және қорғау жөніндегі, мемлекеттік бақылау туралы Ереже Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 18-желтоқсандағы қаулысымен бекітілген. // Қазақстан Республикасының ПУАЖ.- 1991.- №27, 186 Құжат.

43. Жер ресурстарын басқару жөніндегі Қазақстан Республикасының агенттігі туралы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 қарашадағы №1776 қаулысымен бекітілген // Қазақстан Республикасының ПУАЖ.- 1999.- №52.

44. Қоршаған ортаны қорғау: ҚР Заңы.- Алматы, 1998.-236 б.

45. Қазақстан республикасының экологиялық құқық бұзушылық кодексі.-2005.-466 б.

2. Оқулықтар және оқу құралдары

1. Байдельдинов Д.Л. Экологическое законодательство Республики Казахстан. –Алматы: «Жеты-Жарғы», 1995.-120 б.
2. Бринчук М.М. Экологическое право. Учебник.- М.: Юрист, 1998.-240 с.
3. Боголюбов С.А. Экологическое право. Учебник для вузов.- М., 1998.-340 с.
4. Ерофеев Б.В. Экологическое право. -М.:Юрист, 1998.
5. Экологическое право России. -М., 1997.-220 с.

6. Петров В.В. Экологическое право России.
7. Сагымбаев Т.К. Экология и экономика.- Алматы.: Қаржы Қаражат, 1997.-140 б.
8. Эффективность природоохранного законодательства. – Алматы, 1988.-156 с.
9. Эффективность юридической ответственности в охране окружающей среды. -М.: Наука, 2009.- 425 с
10. Тимошенко А.С. Формирование и развитие международного права окружающей среды — Алматы: Ноосфера, 1996.
11. Дубровин О.Л., Жалинский А.Э. Причины экологических преступлений. - М., 2006.-348 с.
12. Хаджиев А.Х. Земельное право: Общая часть. Алматы: Данекер, 2001.-258 с.
13. Косанов Ж.Х. Право собственности, право землепользования и иные права на землю. – Алматы: Данекер, 2001.-231 с.
14. Земельное законодательство Республики Казахстан.- Алматы: Жеті-Жарғы, 1998.
15. Алехин А.П., Козлов Ю.М. Административное право Российской Федерации.- М.: «ТЕИС», 1994.-154 с.
16. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы.- Алматы: Жеті жарғы, 1997.-230 б.
17. Таранов А.А. Местное самоуправление (Проблемы организации) Алматы: Жеті жарғы, 1997.-125 с.
18. Таранов А.А. Местное самоуправление-проблемы законодательного обеспечения //Право и государство, 1997, №6.-125 с.
19. Таранов А.А. Концепция взаимодействия местных органов государственного управления и самоуправления // Фемида, 1997, №9.
20. Стамқұлұлы.Ә. Қазақстан Республикасының экология құқығы.- Алматы: Жеті- жарғы.- 2-том .-Тараз, 2003.-320 б.
21. Чусев Р.К Экологические право.-М., 2000.-330 с
22. Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері: оқулық /Под.ред.: Баянов.Е.- Алматы, 2003.-140 б.
23. Сапарғалиев. Ф. Мемлекет және құқық негіздері.- Алматы, 2000.-326 б.
24. Международные эколого-правовое сотрудничество .- Алматы: Дәнекер, 2001.-269 с.

25. Культелеев С.Т. Практикум по экологическому праву РК.- Алматы:Данекер,2001.-349 с.
26. Бектурганов Ә.Е. Қазақстан Леспубдикасындағы жер құқық қатынастары.-Алматы:жеті Жарғы,1997.-387б.
27. Стамкулов А.С. Правовые основы охраны, воспроизводства и использование и лесного растительного мира в Республики Казахстан:учеб.пособ.-Алматы:Данекер,2000.-257 с.
28. Косанов Ж.Х. Право собственности и иные вещные права на землю.-Алматы,2000.-361 с.
29. Абдрашимов Б., Жарышхсын Е. Возмещение экологического вреда по законодательству Республики Казахстан.-Алматы: Юрист, 2001.-401 с.
30. Әбдіраимов Б.Ж. Экологиялық зиян:сипаттамасы, денсаулыққа әсері, сот арқылы өтелуі.-Алматы,2001.-321 б.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
<i>Жалпы бөлім</i>	
<i>1-тақырып.</i> Экологиялық құқығының мазмұны, тақырыбы, әдістемесі, жүйесі, қағидаттары, міндеттері мен мақсаттары.....	6
<i>2-тақырып.</i> Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігі туралы экологиялық құқығының объектілері, принциптері (қағидаттары), заңдарының міндеттері мен мақсаттары, экологиялық заңдарды жетілдіру.....	12
<i>3-тақырып.</i> Қазақстан Республикасы аумағында экологиялық құқығының пайда болуы және даму тарихы.....	20
<i>4-тақырып.</i> Табиғи ресурстарға мемлекеттік және жеке менші құқығының ұғымы және жалпы сипаттамасы.....	28
<i>5-тақырып.</i> Экология саласындағы мемлекеттік басқарудың құқықтық негіздері.....	33
<i>6-тақырып.</i> Экологиялық сараптама.....	44
<i>7-тақырып.</i> Экологиялық аудит.....	55
<i>8-тақырып.</i> Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік.....	63
<i>9- тақырып.</i> Қоршаған ортаның сапасын нормалау, стандарттау мен сертификаттаудың құқықтық негіздері.....	66
<i>Ерекше бөлім.</i>	
<i>10-тақырып.</i> Жердің құқықтық негіздері.....	77
<i>11-тақырып.</i> Жер қойнауының құқықтық жағдайы.....	88
<i>12- тақырып.</i> Су қорының құқықтық жағдайы.....	97
<i>13-тақырып.</i> Орман қорының құқықтық тәртібі.....	104
<i>14-тақырып.</i> Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдаланудың құқықтық тәртібі.....	109
<i>15-тақырып.</i> Атмосфералық ауаны құқықтық қорғау.....	117
Пайдаланылған әдебиеттер.....	123

Мукалдиева Ж.Б., Максүтова М.А.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЭКОЛОГИЯ ҚҰҚЫҒЫ**

Оқу құралы

Редакторы: Б.Е.Ахметова

Компьютерлік қалыптаушы: С.Е.Смағұлова

Көркемдеуші: А.Қалибекұлы

Басуға 10.02.2013 ж. қол қойылды. Пішімі 60 x 84/¹⁶.

Оффсеттік қағаз. Компьютерлік терілім.

Әріп түрі «Times/New Roman» Riso басылымы.

Шартты баспа табағы 8,1

Таралымы дана.

Тапсырыс №

«Қыздар университеті» баспасы .
050000, Алматы, Гоголь көшесі 116 үй

